


б 66(5К)

Р24

К Ә С І П Т І К

Б І Л І М



А. С. Рахымбаева

САЯСАТТАНУ

065(519)

Р24

КӘСІПТІК

БІЛІМ




А. С. Рахымбаева

# САЯСАТТАНУ

*Дәрістер жинағы*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
кәсіптік бастауыш және орта білім беру  
үйымдарына ұсынады



«Фолиант» баспасы  
Астана-2006

866 019 (5003) 9723

ББК 66.0Я7

Р 24

**Пікір жазғандар:**

Сарсенбаев Т. – ҚР саяси ғылымдар Академиясының  
академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор;  
Дүйсебаева М.Ж. – қоғамдық-саяси пәндер оқытушысы

Р 24 Рахымбаева А.С.

Саясаттану: Дәрістер жинағы. – Астана: Фолиант,  
2006. – 216 бет.

ISBN 9965-35-096-5


«Саясаттану» дәрістер жинағы орта көсіптік білім беретін  
оку орындарына арналған. Оқулықта саясат ғылымының  
пайда болуы мен қалыптасуы, негізгі ұғымдары, саяси  
мектептер тарихы мен саясаттың бағыттары, міндеттері  
жүйелі түрде сараланған.

Сондай-ақ жинақта Қазақстан Республикасының саяси  
жүйесі мен саяси билігі туралы мәліметтер қамтылады.

Дәріс соңында қосымша материалдар мен тест сұрақтары  
берілген.

Р 0801000000  
00(05)-06

587165



ББК 66.0Я7

ISBN 9965-35-096-5

© Рахымбаева А.С., 2006

© «Фолиант» баспасы, 2006

## Тұсінік хат

Қазіргі таңда үлкен рөл атқаратын саяси білім өр азаматтың өмір сүріп отырған қоғамдық саяси құрылышты, мемлекеттегі өз орны мен рөлін, құқығы мен міндеттерін дұрыс ұғынып, жете түсінуіне көмектеседі.

Аристотельдің пікірінше: "Саясатты білетін адам – өдемі де өмір сүре алады". Ендеше өрбір оқушыны саяси сауатты, саналы азамат етіп қалынтастыру үшін саясаттану пәнінің маңызын үгіндірудың пайдасы зор.

Өкінішке орай қазақ тілінде басылымдар аз шығарылуда. Сондықтан бірнеше саясаттанушы ғалымдардың еңбектерін негізге алып "Саясаттану" пәнінен дәрістер жинағы дайындалды. Бұл жұмыс орта көсіптік білім беру орындарын оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету мақсатында жасалған М.Н. Бағысбаеваның "Саясаттану негіздері" бағдарламасы бойынша құрылды.

Бұл бағдарламада саяси түрмисқа байланысты ең неғізгі үш құбылысқа назар аударылады. Олар: саяси үкімет; өкімет құрамы ретіндегі мемлекет; демократиялық үкіметтің дүниетанымының, идеологиясының ұтымды түрлері.

Мақсаты: оқушыларға тек теориялық білім беру емес, сонымен бірге, саяси өмірге тең құқықты азамат болып араласу үшін қажетті тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру.

Жинақ маңызды болып саналатын 12 тақырыптан тұрады. "Саясаттану" пәнінен дәрістер жинағы колледж студенттеріне арналған.

## Тақырыптардың жоспары

№	Тақырып аты	Барлық сағат саны	Дөрісі	Семинары
1.	Саяси ілім пәні, оның негізгі түсініктері мен категориялары	2	2	-
2.	Саяси ойлар және қазіргі кездегі саяси мектептердің тарихы	2	2	-
3.	Саясат	2	2	-
4.	Саяси билік	2	2	-
5.	Демократия – үкімет билігін іске асыру түрі	4	2	2
6.	Саяси жүйе. Мемлекет – оның негізгі бөлігі	4	4	-
7.	Саяси партиялар және партиялық жүйе	4	2	2
8.	Қоғамдық ұйымдар және қоғамдық қозғалыстар	2	2	-
9.	Саяси жүйедегі Адам	2	2	-
10.	Саяси өрекет мәні, мақсаттары, өдісі және амалдары	4	2	2
11.	Тоталитариzmнен демократиялық қоғамға өтудегі маңызды мөселелер	4	2	2
12.	Сыртқы саясат өрекеті және дүниежүзілік барыс	2	-	2
	Барлығы	34	24	10

## **№ 1 Дәріс**

Саяси ілім пәні, оның негізгі түсініктері мен категориялары.

**Дәріс жоспары:**

1. Саясат ғылымының пайда болуы, қалыптасуы.
2. Саясаттану сабағы және оның негізгі ұғымдары.
3. Саясаттанудың әдіс-тәсілдері мен қызметтері.
4. Саясаттанудың басқа қоғамдық ғылымдармен байланысы және оны оқып-білудің маңызы.

### **1. Саясат ғылымының пайда болуы, қалыптасуы**

Ең алғаш саясат ғылымын зерттеу сонау ежелгі дәуірден басталған. Ал теориялық жағынан зерттеу бірінші мыңжылдықтың орта кезінен басталған. Осы уақытта саяси ұғымдар пайда болған. Олар философиялық нысанда болған. Бұл Конфуций, Платон, Аристотель еңбектерімен байланысты. Олардың ойынша "саяси ғылым халықты әдемі де жақсы өмір сұруге үйретеді", – деп түсінген.

Саясаттану сөзі (политология) гректің "политика" және "логос" деген сөздерінен шыққан, яғни "саясат туралы ғылым" деген мағынаны білдіреді.

Ежелгі Шығыс, антикалық дәуірдің ойшылдары мемлекеттің, саяси биліктің мән-мағынасы неде және кімге қызмет етеді, қоғамдық құрылыштың қандай түрлері бар және олардың ең жақсысы, халыққа ең қолайлысы қайсысы деген сияқты сауалдарға жауап іздеген. Бірақ ол кездегі пайымдаулар негізінен діни-мифологиялық сарында болатын. Себебі, ертедегі адамдар жер бетіндегі өмірге құдайдың құдіретімен пайда болған жалпы әлемдік гарыштық тәртіптің ажырамас бөлігі ретінде қара-

ды. Мысалы: Мысырда (Египетте), Вавилонда (Иракта), Үндістанда, Қытайда, сол кездегі мифтарға сүйенсек, дүниенің билік көзі құдайда және ол жер бетіндегі өмірді реттеп, тындырып отырады.

Біздің заманымыздан бұрынғы мыңжылдықтың ортасында саясатты діни-мифологиялық танудың орнына философиялық-этикалық түсіну белең алды. Бұл уақыттың ойшылдары – Платон, Конфуций, Аристотель. Бұл ойшылдар саясатты теориялық тұрғыдан зерттеп, оны этикамен тығыз байланыста қарады. Олар саясатты адамдардың мақсат-мұддесіне сай келуі, адамгершілікке негізделуі тиіс деп үқты.

Ортағасырда саясаттың діни-этикалық түрі қалыптасты. Оның негізін салушы – Фома Аквинский. Ол саяси билікті құдай орнатады, бірақ мемлекет басшылары құдайдың қалауына қарсы шықса, халықтың оларды құлатуына болады деген байlam жасады.

Ал саясатты қазіргідей түсінуге үлкен үлес қосқан XVI ғасырда өмір сүрген Италияның ойнилы Никколо Макиавелли. Ол саясатты құдайшылдық (теологиялық) түсіндіруден арылтып, саяси ойды қоғамдағы табиғи өмірден туған мәселелерді шешуге бейімдейді. Саяси зерттеудердің өзегі етін мемлекеттік билікті алды және оны қалай қолға түсірудің, пайдаланудың сан түрлі өдіс-төсілдерін көрсетті. Осы негізде саясаттануды біздің қазіргідей түсінуімізге жол ашылды.

Капитализм уақытында саясаттану теорияларын Дж. Локк, Ш.Л. Монтескье, Ж.Ж. Руссо, Т. Джефферсон, Т.Пейн, И.Кант, Гегель сынды көрнекті ғалымдар негіздеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында саясаттану пән ретінде қалыптасты. 1857 жылы АҚШ-тың Колумбия коллежінде профессор Фрэнсис Либер "Тарих және саяси ғылым" деген кафедра ашты. Соның негізінде 1880 жылы саяси ғылымның жоғары мектебі құрылды. 1872 жылы Францияда мемлекеттік аппаратта арнайы қызметкерлер дайындастын саяси ғылымдар мектебі жұмыс істей

бастады. 1889 жылы Американың саяси және өлеуметтік ғылымдар Академиясы, 1903 жылы Американдық саяси ғылымдар ассоциациясы құрылды.

Ең алғашқы саяси кафедра 1662 жылы Швецияның Упсаль университетінде құрылған. Нағыз ғылым ретінде "Саясат" XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында қалыптасты. Батыс Еуропа мен АҚШ-та кең тарады.

Бұл ғылымның халықаралық мөртебе алып, толық-қанды қалыптасуына 1949 жылы ЮНЕСКО-ның басшылығымен құрылған саяси ғылымдардың халықаралық ассоциациясы маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі таңда АҚШ-тың, Шығыс елдерінің барлық жоғары оқу орындарында саясаттану жеке пән ретінде оқытылады, әлемнің ең ірі университеттері саясаттанушы мамандар дайындайды.

Бұрынғы КСРО-да 80-жылдарға дейін саясаттанудың ғылым ретінде мөртебесі болған жоқ. Қайта құру жылдарынан бастап қана саясатқа деген көзқарас өзгере бастады.

1989 жылдан бері Жоғары Аттестациялау Комиссиясында саясаттанудан экспертиқ-сарапшылық кеңес жұмыс істей бастады. 1990 жылы КСРО-ның ғылым және техника саласы бойынша мемлекеттік комитеті "Саяси ғылымдар" деген атпен саяси ғылым қызметкерлерінің тізімін ресми турде бекітті. 1989-1990 оқу жылдарында Балтық бойы елдерінде, 1990 жылдан бастап ТМД-ның басқа елдерінде саясаттану оқытыла бастады. Қазір Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында дерлік бұл ғылым жеке пән ретінде өтілуде. Сонымен қатар, мемлекет саясаткер-политолог мамандығын мойындалап, жоғары оқу орындарында бұл сала бойынша мамандар дайындаі бастады.

## 2. Саясаттану сабары және оның үғымдары

Саясаттану сабағының ғылым ретіндегі өзіндік обьектілері бар.

Мұнда тек саясатқа қатысты мәселелерға нақарастырылады. Саясаттануғының ретінде екі жақтылық:

1. Теориялық.
2. Тәжірибелік.

Теориялық жағы: ғылыми мәселелерді, саяси ғылым міндеттерін, саяси мақсат қою анықтамаларын, саяси даму процестерін, саяси өдістерді зерттейді.

Тәжірибелік жағына: үлгілер, принциптер, саяси технологиялар жатады. Саясаттану үлкен ғылым болғандықтан, оның мәселелері де жетерлік: саяси тарих, саяси институт, партия, топ, қоғамдық ой, халықаралық қатынастар, т.б.

Қазақстанда саяси ғылым туралы диссертациялар төрт пән бойынша қорғалады:

1. Ереже. Саяси ғылым тарихы. Саяси партия. Саяси қозғалыс.
2. Саяси институт пен процесс.
3. Саяси мәдениет пен идеология.
4. Саяси халықаралық құрылым мәселелері.

Саясаттану пәні қоғамның саяси саласын, оның даму заңдылықтарын, қазіргі саяси өмірді ұйымдастыруды, басқаруды, оның құрылышы мен жұмыс істеуін зерттейді. Бұл пән адамзаттың демократиялық қоғамдағы құқығы, еркіндігі мен міндеттері, жеке адамның саяси-құқықтық жағдайы, оның саяси өмірге қатынасу тәсілдері, саяси өзгерістердің түрлері, саяси мәдениетті қалыптастырудың мазмұны мен жолдары, қазіргі замандағы сан түрлі саяси идеялық көзқарастар, жаңаша саяси ойлаудың мәні, қазіргі дүниежүзілік дамудың қозғаушы күштері туралы түсінік береді. Ол бұрынғы және қазіргі саяси жүйелерді, адамның санасындағы, көзқарасындағы, мақсат-мұддесіндегі және мінез-құлық, іс-әрекетіндегі саяси өзгерістерді қарастырады. Ол бір жағынан, жиналған де-ректерді қорытады, екінші жағынан, құбылыстардың өзара ұқсастығы бойынша болашаққа болжам жасайды.

Сонымен саясаттану дегеніміз – саясат туралы, саясаттың адам және қоғам арасындағы қарым-қатынастары туралы жинақталған ғылым.

### **3. Саясаттанудың өдіс-тәсілдері мен қызметтері**

Саясатану саяси құбылыстар мен өзгерістердің мән-мағынасын түсінін-білу мақсатында бірнеше өдістерді пайдаланады. Әдіс деп зерттеу жүргізуді үйымдастыру тәсілін айтады. Оларға салыстырмалы жүйелеу, социологиялық, тарихи, бихевиористік, нормативтік және т.б. өдістер жатады.

Салыстырмалы өдіс – әр түрлі елдердегі саяси құбылыстарды салыстырып, олардың жалпы жақтарын және жеке ерекшеліктерін ажыратуға мүмкіндік береді. Ол елдегі саяси тұрақтылық пен саяси жағдайды бағалауға, соның негізінде нақтылы саяси шешімдер қабылдауға көмектеседі. Бұл өдістің, өсіресе қазіргі Қазақстан Республикасында алатын орны зор. Себебі, жүргізіліп жатқан саяси реформалардың табысты болуы көбіне басқа елдердің озық тәжіриbesін тиімді пайдалануға байланысты болмақ.

Жүйелеу өдісі – саяси құбылыстарды басқа күрделі құрылымның бір бөлігі ретінде қарап, оны құрайтын элементтердің әлеуметтік өмірдегі орнын, қызметін айналдағы оргамен, басқа құбылыстармен байланысты зерттейді.

Социологиялық өдіс – саясатты қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік құрылымы мен мәдениеті және т.б. жағдайына байланысты анықтайды.

Тарихи тәсіл – саяси құбылыстарды заманына қарай, бұрынғы, қазіргі және болашақтағы байланысын айқындей отырып қарастырады. Ол әр түрлі саяси оқиғаларды, процестерді, деректерді олардың болған мезгілін еске ала отырып танып-білуді талап етеді.

Бихевиористік өдіс – жеке адамдар мен топтардың іс-әрекетін, белгілі бір саяси жағдайларда өздерін қалай үстауын талдауға негізделеді. Бұл өдісті жақтаушылар саяси қызметтің барлық түрлерін адамдардың іс-әрекеттерін талдау арқылы түсініп-білуге болады дейді.

Нормативтік өдіс – қоғамдық иғлік қамтамасыз етептің немесе өуел бастан адамға тән табиғи құқықты іске

асыруға барлық мүмкіндікті жасайтын саяси құрылыштың түрін іздейді.

Диалектикалық-материалистік өдіс – табиғаттағы, қоғамдағы және санадағы құбылыстар мен процестерді бірімен-бірі тығыз байланыста және үздіксіз даму жағдайында болады деп санайды.

Қазіргі демократиялық мемлекеттерде саясатқа байланысты мәселелерді зерттегендеге басқа да әдістерді қолданады.

Қай ғылым болмасын белгілі бір қызметтерді атқарады.

1. Танымдық қызмет – саяси білім қоғамдағы оқиғаларды танып-білуғе, олардың саяси мәнін түсінуге және болашақты болжауға мүмкіндік береді.

2. Бағалау қызметі – саяси құрылышқа, институттарға, іс-әрекеттөрге және оқиғаларға саяси баға береді.

3. Реттеушілік, басқару қызметі – адамдардың саяси өмірінде өзін-өзі ұстаудына, іс-әрекеттіне тікелей өсер етеді. Саяси дамудың үрдіс, бағдарын бақылай отырып, саясаттану қоғамдық оқиғаларды тиімді басқару үшін нақтылы мәлімет, мағлұматтар береді.

4. Болжау қызметі – ол белгілі бір саяси жағдайларда алдыңғы қатарлы, озық саяси өзгерістер жасауға бағытталған ғылыми негізделген болжаумен аяқтайды. Саяси ғылымның түпкілікті мақсаты да сонда.

#### **4. Саясаттанудың басқа қоғамдық ғылымдармен байланысы және оны оқып-білудің маңызы**

Саясаттану басқа қоғамдық ғылымдармен тығыз байланыста болады.

Саясаттану ең алдымен фәлсафамен тығыз байланысты. Фәлсафа – табиғат, қоғам және таным дамуының неғұрлым ортақ заңдылықтары туралы ғылым. Ол тіршіліктің түпкілікті себептерін, рухани байлықтардың негізінде не жатқанын ашып, дүниеге тұтас көзқарас туғызаады. Сондықтан ол басқа пәндер сияқты саясаттануға жал-

пы әдістемелік ғылым болып келеді. Ол саясатты фәлса-  
фалық түрғыдан дәлелдейді, саяси құбылыстар мен про-  
цестерді талдауға дүниетанымдық бағдар береді.

Сонымен қатар саясаттану экономикалық теориямен  
де өзара байланысты. Саяси экономия саяси процестерді  
экономикалық түрғыдан дәлелдей отырып, ол процестер-  
дің негізінде өр түрлі өлеуметтік топтардың өз мүдделе-  
рін жүзеге асыру үшін күресіп жатқанына көз жеткізеді.

Саясаттану құқықтық ғылыммен де тығыз байланыс-  
ты. Құқық адамдардың қоғамдағы қатынастары мен төр-  
тібін, іс-әрекетін реттейді. Ол саяси шешімдерді дайын-  
дап, іске асырудың құқықтық тетіктерін көрсетеді, құ-  
қықтық және мемлекеттік нормалар мен институттар-  
дың қысқан, түйіскен жерлерін қарастырады, реттейді.

Келесі саясаттануға жағын ғылым – өлеуметтану. Сая-  
саттану саясатты белгілі бір заңдылықтарға бағынып, іс  
жүзінде белгілі бір принциптерді жүзеге асыратын, да-  
мып, әзгеріп отыратын процесс ретінде қарайды. Ал өлеу-  
меттану оған процесс ретінде емес, адамдық өлшем ретін-  
де қарап, өлеуметтік ортаның саяси салаға өсерін зерт-  
тейді.

Саясаттану тарихпен де байланыста болады. Ол жүйе-  
лі, дәйекті түрде оқиғаның болған уақытына байланысты  
саяси институттар мен идеялардың дамуы туралы дерек-  
терді жинап, суреттейді.

Әкімнілік экономикадан нарықтық шаруашылыққа,  
тоталитарлық жүйеден демократиялық құқықтық мем-  
лекет құруға өту жүртшылықтың саяси мәдениетін түбе-  
гейлі өзгертуді талап етеді. Саяси білім саяси шыдамды-  
лықты, келісімге, ымыраға келуге дайын болуды, өрке-  
ниетті және заң шеңберінде, демократиялық институт-  
тар арқылы өз мүдделерін білдіріп қорғай білуді, өлеу-  
меттік шиеленістердің алдын алып, немесе оларды бейбіт  
түрде шешу сияқты қасиеттерді қалыптастырады.

Саяси білім азаматтарға қоғамдағы құқығы мен мін-  
деттерін дұрыс үғынып, жете түсінуге көмектеседі. Оның  
мақсаты – адамды күрделі өлеуметтік-саяси жағдайда

лайықты жөн таба білуғе, басқа адамдардың мүдделері мен құқығын сыйлай отырып, өз мүддесін қорғай білуғе үйрету, сонымен қатар ол азаматтарды демократиялық тәртіпті жөне оны қамтамасыз ететін мемлекеттік, қоғамдық үйымдарды сыйлауға тәрбиелейді.

Біздің заманымызда қандай көсіппен айналысқанына қарамастан, саяси білім мен мәдениет дара өкімшілікке негізделген үкімет жүйесінен, қатал, деспоттық басқарудан, адамгершілікке қарсы, мемлекеттік жөне қоғамдық үйымдастырудың экономикалық тиімсіз түрлерінен сақтандырады.

Қорыта келе, саяси білім өр азаматқа үкімет көлемінде өз қызығушылығын қалай қанағаттандыру керек екендігін үйретеді.

## №2 Дәріс

### Саяси ойлар және қазіргі кездегі саяси мектептердің тарихы

#### Дәріс жоспары:


1. Саяси ойлардың даму кезеңдері.
2. Ертедегі дүниеде саяси ойдың қалыптасуы.
3. Ортағасырлық саяси ойлардың дамуы.
4. Қайта өрлеу және "Ағарту" дәуіріндегі саяси ойдың ерекшелігі.
5. Жаңа және жаңаша дәуірдегі саяси ойлар.
6. К.Маркс пен Ф.Энгельстің саяси идеялары.
7. В.И.Лениннің саяси теориялық көзқарастары.
8. Қазақ жеріндегі ойшылдар.
9. Қазіргі кездегі саяси ілім.

#### 1. Саяси ойлардың даму кезеңдері

Саясатқа деген көзқарас өрбір тарихи дәуірде өзгеше болған. Олар өзінше ой жүгіртіп, өзінше баға берген. Қай

заманның ойшылы болмасын ойландыратын бір ғана мәселе – халықты бақытты ету жолдарын іздеу. Оны өр ойшыл өзінше пайымдап, өзінше шешті. Жалпы саяси ойдың даму кезеңдері мен ойшылдарын былай топтауға болады:

Ерте дүние	Конфуций, Будда, Заратустра, Иеремия, Пифагор, Демокрит, Платон, Аристотель.
Ортагасырлық	А.Августин, Ф.Аквинский, М.Лютер.
Қайта өрлеу	Н.Макиавелли, Томас Мор, Т.Кампанелла, Т.Гоббс, Д.Уинстенли, Джон Локк.
«Ағарту»	Ш.Монтескье, Вольтер, Ж.Ж.Руссо, Д.Дидро, К.Гельвеци, Ж.Ламетри, Ж.Мелье, Морелли, Г.Мабли, Р.Н.Радищев.
Жаңа және жанаша уақыт	И.Кант, И.Фихте, Ф.Шеллинг, Г.Гегель, К.Сен-Симон, Ш.Фурье, Р.Оуэн, Н.Чернышевский, А.Герцен, В.Белинский, Н.Добролюбов, К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И.Ленин. Қазак ойшылдары.
Қазіргі заман	Социал-демократиялық саяси доктриналар. Буржуазиялық саяси доктриналар. Діннің саяси қырлары. Саяси экстремизмнің доктриналары.



## 2. Ежелгі дүние дәуіріндегі саяси ойдың қалыптасуы

Азамат қоғамы сияқты, ғылым мен білім, мәдениет пен өдебиет әр елде әр қылыштың да жаңылықтары. Олардың саяси идеялары да сан түрлі болған.

1. Билік пен өкімет қатынастарының діни қағидалары мен шектелген идеялары (Египет, Қытай, Үнді, Вавилон, Израиль, Персия, Грекия, Рим).

2. Саяси құқықтық пайымдаулардың келесі жетілу кезеңі б.з.д. I м.ж.

3. Саяси-құқықтық идеялардың Грекияда, Шығыс елдерінде қалыптасуы.

4. Саяси философияның пайда болуы б.з.д. IV-V ғ.ғ. Платон.

5. Жоғары мұратты мемлекет теориясының қалыптасуы.

6. Эр түрлі нысандағы мемлекеттік құрылышты теориялық жағынан жіктеу (Аристократия, олигархия, тирания, демократия).

7. Саясат туралы ілімнің негіздері – адамдарды басқарудың өнер ретінде саналуы.

8. Саяси ғылымды жеке-дара пән ретінде қарастыру (Аристотель б.з.д. IV ғ.).

9. Саяси өділеттілік үғымының пайда болуы.

10. Мемлекетті табиғи дамудың жемісі ретінде бағалау.

11. Жеке адамға қарағанда мемлекеттің біріншілігі, мемлекеттік мұдделердің басымдылығы жөніндегі пайымдаулар.

12. Саясатты ғылыми өдіспен зерттеудің қалыптасуы: құрделінің элементтерге бөлшектенуі, салыстырмалы-тарихи пайымдаулар.

Ежелгі дәуірдегі саяси ғылымға мол мұра қалдырған ежелгі грек ойшылы Платон, ол б.з.б. 427-347 жылдарда өмір сүрген. Шын аты Аристокл. Спортпен кеп шұғылданғандықтан, жауырыны кең болыпты. Сондықтан "плот-

"плотный" Платон атанаң кеткен. Осы атымен тарихта мәңгілік қалды.

Платон атақты ғалым Сократтың мектебінде оқиды. Кейін Афинауда өз академиясын ашады. Платонның екі жүзге тақау еңбектері бар. "Мемлекет", "Зандар", т.с.с. саясатқа байланысты шығармалары бар.

Платонның ойынша, қажеттілік мемлекетті тудырады. Себебі, біреу егіншілікпен, біреуі мал шаруашылығымен, енді біреу қолөнермен айналысады. Кейін өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін айырбас жасайды. Халық тек бірігіп қана өмір сүре алады деген. Платон адамдарды үш топқа бөлген.

### 1. Экімдер.

### 2. Қорғаушылар.

### 3. Өндірушілер.

Әкімдер – табиғи жаратылышынан шындықты, ақиқатты танып біле алатын адамдар болуы керек деген.

Қорғаушылар – мемлекетті қорғайды.

Өндірушілер – мемлекетті материалдық жағынан қамтамасыз етіп отырады. Бір таптың екінші тапқа өтуіне болмайды. Әркім өз міндетін атқарады. Ешкім бай-кедей болмағанын қалады деген. Сонымен қатар Платон қоғамдық меншікті қолдады. Ал жеке меншіктің болуы талас-тартыс туғызады деп түсінді. Мұнда әкімдер мен қорғаушылардың мүддесі ортақ болса, ортақ иғлік үшін адал еңбек етеді деп айтқан, яғни барлығының ортақ болғанын жөн көрді. Оларды мемлекет қорғайды деп түсінген.

Платон мемлекеттік құрылышты беске бөлді:

1. Аристократия – мемлекетті ақсүйектер билейді.

2. Тимократия – мемлекеттік билік бір адам қолында болады.

3. Олигархия – мемлекет азғантай топ қолында болады.

4. Демократия – мемлекет халықтың қолында болады.

5. Тиранния – мемлекет күшпен басып алушы қолында болады.

Платонның ойынша, бұлардың ішінде ең тиімдісі – аристократиялық мемлекет түрі. Мұнда ақыл-естілік, парасаттылық билейді, оның принциптері – адамгершілік, абырай, ар-намыс деп саналады.

Ежелгі Рим ойшылы Марк Тулий Цицерон (б.з.д.106-43) саяси даму тарихында айтарлықтай із қалдырган.Оның "Мемлекет туралы", "Зандар туралы", "Міндеттер туралы" деген еңбектері бар.

Цицеронның ойынша, мемлекет меншікті қорғау, адамдардың бірігіп өмір сүруғе тырысатын табиғи тала-бынан туады. Мемлекетті үшке бөлген:

1. Патшалық билік.
2. Аристократия.
3. Демократия.

Цицерон мұліктік теңдік идеясына қарсы болды, қоғамдық саяси қатынастарда өлеуметтік жіктелу мен тең-сіздікті әділеттілік деп санады.

### 3. Ортағасырлық саяси ойлардың дамуы.

Ортағасыр ойшылдарының саяси идеялары

1. Феодалдық, теологиялық идеологияның үстемдігі.
2. Мемлекет алдындағы шіркеудің беделінің негізде-луі.
3. Табиғат пен қоғамның зандары – мақсатқа жетудің ережелері(Ф.Аквинский XIII ғ.)
4. Мемлекеттің діни мәнінің тұжырымдамасы: әлем-дік тәртіпті құдай жаратқан.
5. Өкіметті сезсіз тындау, келісімділік уағызы. Деген-мен, адамдар жаратқанның алдында да, жер бетінде де тең.
6. Шіркеудің рухани диктатурасымен күрес, саяси құ-рылысты өзгерту үшін зорлықты жоққа шығару.
7. Орыс мемлекетінің тәуелсіздігі мен патша үкіметі-нің үстемдігі туралы идеялар.

Ортағасырда феодалдық қоғамның орны ерекше болды. Батыс Еуропада феодализм мың жылдан астамға со-зылды. Бұл уақытта дін үстемдік етті. Патша шіркеуғе бағынышты болуы керек деді, ал ақсүйектер көнгісі кел-меди.

Бұл кезде христиан дініне зор еңбек сіңірген Аврелий Августин (354-430) еді. Ол христиан фәлсафасының негіз-

гі қағидаларын зерттеп, жетілдірді. Оның саяси көзқарасы "Құдай қаласы туралы" деген еңбегінде баяндалған.

Августин барлық әлеуметтік, мемлекеттік және құқықтық мекемелер мен заңдарды адамның күнөсінің нөтижесі деп санады. Құдай адамға еркіндік береді, яғни адамдардың құдай жолымен өмір сұруғе мүмкіндігі бар. Осыған байланысты адамдарды екіге бөлген:

1. Құдай жолымен өмір сұрушілер – болашақта құдаймен мәңгілік патшалық құрады.

2. Адам жолымен өмір сұрушілер – жын-шайтаннан мәңгілік жапа шегеді.

Христиан дінінің саяси теориясын негізден, шынына жеткізген монах **Фома Аквинский (1225-1274)** болды. Оның "Билемшілердің басқаруы туралы", "Психологияның жиынтығы" деген еңбектері бар. Оның ойынша, жалғыз адам өз мұқтаждығын, қажеттігін жеке-дара қанағаттандыра алмайды. Сондықтан бірігіп өмір сұру үшін мемлекет керек. Мемлекеттік биліктің мақсаты – "ортак игілікке жету", адамдарға лайықты, ақылға сыйымды өмір сұруғе жағдай жасау, барлығы жоғары тапқа бағынуы керек деп санаған.

Ф.Аквинскийдің ойынша, билік құдайдың құдіретімен орнайды. Сондықтан патшалық билік діни билікке бағынуға тиіс. Аспанда – құдай, жерде – Рим папасы билік етуі керек деген.

#### 4. "Қайта өрлеу" және "Ағарту" дәуіріндегі саяси ойдың ерекшеліктері

Қайта өрлеу дәуірінің ерекшеліктері:

1. Саяси ғылымның теологиядан оқшаулануы, мемлекеттің пайда болуының табиғи идеяларын негіздеу.

2. Мемлекет туралы жүйелі ілім қалыптастыруға үмтілу, "Мемлекет" деген үғымды енгізу.

3. Буржуазиялық мемлекеттің абсолютизмнен республикаға дейінгі формаларын тұжырымдау.

4. Буржуазиялық саяси-құқықтық ойлардың пайда болуы.

5. Азаматтық қоғам және қоғамдық келісім теориясының, өкіметті бөлісу принципі туралы ілімнің қалыптасуы.

6. XVI ғасырдағы алғашқы утопиялық социализм және XVII-XVIII ғасырлардағы синшыл утопиялық социализм.

7. Қоғамдық дамудың, білімнің, ақыл-ойдың рөлін дөріптеу.

8. Гуманизм, адам құқы мен бостандығы идеяларын жарай ету.

9. Саяси басқару нысандарының ауысу заңдылықтары мен өлеуметтік күресті мойындау – саяси өзгерістердің қозгаушы күші.

Феодализм ыдырап, капитализм орнай бастады. Католик шіркеуінің озындығы мен оның діни қағидалары на қарсы шыққан халық адам құқығын, ар-намысын қоргауға үмтүлді. Бұл уақыт "Қайта өрлеу" немесе "Гуманизм" деп тарихқа енді. Реформациялау, яғни шіркеуді өзгерту, демократияландыру басты мақсат болды. Бірақ гуманисттер халыққа сенбеді.

"Қайта өрлеу" дөуірінің негізін салушы Николло Макиавелли (1469-1527) болды. Оның "Патша", "Тит Ливийдің бірінші онкүндігі жайлар", "Флоренцияның тарихы", т.с.с. еңбектері болған.

Макиавелли дінге қарсы болды. Тұңғыш рет мемлекет үйімін енгізді. Макиавеллидің ойынша, мемлекет – басқарушы мен бағынушының қарым-қатынасы. Ол Республикалық мемлекетті, еркіндікті, тендердің аңсады. Мемлекет ерікті болсағана, қуатты, абыройлы болады деп сенді. Мақсатқа жету үшін амал, айланың қайтүрін болсын қолдануды сурады.

## 5. Жаңа және жаңаша дөуірдегі саяси ойлар.

Жаңа және жаңаша дөуірдегі идеялар

1. XVIII ғ. аяғы – XIX ғ. басындағы "Философиялық революция"; И.Кант, И.Вихте, Ф.Шеллинг, Гегельдің сая-

си ілімі; азаматтық қоғам, мемлекет, үш ұқмет, тәуелсіздік, әлемдік Рух;

2. Сыншыл утопиялық социализм – Сен-Симон, Ш. Фурье, Р. Оуэн; капитализмді құрт сынау, қоғамдық меншіктің пайдасына бола жеке меншікті жоққа шығару, еңбек басты тұтыным, жеке адамның дамуы, революцияны жоққа шығару.

3. Революциялық-демократиялық утопиялық социализм – Н. Чернышевский, А. Герцен, В. Белинский, Н. Добролюбов. Қоғамды революциялық жолмен жаңартуды қолдау, халықтың күшіне сену, орыс шаруаларының қауымдастығы негізіндегі социализм.

4. Марксизм-ленинизм – К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин. Капитализмнің тарихи күйреуінің сөздігі және комунистік қоғам құру. Әлеуметтік социалистік революция және социализм теориялары. Әлемдік революциялық процесс. Социализм құрылышының жолдары.

Жаңа заман XVII ғасырдағы Англиядағы буржуазиялық революция түсында басталды.

Бұл дәуірдің көрнекті өкілдерінің бірі – ағылшын ойшылы Томас Гоббс (1588-1679). Оның ойынша мемлекет жалпыға бірдей бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін керек. Адамдар өз тілектері мен еріктерін шектеп, барлық билікті мемлекетке береді.

Францияда буржуазиялық революцияның өкілі Шарль Луи Монтескье (1689-1775) өр халықтың адамгершілік бейнесін, оның заңдарының айырмашылығын, қоғамның дамуын географиялық ортамен байланыстырды. Мемлекет азаматтарды тіршілікке қажетті қаражатпен қамтамасыз етуге міндетті деген ұстанымда болды.

Францияның тағы бір ойшылы – Жан-Жак Руссо (1712-1778) ұсақ буржуазияның, шаруалардың мұддесін қорғады. Ол еркіндік пен тенденциялардың жоғары игілік деп санады. Мемлекет шектен тыс байлық пен кедейлікке жібермей, адамдар арасында тенденциялардың сақтауы керек.

Американың ойшылы Томас Джейферсон (1743-1826). Ол Америка Құрама Штатының "Тәуелсіздік декларация-

сын" жазды. Декларацияда: "...адамдардың табиғи құқығы мемлекет белгілеген заңдардан жоғары тұруы керек. Жаратушы барлық адамдарды тең етіп жаратты және олардың өмірге, бостандыққа, бақытқа тырысуына құқығы бар", – делілген.

Келесі ойшыл – Томас Пейн (1737-1809). Ол Америка халқын азаттық құреске шақырды. Ол бірінші болып қоғам мен мемлекетті ажыратты. Оның ойынша, мемлекетті қоғам тудырды. Үкіметтің мақсаты – қауіпсіздікпен бостандықты қамтамасыз ету. Пейн соғысқа қарсы болды, бейбітшілікті жақтады.

Германияның ойшылы – Иммануил Кант (1724-1804). Оның "Космополиттік көзқарас жөніндегі жалпы тарихтың идеялары", "Өмірлік бейбітшілікке" деген еңбектері бар. Оның ойынша, адам бір іс бастағанда өнегелік, адамгершілік заңын басшылыққа алу керек. Ол басып алушылықты, тонаушылық соғысты, оған дайындықты әшкере леді. Мемлекеттер арасындағы халықаралық сауда мен өзара қарым-қатынасты бейбітшілікті орнату мен сақтаудың құралы деп білді.

Пролетариат құресінің алғашқы кезеңінде Сен-Симон, Фурье, Оуэн сияқты социалист-утопистер болды. Әркім өз қабілетіне қарай еңбек ету, ақы алу сияқты пікірлер айтты. Олар материалдық игіліктерді өділ бөлу мәселесіне баса назар аударды.

## 6. К.Маркс пен Ф.Энгельстің саяси идеялары

1. Капиталистік қоғамды жою туралы қажеттілік.
2. Коммунизмді құру идеясы.
3. Саясат туралы жалпы теориялық және методологиялық ойлары.
4. Тап құресі, пролетариаттың тарихи міндеті және оның одактар туралы пікірлері.
5. Мемлекет, пролетариат диктатурасы туралы тұжырымдама.

6. Жұмысшы табының азаттық күресінде коммунистік партияның жетекшілік рөлі.

7. Пролетариаттар күресінің стратегиясы мен тәсілдері жөніндегі принциптері.

8. Фылыми социализмің, коммунистік қоғамның негізгі белгілері, мәні, сипаты туралы қағидалары.

9. Соғыс және әскер, революция жеңістерін қорғау тұрғысындағы саяси ойлар.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы буржуазиялық қоғамның таптық күресінің шиеленісе бастауы марксизм теориясын тудырды.

**К.Маркс (1818-1883)** философия мен саяси экономиада жаңалық ашты: өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар салдарынан қактығыс туып, аяғы социалистік революцияга айналады, басты рөлде – пролетариат болады, олар шаруамен одактасуы қажет деді.

К.Маркс пен Ф.Энгельс пролетариат диктатурасы туралы ілімді дүниеге әкелді. Ал басшылық жасаушы – коммунистік партия болады деген тұжырымдама жасады.

## 7. В.И.Лениннің саяси теориялық көзқарастары.

### В.И.Лениннің идеялары

В.И. Ленин тәмендегідей идеялар ұсынды:

1. Жаңа тұрпатты саяси партия туралы ілім.

2. Жұмысшы табының одактары туралы марксік идеяларды жаңа жағдайға байланысты тұжырымдауы.

3. Социалистік революцияның лениндік теориясы.

4. Жаңа саяси жағдайда коммунистік партияның стратегиясы мен тәжірибесін ұсынуы.

5. Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы, империализм туралы пікірлері.

6. Пролетариат мемлекетінің ұлт саясаты жөніндегі теориялары.

7. Социализм тұжырымдамасының негізгі бағыттары.

В.И.Ленин (1870-1924) К.Маркс пен Ф.Энгельстің ізбасары болды. Ол капитализм дамуының империалистік сатысының заңдылықтырын зерттеді. Жаңа тұрпатты партия туралы ілімді жасады және соның үйымдастырушысы болды. Жаңа қоғам құру ісін Ленин елді индустрияландырумен, ауыл шаруашылығын кооперациялаумен және мәдени революцияны жүзеге асырумен байланыстыруды. Марксизм-ленинизм идеясы коммунизм кезінде мемлекет, саясат болмайды деп үқтеді.

## 8. Қазақ жеріндегі ойшылдар

Қазақ халқының рухани мұрасы да саяси ой-пікірлерге бай. Қазақтың алғашқы философы, өлеуметтанушысы, математигі, физигі, астрономы, ботанигі, логика және тіл маманы, музыка зерттеушісі Әбу Насыр Мұхаммед Ибн Тархан әл-Фараби 870-950 жылдары өмір сүрген. Ол екінші Аристотель атанған. Барлығы 160-тан астам трактат жазған. "Бақытқа жету жолдары", "Саясат туралы", "Азаматтық саясат" деген еңбектері бар.

Әл-Фараби басқару түрін екіге бөлген:

1. Қайырлы – халықты бақытқа апарады.
2. Қайырымсыз – мұнда теріс әрекеттер болады.

Әл-Фарабидің айтуынша, адам бақытты болуға лайықты, сондықтан сол ол бақытын табуға тиіс. Оған ол тынымсыз еңбек арқылы ғана жетуге болады дейді. Ұлы да на халықтар достығын қолдады.

Қазақ даласындағы ойшылдардың бірі – Жүсіп Хасхаджиб Баласагұни (1021-1075). Ол ақын, философ, қоғам қайраткері болған. "Құтадғу білік" (Құтты білік) деген дастаны бар. Ол түрік тілінде жазылған. Мұнда адамның тағдыры, қоғамдағы орны мен рөлі, халықтың санасы, әдет-ғұрпы, т.с.с берілген. Өмірден өділ занды, еркіндікті аңсаған.

Қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған хандар да бар. Олар Қасым, Есім, Тәуке хандар. "Қасым хан-

ның қасқа жолы", "Есім ханның ескі жолы" деп халық олар жасаған зан, тәртіптерді көпке дейін ұмытпаған.

Ал Тәуке хан "Жеті жарғы" деп аталған қазақ əдеп-ғүрып заңдарының жиынтығын жасады. Мұнда құқықтық тәртіп пен мемлекеттік құрылымының негізгі принциптері айқындалды. Ол "Халық кеңесі" мен "Билер кеңесін" тұрақты орган ретінде қалыптастырып, рөлін артырады. Тәуке хан қазақ қоғамына түбегейлі өзгерістер әкелген ірі реформатор болды.

Қазақтың белгілі ойшысы – Шоқан Үәлиханов (1835-1865). Ол ғалым, ағартушы-демократ, саяхатшы, этнограф, зерттеуші. Халықты патша-шенеуніктері мен жергілікті байлардың зорлық-зомбылықтарынан қорғауды, қолынан келгенше оның рухани және мәдени өркендеуіне ықпал жасауды өзінің мақсат-мұддесі деп білді. Шоқанның ойынша, халықты қанаудан құтқару үшін билікті жою керек, сонда ғана халық бақытты болады. Қазақ еліндегі тәртіпті өзгертудің жолдарын іздеді. Қоғамдық құрылышты жаңартудың жолы ретінде реформаны таңдады. "Сот реформасы жайындағы хат" деген еңбек жазды. Сол реформаны іске асыру үшін көп зерттеулер жүргізген.

Саясатқа атсалысқан тұңғыш ұстаз – Ұбырай Алтынсарин (1841-1889) халықты дүниеге "дұрыс көзқарас-пен" қарауға тәрбиелеуді өзінің негізгі мақсаты етіп қойған.

Тек білім, ағартушылық қанабұқара халықты билеп-тестеушілердің қысым қыспағынан құтқара алады деп, барлық күш-жігерін олардың білімін көтеруге арнаған. 1887 ж. Ыргызыда 20 адамдық интернат және қазақ қыздарына арнайы мектеп ашқан.

Қазақ даласының ғұлама ойшылы – Абай Құнанбаев (1845-1904). Ол қазақ халқының мұддесі үшін күресте достық, татулық, бірлік керектігіне назар аударды. Ол адамның "ақыл, ғылым, қайрат" арқылы жоғары дөрежеге көтеріліп, асқақтайтындаі қоғамның прогрессік дамуын аңсады.

Қазақ жерінде саяси сананың дамуына XIX ғасырдың аяғы XX ғ. басында пайда болған алғашқы зиялыштар қауымы да ықпал етті. Оларға: Ә. Бекейханов, А. Вайтұрсынов, М. Дулатов, М. Шоқай, М. Тынышбаев, М. Жұмабаев, Б. Қаратеев, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтерді жатқызуға болады.

## 9. Қазіргі кездегі саяси ілім

XX ғ. бас кезінде Батыс елдерінде "Солидаризм" ілімі кең өріс алды. Оның негізін салушы – француз ғалымы Л. Дюги. Бұл ілім бойынша, әрбір тап өмірде өз міндептің атқарып, қоғамның ынтымақтастығы мен үйлесімділігін қамтамасызыетуі керек.

Бұдан соң "Элитаризм" теориясы дүниеге келді. "Элита" – яғни француз тілінде ең жақсы іріктелген, сұрыпталған, тандаулы дегенді білдіреді. Бұл ілімнің өкілдері – Г. Моска, В. Парето.

3. "Фашизм" – еңбекшілерді басып-жаншу, зорлық-зомбылықтың шектен тыс түрлерін пайдалану, қоғам және адам өмірін қатаң қадағалау.

4. "Геосаясат" теориясы. Негізін салушы – Ф. Ратцель. Бұл теория бойынша, мемлекеттің өмірі қауіпсіз сенімді болу үшін оған жеткілікті географиялық кеңістік қажет. Ал ондай мүмкіндік болмаса, қарудың күшімен қамтамасыз ету керек.

5. "Тоталитаризм" – бұл мемлекет тарарапынан қоғамның және әр адам заттың өмірін қатаң бағалауға алатын мемлекеттік саяси құрылыш.

6. "Либерализм" – мемлекетті реттеу, "аралас экономикиканы", саяси әділеттілікті, пікір алуандығын алға тартады.

7. "Консервативтік" – мемлекеттік реттеуге қарсы. Керісінше, ол ештеңеге араласпауы керек, шексіз бәсеке бостандығын берген дұрыс деп санайды.

Сонымен, саяси ілім туралы білім бізге қоғамдық және саяси құрылыштың мәнін түсінуге көмек береді.

## № 3 Дәріс

### Саясат

Дәріс жоспары:

1. Саясаттың алуан қырлылығы.
2. Саясаттың бағыттары.
3. Саясаттың міндеттері.
4. Саясаттану курсының құрылымы.

### Саясат ғылымының пайда болуы, қалыптасуы

Саясат – ірі өлеуметтік топтар мен таптар, үлттар мен мемлекеттер арасындағы қатынастар, негізінен алғанда, билік мәселесі жөніндегі қызмет.

Саясаттың қырларына мыналар жатады:

1. Өлеуметтік топтардың, таптардың, үлттардың, мемлекеттердің, мемлекетаралық бірлестіктердің мақсаттары мен нұсқаулары жатады;
2. Саяси бағыт пен мақсаттарды жүзеге асырудағы тәжірибелік қызметтің болуы;
3. Саясаттың субъектілері – азаматтар, жетекшілер, өлеуметтік топтар, таптар, үлттар, мемлекет, мемлекеттің бірлестіктері;
4. Мемлекет пен азаматтардың, саяси және мемлекеттік қайраткерлердің, қоғамдық үйымдардың істеріне қатынасу;

5. Ғылыми-өлеуметтік заңдарға сүйеніп, саяси қызметке ықпал ету жағдайында байқалуы тиіс;

6. Өнер адамдарымен жұмыс жүргізуі қамтығандықтан, олардың қабілетін, іскерлік пен азаматтық сапаларын анықтайды.

7. Қызметтері:

- а) саяси қатынастарды үйымдастыру;
- ә) саяси сананы қалыптастыру;
- б) үстемдік жүргізуі таптар мен өлеуметтік топтардың мүдделерін қорғау;
- в) қоғамның саяси үйымдарының құрылымын анықтау.

## 2. Саясаттың бағыттары


Прогрессивті саясат

Реакционерлік саясат

# Саясат

ішкі – таптар, ұлттар, өзге де  
әлеуметтік топтардың өзара  
қатынастарын қамтиды


сыртқы – халықаралық істердегі  
мемлекеттің, мемлекетаралық  
бірлестіктердің жалпы бағытын  
қамтиды



### **3. Саясаттанудың міндеттері**

1. Қоғамдық-саяси күштердің бірігуінің принциптерін, жолдарын жөне шарттарын анықтайды;
2. Азаматтардың құқығы мен бостандығын жүзеге асырудың халықаралық тәжірибелің қонымдыларын елімізге арнап талдау;
3. Жаңа экономикалық саясаттың мүмкіндігі мен жолдарын, оның үлт саясатын анықтау;
4. Еліміздегі азаматтарды әлеуметтік-саяси жоғары жауапкершілік рухында тәрбиелеудің жолдары мен нысандарын анықтау;
5. Қоғамның саяси жүйесін демократияландырудың негізгі бағыттарын, оның нысандары мен өдістерін анықтау;
6. Құқықтық мемлекетке көшудің жолдарын қарастыру;
7. Азаматтардың саяси мәдениетін жетілдірудің теориялық жөне тәжірибелік мәселелерін зерттеу;
8. Халықаралық қатынастардағы жалпы азаматтық жөне мемлекеттік мұddeлердің тиімді арақатынасын анықтау.

#### 4. Саясаттану курсының құрылымы



## Саяси билік

Дәріс жоспары:

1. Билік ұғымы туралы түсінік.
2. Билік – әлеуметтік феномен.
3. Биліктің қызметтері, жіктелуі.
4. Қоғамның әлеуметтік саласындағы билік.
5. Биліктің легитимділігі.

### 1. Билік ұғымы туралы түсінік

Саясаттың негізгі мәселесі билік болғандықтан, саясатта билік теориясы үлкен орын алады. Билік саясаттың, саяси институттар мен барлық саяси әлемнің мәнін түсініп-білуге көмектеседі.

Шығыстың көрнекті ойшылы **Ибн-Халдун (1332-1406)** адамның басқа жан-жануарлардан ерекшелігі – ол билік үшін күреседі деген екен.

Ағылшын философы, қоғам қайраткері **Берtrand Рассель (1872-1970)** физикада басты ұғым энергия болса, қоғамдық ғылымдарда негізгі ұғым билік болып табылады деген.

Американың әйгілі әлеуметтанушысы **Талкотт Парсонс (1902 -1979)** экономикалық жүйеде ақша қандай орын алса, саяси жүйеде билік те соңшалықты орын алады деп тұжырымдаған.

Билік туралы мынандай тұжырымдамалар бар:

Телеологиялық, бихевиористік, инструменталистік, структуралистік, конфліктілік.

Сонымен, билік деп біреудің екіншілерге әмірін жүргізіп, олардың іс-әрекеті, қызметіне ықпал етуін айтады.

Алғашқы қауымдық құрылыш кезеңінде билік қоғамдық сипатта болды. Мұнда қауым болып тайпаларды басқарды. Құл иеленушілік құрылышта құл иеленушілер және құлдар пайда болып, теңсіздік туды. Бір таптың екін-

ші бір тапты бағындыру қажеттілігі туды. Осылай билік аппараты дүниеге келді, адамдарды еркінен тыс, ықтиярсыз еркіне көндірген мекемелер пайда болды.

"Билік" сөзі әр мағынада қолданылады. Оны ықпал ету бағытына, объектісіне байланысты былай бөлуге болады:

1. Ата-аналар билігі.
2. Мемлекеттік билік.
3. Экономикалық билік.
4. Саяси билік.
5. Әлеуметтік билік.
6. Құқықтық билік.
7. Әскери билік.
8. Рухани билік, т.с.с.

Бірақ биліктің толық мағынасы мемлекеттік-саяси салада ғана айқындалады. Сондықтан саяси билік биліктің ең негізгі түріне жатады.

Биліктің басқа түрлерімен салыстырғанда саяси биліктің мынадай ерекшеліктері бар: оның өктемдік сипаты, оның бүкіл қоғамның атынан билік жүргізуі, басқарумен кәсіби айналысатын адамдардың мүддесін қорғауы, басқа мекемелерге қарағанда билік органдарының төуелсіздігі, қоғам өмірінің жұмыс тәртібін белгілеуде жеке-дара құқығы, мемлекет шеңберінде ашық күш қолдана алуы, т.с.с.

Саяси билік бар жерде теңсіздік бар. Мұнда біреулер билеуге құқықты да, екіншілері оларға бағынуға міндетті. Бұл теңсіздік неден туады? Саяси биліктің қарамағында теңсіздікті қамтамасыз ететін әдіс-құралдары бар:

1. Экономикалық қор. Қандай саяси билік болмасын, оған қаржы-қаражат керек. Мысалы: сайлау науқаны уақытында көп қаржы жұмсалады. Мемлекет тарапынан бөлінген қаражат жетіспегендіктен, шетелдерде үміткерлер жеке бай адамдардың, бірлестіктердің көмегіне сүйенеді. Билемші аппаратты ұстап тұру үшін көп қаражат керек және үкімет басына келушілер өз реформаларын ала келеді. Мысалы, АҚШ президенттері Ф.Рузвельт "Жаңа бағыт", Дж. Кеннеди "Жаңа шеп", т.с.с. Эконо-

микалық қорға қоғамдық өндіріс пен тұтынуға керек басқа да материалдық құндылықтар, құнарлы, шұрайлы жерлер, пайдалы қазба байлықтары, т.б. жатады.

**2. Әлеуметтік әдіс-құралдар.** Үстемдік етіп отырған билік өзін қолдайтын, оның одан өрі өмір сүруіне мүдделі адамдарды топтастырады. Ондай рөлді ең алдымен оның мәртебелі, абыройлы, көптеген жеңілдіктерді пайдаланатын қызметкерлері орындаиды.

**3. Күш жұмсау құралдары.** Олар мемлекетті қорғайды, ішкі төртіпті сақтайды, саяси билікті құлатуға өрекет жасаушыларға мүмкіндік бермейді. Оған әскер, полиция, қауіпсіздік органдары, сот, прокуратура, т.б. жатады.

**4. Ақпарат құралдары.** Радио, теледидар, баспасөз, т.с.с. ақпарат құралдары өз елдеріндегі жағдайларды ғана емес, дүние жүзінде не болып, не қойып жатқанын көріп-біліп отырады. Шын мәнінде сөз, баспасөз бостандығы берілген, оппозициялық партиялары бар елдерде ақпарат құралдарының маңызы арта түседі.

**5. Ақпараттық қор.** Білім мен ғылым мағлұматтарын алу, оларды тарату – бүгінгі күні алдыңғы қатарлы орынға шығуда.

1.	<b>Телеологиялық анықтама</b>	Билікті белгілі бір мақсатқа, белгілеген нәтижеге, қорытындыға жету мүмкіндігі деп түсіндіреді.
2.	<b>Бихевиористік анықтама</b>	Бұл тұжырымдама бойынша билік басқа адамдардың жүріс-тұрысын, өзін-өзі ұстаудың өзгерту мүмкіндігіне негізделген іс-әрекеттің ерекше түрі.
3.	<b>Инструменталистік анықтама</b>	Мұнда билікті белгілі бір құралдарды, амалдарды (зорлық-зомбылық, күштеу сияқты шараларды) пайдалану, қолдану мүмкіндігі деп біледі.
4.	<b>Структуралистік анықтама</b>	Билікті басқарушы мен бағынушының арасындағы қатынастың ерекше түрі деп үғады.
5.	<b>Конфликтілік анықтама</b>	Билікті дау-жанжал жағдайында игілікті бөлуді реттейтін мүмкіндік, шиеленісті шешудің құралы деп түсіндіреді.

## 2. Билік – әлеуметтік феномен

### Билік типтері:

1. Интегралды.
2. Өзара әрекет билігі.
3. Харизмативтік билік.

### Билік атрибуттары:

1. Экстенсивті.
2. Аумақты билік.
3. Интенсивті.

**Билік –  
әлеуметтік  
феномен**

### Билік формалары:

1. Үстемдік.
2. Басқару.
3. Басшылық.
4. Ұйымдастыру.
5. Бақылау.

### Билік жүргізу күралдары:

1. Күштеу арқылы.
2. Құқық арқылы.
3. Салт-дәстүр арқылы.
4. Бедел арқылы.
5. Қысым жасау арқылы.

### 3. Биліктің қызметтері, жіктелуі

Саяси биліктің өзіндік қызметтері болады. Олар:

1. Қоғамның саяси жүйесін қалыптастыру.
2. Оның саяси жүйесін дамыту.
3. Әр түрлі деңгейдегі қоғам мен мемлекеттің істерін басқару.

4. Үкімет органдары, саяси емес процестерге басшылық жасау.

5. Саяси және басқа қатынастарды бақылау.

6. Белгілі бір қоғамға сәйкес басқарудың түрін, саяси тәртіпті және мемлекеттік құрылышты құру.

7. Қоғамдық тәртіп пен тұрақтылықты қолдау.

8. Дау-дамай, шиеленістерді ашып, оларға шек қою және дер кезінде шешу.

9. Қоғамдық келісімге, мәмілеге келу, т.с.с.

Қоғамда билік өзара тығыз байланыстағы З дейгейде үйымдастырылып, қызмет етеді:

1. Жоғары орталық саяси институттар, мемлекеттік мекемелер мен үйымдар, саяси партиялар мен қоғамдық үйымдарды басқару органдары кіретін өте ірі деңгей.

2. Орта буынды аппараттар мен мекемелерді қамтитын және аймақтық, облыстық, аудандық шеңбердегі жергілікті әкімшілік билік кіретін орта деңгей.

3. Адамдар, кішігірім топтар, үйымдар, одактар, өндіріс және басқа ұжымдар арасындағы қоғамдық қатынастардың негізі, арқауы болып табылатын, саяси және қоғамдық өзін-өзі басқару өрісін құрайтын кіші деңгей.

Ал, демократиялық саяси жүйе ойдағыдан өз ісін атқару мақсатында, мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы, сот билігі деп үш тармаққа бөледі. Оның негізін салушы ағылшын ойшылы Джон Локк (1632-1704) пен француз ғалымы Ш.Л. Монтескье (1689-1753) болды.

Заң шығарушы билік (парламент) заң шығарумен, оны бекіту, өзгерту немесе жоюмен айналысады. Ол заң қабылдайды, салық салуды анықтайды, үкіметті тағайындейді, бюджетті бекітеді, соғыс ашып және өскермен қамтамасыз етеді, сауданы реттейді, сотты үйымдасты-

рады, халықаралық келісімшарттарды қабылдайды, саясаттың маңызды ішкі және сыртқы бағытын анықтайды. Конституция атынан оның жұмысына арнайы органдар бақылау жасайды.

Атқарушы билікке үкімет пен әкімшілік жатады. Оларды заң шығарушы өкілдік органдар қалыптастырады. Атқарушы билік заң шығарушы биліктің бақылауында болып, олардың алдында есеп береді. Оның жұмысы заңға негізделіп, заң шеңберінде іс істеуі керек. Сырттай қарғанда ол заң шығарушы билікке тәуелді. Бірақ іс жүзінде ол саяси жүйенің маңызды бөлігіне айналған және қоғамдық өмірде зор рөл атқарады. Үкімет саяси шешімдер қабылдайды, ал әкімшілік ол шешімдерді жүзеге асырады.

Сот билігі адамдардың құқығын қорғайды, заң бұзушылықтан сақтайды, парламент не президент қабылданған зандардың, конституциялық жарғылардың сәйкестігін анықтайды. Оны халық немесе өкілетті мекемелер қалыптастырады. Ол заң шығарушы немесе атқарушы билікке тәуелсіз. Өз жұмысында тек заңдығана басшылық қа алады. Егер жоғарғы сот мемлекеттік органдың немесе қызмет адамының шешімін конституцияға қарсы десе, ол шешім толығымен құшін жояды. Соттың маңызды принциптеріне жариялышық, айыпкердің өзін қорғауға және сот үкімін бұздыру туралы шағым арыз беруге құқығы жатады.

Биліктің бейнесін, қоғамдағы рөлін, қызметін және болашағын бағалау үшін оны жүйелеп, топтастырудың мәні зор. Билік түрлері өзара байланысты бірқатар белгілермен өзгешеленеді.

1. Институционалданған (өзінің басқарушы және тәуелді құрылым деңгейі бар әр түрлі мекемелер түрінде үйімдасқан, төмен шенділердің жоғары шенділерге бағынышты болып, араларында билеу-бағыну қатынастары орнаған) және институционалданбаған (бейресми, басқарушы және атқарушы топтар анық, ашық көрсетілмеген) биліктің түрі.

2. Жұмыс істеу саласына байланысты билік саяси және саяси емес болып бөлінеді.

3. Құқықтық шегіне, құдіретінің мөлшері мен саласына қарай билік мемлекеттік, ассоциативтік болып, сыртқы саясат қатынастарында, дүниежүзілік ұйымдар мен одактардың халықаралық билігі болып жіктеледі.

4. Биліктің субъектісі бойынша парламенттік, үкіметтік, соттық, дербес, ұжымдық, т.с.с. болып топталады.

5. Қолданылатын әдіс, тәсіліне қарай ұstemдік, озбырлық, басқа түрлерді еріксіз көндіру, сендіру, ерік, бедел, т.с.с. билігі болып бөлінеді.

6. Әлеуметтік түріне қарай феодалдық, буржуазиялық, т.с.с. болып келеді.

Сонымен қатар билікте "объект", "субъект" деген ұйымдар бар. "Объект" – өзгертуші, "субъект" – іс-әрекетті жасаушы. Биліктің объектілері:

- |                |                  |
|----------------|------------------|
| 1. Мемлекет.   | 6. Әкімшілік.    |
| 2. Ел.         | 7. Ведомстволар. |
| 3. Аймақ.      | 8. Ұйымдар.      |
| 4. Штат.       | 9. Өндірістер.   |
| 5. Республика. | 10. Жеке тұлға.  |

Биліктің субъектілері:

1. Мемлекет.
2. Әлеуметтік топ, тап.
3. Әлеуметтік топтар жүйесі.
4. Әлеуметтік топтарға сүйенген шағын адамдар тобы.

#### 4. Қоғамның әлеуметтік саласындағы билік

1. Институционалдық белгілі құқықтардың өзгелердің сұранымына байланыссыз ықпал жасауы.

2. Субъектінің қызметі мен қоғамдық міндеттерді орындайтын қызмет әдістері.

3. Қоғамдық пікірлердің даму динамикасына ықпал ету мүмкіндігі.

4. Әлеуметтік жағдайларға қол жеткізетін басты критерийлер.

5. Белгілі әлеуметтік жағдайдың иелерін көтермелейу.

## 5. Биліктің легитимділігі

Билік саяси жөне мемлекеттік болып екіге бөлінеді.

Саяси билік таптық, топтық жөне жеке адамның саясатта тұжырымдалған өз еркін жүргізу мүмкіндігін білдіреді.

Ал, мемлекеттік билікке барлық адамдарға міндетті заңдарды шығаруға жеке құқығы бар заңдар мен ұйымдарды сақтау үшін ерекше күштеу аппаратына сүйенетін саяси биліктің түрі жатады.

Мемлекеттік биліктің заңдылығы оның легитимділігінен білінеді. Легитимділік (латын тілінде заңдылық, шындық деген мағынаны білдіреді) дегеніміз – халықтың ұстемдік етіп отырған саяси билікті мойындауы, оның заңдылығы мен шешімдерін растауы.

Демократиялық жағдайда мемлекеттік билік легитимді болуы үшін мынандай екі шарт қажет.

1. Ол халықтың қалауы бойынша қалыптасуы жөне көпшіліктің еркіне қарай орындалуы керек. Яғни, мемлекеттік биліктің басшысын белгілі бір мезгілге тұра не месе жанама түрде халық сайлауы керек жөне оның жұмысын бақылап отыруға мүмкіндік болуы тиіс.

2. Мемлекеттік билік конституциялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылуы керек.

Немістің көрнекті ғалымы Макс Вебер билік басына келудегі легитимділіктің үш үлгісін көрсетті:

1. Әдет-ғұрыптық легитимділік – халықтың санасына сінген, әбден бойлары үйреніп, дұрыс деп тапқан салт-дәстүрлерге сүйенеді. М.: хан, патша, сұлтан, т.с.с.

2. Харизматикалық легитимділік – ерекше батырлығымен, адалдығымен немесе басқа үлгі – қабілет-қасиеттерімен көзге түскен адамды басшы етіп жарияладап, соның соңынан ереді. М.: Мұхаммед пайғамбар, т.с.с.

3. Ақыл-парасаттық, құқықтың легитимділігі – қазіргі саяси құрылым орнатқан құқықтық ережелерге, тәртіптің ақыл-ойға сыйымдылығына негізделеді.

Мемлекеттік құқықтық тәртіптің легитимділігінің ең биік дөрежесіне Конституция жатады. Мысалы, 1995

жылғы 30 тамызда республикалық референдумда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы саяси билікке нақтылы легитимділік берді. Оnda Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялады. Оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанасындағы біртұтас мемлекет. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтарына бөлінеді, олардың тежемелік өрі тере-тендік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады. Республика президенті мемлекет басшысы, оның ең жоғары лауазымды тұлғасы болып табылады. Ол – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының рәмізі өрі кепілі. Парламент – заң шығару қызметін жүзеге асыратын республиканың ең жоғарғы өкілді органы. Сот билігі азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мұдделерін қорғауды жүзеге асыруға арналған. Конституциялық Кеңес республиканың бүкіл аумағында Қазақстан Республикасының Конституциясы үстінен қарауды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган болып саналады.

## № 5 Дәріс

### Демократия

#### Дәріс жоспары:

1. Демократия туралы жалпы түсінік.
2. Демократияның антикалық, классикалық теориялары.
3. Қоғамдағы саяси қатынастардың демократиялық негізі.

4. Демократиялық қоғамның белгілері.
5. Демократияның алуан түрлі элитарлық теориялары.
6. Қазіргі кезеңдегі демократиялық қозғалыстар.
7. Қоғамның саяси жүйесін демократияландыру.
8. Қазақстан Республикасындағы демократия.

## 1. Демократия туралы жалпы түсінік

"Демократия" сөзі гректің "демос" – халық және "кратос" – билік деген сөздерінен шыққан, яғни "халық билігі" деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз бірнеше мағынада қолданылады:

1. Мемлекет түрі.
2. Теңдік, сайлау, көпшілік дауыспен шешім қабылдау принциптеріне негізделген үйымның үйымдастырылу түрі.
3. Қоғамдық құрылымның мұраты.

Әр жерде демократия өр түрлі рең алған. Олар мынандай мемлекетті демократиялық деп түсінген.

1. Халықтың заң жүзінде мемлекеттік билікті басқаруы. Мұнда конституция билік халықтың қолында екендігіне дәлел болады. Халық жоғары билікке өз өкілдерін сайлау арқылы тағайындалап, өзгертіп отырады.

2. Демократия теңдік болған жерде ғана болады. Мұнда барлық салада – заң шығару, оны орындауда, т.с.с. теңдік болады.

3. Демократияда әділеттілік болуы керек. Мұнда да қоғамның барлық саласында әділеттілік болуы туіс.

4. Демократияда сонымен қатар бостандық, еркіндік болуы керек.

Сонымен, демократия деп халық билігі, теңдік, құқық, әділдік, еркіндік принциптеріне негізделген мемлекеттік құрылышты айтады.

## 2. Демократияның антикалық, классикалық теориялары

Тұңғыш демократиялық мемлекет б.з.д. V ғасырда Афинада дүниеге келген. Мұнда "халық кеңесі" жұмыс

істеді. Ол мемлекеттің ішкі, сыртқы саясатын жүргізді, соғыс ашу, соғысты тоқтату шешімдерін қабылдады, т.с.с.

Бірақ халық кеңесіне қатыса алмайтын толық құқығы жоқ азаматтар да болған. Оларға Афинаға басқа жақтан көшіп келген азаматтар, сол елде тұратын өйелдер мен құлдар жатады. Халық кеңесі толық құқықты азаматтар көп болса, оларды басқару қындыққа түседі деп қорықты.

Халық кеңесімен қатар бес жұз адамнан тұратын кеңес жұмыс істеді. Оны "бесжұздік" деп атады. Олар халық кеңесінде қаралатын мәселелерді дайындауды.

Сонымен қатар "халық соты" жұмыс істеді. Ол қылмыс жасаушыларды жазалап отырды.

Афиналық демократия Периклдің (б.з.б. 490-429) басшылық еткен деңгөндегі гүлденіп өркендеді. Бұл уақыт афиналық демократияның алтын ғасыры болып саналады. Периклдің уақытында барлық билік мүмкіндігінше біркелкі бөлінді.

Демократия Ежелгі Римде де болған. Мұнда "халықтық мінбе" жұмыс істеді. Мұның құрамында ақсүйектер де, тәменгі топ өкілдері де болған.

Бірақ бұл демократияның өрескел жақтары да болды. Азаматтық құқық барлық адамда болған жоқ, себебі қотам адам өміріне араласты.

Антикалық демократиядан бастау алған классикалық демократияның өзгешелігі болды. Мұнда саясатқа барлық тап өкілдері қатыса алды. Олар өз көзқарастарын білдіріп, ортақ шешім қабылдады.

Иозеф Шумпетер (1883-1950) демократияның "Шумпетерлік" теориясын жасады. Шумпетердің ойынша, демократияның ойдағыдай жұмыс істеуі үшін төрт жағдай қажет:

1. Маңызды мемлекеттік қызметтерге сайлауға болатын айтарлықтай билікті, маман өкілдер тобы болуы тиіс.

2. Саяси органдар халық жақсы қабылдаап, оларға өз көзқарастарын айта алатын шешімдер қабылдауы керек.

3. Жауапкершілікті толық сезінетін, қызмет орынының абыройын жоғары бағалайтын дайындығы бар жақсы үйымдастан бюрократия болуы керек.

4. Демократиялық өзін-өзі бақылау болғаны өте маңызды. Мұнда топ өкілдері қандай мәселе болмасын халық мұддесін бірінші орынға қоюы керек.

### 3. Қоғамдағы саяси қатынастардың демократиялық негізі

#### Принциpleri:

1. Билік органдарын сайлау.
2. Биліктің бөлінуі.
3. Саяси пікірдің әртектілігі.
4. Бостандық, жауапкершілік бірлігі.
5. Заң.
6. Қоғамдық пікірді ескеру.
7. Азшылықтың өзіндік көзқарасқа хұқы.
8. Жариялыштық.

#### Жүзеге асыру формалары:

1. Сайлау өткізу, есеп беру.
2. Жобаларды бүкілхалықтық талқылау.
3. Референдум өткізу.
4. Митинг, жиналыс.
5. Съезд, конференция, пленум.
6. Шеру, бойкөрсетулер.
7. Сессия.
8. Шетелге сапарлар.
9. Ереуілдер.

### 4. Демократиялық қоғам белгілері

Демократиялық қоғамның белгілерін экономикалық, саяси, рухани, әлеуметтік салаларына қарай бөлуғе болады.

#### Экономика саласында:

1. Еңбек адамдарының меншік қатынастарына тіке-лей тартылуы;
2. Менпік түрлерінің әркелкілігі;
3. Ауқымды өндіріс демократиясы қажет;
4. Көсіподактардың еңбекшілер құқын қорғауы;
5. Еңбекке қарай белу принципінің болуы;
6. Мүгедектермен, табысы төмен топтарға қамқорлық жасау.

#### Саяси салада:

1. Саяси пікірдің өр алуандығы;
2. Қоғамдағы саяси қатынастардың демократиялық негізі;

3. Демократиялық сайлау жүйесінің болуы;
4. Құқықтар мен бостандықтар туралы заңдардың болуы;
5. Оларды іс жүзінде қолдану;
6. Қоғамдық үйымдар жүйесінің болуы;
7. Саяси өмірге қатынасу мүмкіндігінің болуы;
8. Оппозицияның болуы.

#### *Рухани салада:*

1. Заң жүзіндегі сез, ұждан, шығармашылық, т.с.с. бостандықтар жүйесінің болуы;
2. Өнердің, мәдениеттің барлық түрлерінің дамуы;
3. Фылыми-техникалық прогрессің дамуы;
4. Оқу-ағарту мекемелер жүйесінің болуы;
5. Мәдениет пен шығармашылықтың барлық саласының дамуы, оған еркін қол жеткізу;
6. Зұлымдық, қаталдық, нәсілшілдік насихатынан шектелу.

#### *Әлеуметтік салада:*

1. Әлеуметтік қауымдаулардың арасындағы тен құқықтық, шарттық келісім қатынастарының болуы;
2. Жеке адамның әлеуметтік қорғалуы;
3. Азаматтардың әкімшілік тарапынан болған әділетсіздіктен қорғалуы;
4. Жеке адамның және оның мұліктерінің қылмыстық элементтерден қорғалуы;
5. Материалдық және рухани игліктердің әділетті белінісінің болуы;
6. Білім, дәрігерлік көмек пен әлеуметтік қамсыздандырудың сапасы мен оған еркін қол жеткізу.

### **5. Демократияның алуан түрлі элитарлық теориясы**

Демократияның тобы топ (элитарлық) теориясы бойынша халық саясаттан шеттетіледі. Ал саяси шешімді азғана топ қабылдайды. Ол іріктелген, қалаулы топ болуы қажет.

Демократияның марксистік теориясында тапқа үлкен мән береді.

"Ақпараттық демократияның" негізін салушы, Франция саясатшысы М.Рокар. Оның демократиясы сайланған адамдар, ақпарат құралдары жөне сайлаушылар арасындағы өзара байланыс негізінде құрылады. Халық өзінің таңдау құқығын ақпарат хабарларының еркін таралу жағдайында ғана іске асыра алады.

Демократияның экономикалық теориясында саясат билік қатынастарын нарықтық қатынастармен байланыстырады.

Тура демократияда халық маңызды саяси шешімдерді қабылдауға, билік жүргізуге тікелей қатысады. Оның ұтымды жақтары: халықты саясаттан шеттеппейді, саяси жүйенің тұрақтылығын жөне басқарудың ұтымдылығын арттырады; халықтың белсенділігін дамытып, тұлғаның өзін-өзі көрсетуіне, танытуына жол ашады; саяси институттар мен қызмет адамдарын бақылаудың ықпалдылығын қамтамасыз етеді, билік мұратын теріс пайдаланудан сақтайды, басқарушы төбе топтың халықтан алшактануына, шенеуніктердің бюрократталуына жібермейді. Тура демократияға референдум, плебисциттер жатады. Референдумға маңызды заң шығару немесе ішкі жөне сыртқы мәселені шешу үшін сайлаушылардың көнілін білдіруі жатады. Мысалы: Қазақстан Республикасында референдум арқылы Президенттің өкілдігі ұзартылды.

Плебисцитарлық демократияда азаматтардың саяси ықпалы кемиді оларға сайлау арқылы заңның немесе басқа шешімнің жобасын қабылдау немесе қабылдамау құқығы беріледі. Оны президент, үкімет, партия, т.с.с. дайындайды. Мұнда халықтың жобаны дайындауға қатынасу мүмкіндігі аз.

Өкілдік демократияда халықтың еркі депутаттарға жөне биліктің өкілетті органдарына беріледі. Азаматтар өздерінің көзқарастарының, мақсаттарының, бағдарламаларының ниеттестігіне байланысты депутаттарды сайлайды, оларға өз мүдделерін қорғауды сеніп тапсырады.

Қазіргі Қазақстан Республикасында демократиялық белгілер бар, қазір соны жүзеге асыру үшін көптеген жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан Республикасы өзін егеменді, зайырлы, демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде деп жариялады. Қабылданып жатқан заңдарда адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтары көрсетіліп, заң мен сот алдында тенденстірлген. Әркім өзінің жанына жақын саяси мұраттарды үстануға ерікті. Сөз жөне баспасөз бостандығы, соның ішінде сынау құқығы да заң жүзінде бекітілген. Экономика саласында жеке меншікке үлкен жол ашылды. Халық демократиялық жағдайда өмір сүрге үйренуде. Дамыған батыс Еуропа елдеріндегі тарихи тәжірибелерін демократия орнату жолындағы ресімдерін, тәртіп, қағидаларын енгізіп, тиімді жөне нысаналы пайдаланған абзал.

## 7. Қазіргі кезеңдегі демократиялық қозғалыстар

Қазіргі уақытта мынадай демократиялық қозғалыстар бар:

1. Халық бұқарасының дүниежүзілік соғысқа қарсы күресі.
2. Жаңа экономикалық тәртіп орнату жолындағы қозғалыстар.
3. Нәсілдік жөне ұлттық кемсітушілікке қарсы бағытталған қозғалыстар.
4. Бейбітшілік пен демократия жолындағы күрес.
5. Фалымдар мен дәрігер, заңгерлердің қозғалысы.
6. Жастар, студенттер, әйелдер қозғалысы.
7. Жер мәселесі жөне өлеуметтік құқықтарды талап ету жолындағы шаруалар қозғалысы.
8. Коршаған органды сақтау жолындағы түрлі бұқаралық қозғалыстар.

## 8. Коғамның саяси жүйесін демократияландыру

Саяси жүйені демократияландырудың мынандай негізгі бағыттары бар:

1. Басқарудың саяси және мемлекеттік емес (өзін-өзі басқару) процестеріне кең жол ашу. Мекемелердің өкілеттік бастамаларын дамыту.

2. Барлық әлеуметтік топтардың мұddeлерін анықтаудың, қалыптастырудың, іске асырудың тетіктерін жетілдіру.

3. Жеке адамның жан-жақты жетілуіне көмектесу, үлттардың үйлесімді дамуы, достықты нығайтып, ынтымақтастықтың процестерін жүргізу.

4. Заңдылық пен құқық тәртібін нығайту, биліктің жеке адамдардың қолында тым көп шоғырлануына қарсы тосқауыл жасау.

5. Мемлекеттік, партиялық және қоғамдық ұйымдардың қызметтерін және өкілдіктерін айқын турде анықтау.

6. Саяси жүйе құрылымын жаңартудың тиімді тетіктерін жасауды қалыптастыру.

## Қазақстан Республикасындағы демократия

Біз жоғарыда демократиялық қоғамға сипаттама бердік. Енді осы айтылған жайттардың біздің қоғамымыздада қалай жолға қойылғанын сипаттап өтейік.

Қазақстан Республикасының Конституциясында: "Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орындырады; оның ең қымбатты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандығы.

Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентке дауыс беру арқылы шешу", – деп көрсеткен (Жалпы ережелер, 1-бап).

1990 жылы 25 қазанда, КСРО тарамай тұрғанда-ақ, Қазақ Қенестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Одан

кейінгі мерзімде бұл Декларация конституциялық күші бар Жарлықтармен толықтырылды.

1995 жылы 30 тамызда республикалық референдум нәтижесінде жаңа Конституция қабылданды.

Қазақстан Республикасының егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұтылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иеленіп кете алмайды.

Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінеді, олардың тежемелік өрі тепе-тендік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қымыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады.

"Қазақстан халқы" деген конституциялық ұғым жергілікті қазақ ұлтымен тарихи тағдыры бір және ежелгі қазақ жерінде тұракты дамыған көп сатылы біртұтас экономика мен жарқын өмір салтының негізінде ортақ тілекпен топтасқан адамдардың саяси этностық бірлігі болып табылатын Қазақстан халқының әлеуметтік ерекшелігін; Конституциялық жолмен белгіленген ұлттық, кәсіптік және азаматтық тенденгін, тең қолданылатын мемлекеттік және ресми тілдерді – сан қырлы қазақстандық мәдениет пен туысқандық менталитетті барынша нығайта түседі.

Қазақстан Республикасы – демократиялық мемлекет. Біздің Республикамыздың жағдайында демократиялық мемлекет, ең алдымен, Конституция қабылдан, тікелей мемлекет басшысын және Парламентті сайлайды, өкілетті мерзімі біткен соң оларды ауыстыруға халықты құрылтайшылар арқылы қатыстырады. Басқару тәртібінің нысанына (президенттік, парламенттік) қарамастан, мемлекеттің жоғарғы органдары арқылы көпшіліктің еркін анықтауға және мүддесін барынша жүйелі қорғауға қажетті жағдайлар жасайды.

Сонымен қатар демократиялық мемлекет әлеуметтік және үлттық нысандарына, тағы басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, жекелеген азаматтардың өз мүддесін білдіруіне, оның есепке алынуына да мүмкіндік береді. Бұл ретте оларға Қазақстан Республикасының Конституациясына сәйкес сөз, ар-ұждан бостандығы, тілі мен ұлтын өзі анықтаудың қамтамасыз ете отырып, бірлесу, митингілер, демонстрациялар, шерулер өткізу, ереуілге шығу құқығымен қоса, жекелей және ұжымдық, еңбек дауын шешу, сондай-ақ мемлекеттік қызметке араласып, мемлекеттік, тағы басқа да істерді басқару қызметіне қатысуға тәң құқықтар беріледі.

Демократиялық мемлекеттің сипаттық ерекшелігі республика азаматтарының мемлекеттік қызметке аласуын ретке келтіру болып табылады. Мемлекеттік қызмет институтын реттеу 1995 жылғы Конституцияда қарастырылды.

Демократиялық мемлекет ретіндегі Республика қызметінің түбекейлі принциптерінің бірі – қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық. Демократиялық мемлекет саяси тәртіп жүргізудің демократиялық тәсілдері мен әдістерін көбірек қолданады.

**Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет.** Бұл ұғым Қазақстандағы діни мекемелер мен діннің мемлекеттен ажыратылғандығын білдіреді. Қазақстандағы ислам мен православиелік, тағы басқа нағымдық ағымдардың ісіне мемлекет араласпайтындығын білдіреді. Діни негізде партия құруға жол берілмейді. Мемлекет органдары қағидалық заң негізінде емес, Конституция негізінде құрылып, жұмыс істейді.

Сонымен бірге өркімнің ар-ұждан бостандығына құқығы бар, оны жүзеге асыру – мемлекет алдындағы міндет. Наным немесе атеизм мөселесі – өркімнің өзіндік ұстанымы.

Елдегі дін қабылдау бостандығы мен діни бірлестіктердің жұмысы жөніндегі зандылықтарды мемлекет белгілеп, бақылайды. Қазақстан аумағында шетелдік діни бірлестіктердің жұмыс істеуі, ол орталықтардың Республикадағы діни бірлестік жетекшілерін тағайындауы тек тиіс-

ті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазақстан – құқықтық мемлекет. Қазақстан Республикасының Конституциясы – құқықтық мемлекеттің бастауы ері шарты. Оның негізгі принциптері: азаматтар үшін – "занда тыйым салынбағанның бәріне рұқсат етіледі", мемлекеттік органдар мен лауазым иелері үшін – "занда нақты не көрсетілсе, соған ғана рұқсат" болып табылады.

Құқықтық мемлекет жүртшылық пен мемлекеттік лауазым иелерінің құқықтық мәдениетін арттыруды, барлық заң жүйесін жақсартып, өділеттілікті жоғары дөрежеге көтеруді мақсат тұтады. Құқықтық мемлекеттің сапалық белгісі – адам жөне азамат құқығы мен бостандығына халықаралық, өлшем деңгейінде кепілдік беру болып табылады. Сот билігінің тәуелсіздігі мемлекет пен азаматтың өзара қатынасының дәйекті жүргізілетініне кепілдік бере алады. Конституция нормаларында аталған белгілер айқын көрініс тапқан.

Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Конституцияда көрсетілгендей, Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет болуымен қатар, әлеуметтік мемлекет болып та табылады.

Әлеуметтік мемлекет жекелеген топтарға немесе ұлыстарға емес, тұтас қоғам мен азаматтарға қызмет етеді. Ол мемлекеттік қор есебінен барлық азаматтарға мүмкіндігінше игіліктер көрсетіп, қоғамдағы ауырпалықтарды да теңдей бөлу жолымен әлеуметтік теңсіздікті болдырмауға әрекет етеді.

Мемлекеттің әлеуметтік сипатын Республика Конституциясында көрсетілгендей, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, халықты жұмыспен қамтамасыз ету, еңбекті қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру жөне жағдайы төмен отбасыларына көмектесу сияқты шаралардан көруге болады. Әлеуметтік мемлекет азаматтың ең төменгі құнкеріс қажеті мен өмір сүрудің лайықты жағдайларын жасауды талап ету құқығын мойындайды. Бұған денсаулық пен адам өміріндегі қауіпсіздік мәселелері де кіреді.

Бұл шараларды өлеуметтік мемлекет жалпы және мақсатты өлеуметтік бағдарламалар арқылы жүзеге асырады. Қоғам мен азаматтардың нақты бір категорияларының мүддесі үшін күрделі экономикалық жоспарлауға және бюджеттік қаржыландыруға жүгінеді. Мәселен, Қазақстан Республикасының Үкіметі 1995 жылғы жетекшілік "1996-1998 жылдары реформаны тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын" қабылдады. Оның негізгілерінің бірі – "әлеуметтік саясат" аталатын үшінші бөлім болды. Сондай-ақ, 1995 жылдың 19-ында Қазақстан Республикасының Президенті қабылдаған "Қазақстан Республикасы тұрғындарының әлеуметтік тұрмыс жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Жарлығы да осындай иғлікті істердің қатарына қосылады.

Алайда әлеуметтік мемлекетті "Социалистік мемлекет" деген ұғыммен шатастыруға болмайды. Әлеуметтік мемлекет нақтылық экономикалық мүмкіндіктерге сайнап, қамқорлықтарды өз міндетіне алады және азаматтардың еңбек пешінде көсіпкерлік белсенділігінің төмендей, теңгермелік көңіл-күйдің болуына жол бермейді. Сондықтан Қазақстан Республикасы Конституциясының екінші бөлімінде азаматтың құқығы, бостандығын және міндетін бекіте отырып, жеке адамның өмірін және еркін жетілуін қамтамасыз ету мемлекеттің міндеті емес, алдымен оның өзінің санасы мен ерік-жігерінің ісі екендігін атап көрсетеді. Әлеуметтік мемлекет бірінші кезекте жеке бастамалар мен қоғамдағы экономикалық еркіндік үшін қажетті жағдайлар туғызуға міндетті. Осы жағдайлар арқылы "бүкіл халықтың иғлігін көздейтін экономикалық даму" үйлестіріледі.

**Респубикалық референдум – Конституция, Конституциялық заңдар мен басқа да Қазақстан Республикасының мемлекеттік өміріндегі өте маңызды мәселелер жөніндегі шешімдердің жобалары бойынша, Республиканың барлық аумағында өткізілетін бүкілхалықтық дауыс беру.** Бұл халық билігін тікелей жүзеге асырудың ең маңызды тәсілі саналады. Референдум қабылдаған шешім

ең жоғары талап етуші күшке ие. Оның Қазақстанның барлық аумағына бірдей міндетті күші бар жөне өлдекандай органдар тарапынан бекітуді қажет етпейді. Конституцияның, Конституциялық заңдардың, басқа да құқықтық актілер мен заңдардың арасында сәйкесіздік болған жағдайда, ол өзгешеліктер Конституцияны жөне басқа да жоғарыда аталған актілердің барлығын Республикалық референдум қабылдаған шешімге сайжүйелендіру жолымен түзетіледі.

Республикалық референдумға азаматтар ерікті турде қатысып, жабық дауыс береді.

Он сегіз жасқа толған Республика азаматтары тегіне, әлеуметтік, лауазымдық, мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, үлттына, тіліне, дінге көзқарасына, нағымына, мекен-жайына немесе басқа да жағдаяттарына қарамастан, республикалық референдумға қатысуға құқықты. Әр азамат референдумда тендей дауысқа ие.

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың референдумға қатысуға құқығы жоқ.

Республикалық референдум өткізуудің ерікті сайлаумен ортақ жағы көп. Референдум мақсаты – адамды сайлау емес, мәселе шешу. Референдумға қойылатын мәселе азамат оған "иә" немесе "жоқ" деп бір жақты жауап беретіндей, не ұсынылған бірнеше шешімдердің біреуін таңдай алатындей деңгейде болуы тиіс.

Қатысуға құқықты азаматтардың жартысынан астамы дауыс беруге қатысса, референдум өткізілген болып есептеледі.

Республикалық референдум өткізу жөніндегі шешімді Конституцияға сай, Республика Президенті қабылдайды. Республикалық референдум өткізу жөніндегі ұсыныс, сондай-ақ, Парламент пен Үкімет тарапынан жөне республикалық референдумға қатысуға құқықты кемінде екі жұз мың республика азаматының қолдаумен қойылуы мүмкін.

Республикалық референдумды ұйымдастырып, өткізу мен оның нәтижесін анықтау Қазақстан Республикасы

Президентінің 1995 жылғы 2 қарашадағы конституциялық күші бар "Республикалық референдум туралы" Жарлығы бойынша жүзеге асады. Күшіне енген жаңа Конституцияға сәйкес және дамыған демократиялық, елдердің тәжіриbesіне сүйене отырып қабылданған бұл актіде республикалық референдумға негіз бола алмайтын мәселелердің жеткілікті тізімі келтіріледі.

Тәуелсіз мемлекет тарихындағы алғашқы республикалық референдум Қазақстанда 1995 жылғы сөуір мен тымыз айларында өткізілді. Оларда Қазақстан Республикасының бүкіл халық сайлаған Президент Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттік мерзімін 2000 жылға дейін ұзарту жөне Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау жөніндегі мәселелер шептімін тапты. Соңғы референдумның алдында Н.Ә.Назарбаев ұсынған Конституция жобасы талқыланды. Жалпыхалықтық талқылаудың мақсаты – көпшіліктің ұсынысын есепке ала отырып, Заң жобасын жетілдіре түсу жөне оған қолдау көрсету.

Қазақстандық демократияның ажырамас конституциялық институты, сонымен бірге мемлекеттік жоғарылауазымды адамның (Президенттің) орнын алмастыру мен өкілдік органдарды (Парламентті, мәслихаттарды жөне жергілікті өзін-өзі басқару органдарын) құру тәсілі – ерікті сайлау.

Ерікті сайлау үшін негізгі үш жағдай сақталуы тиіс. Біріншіден, баламалы үйғарымдылық (альтернативтік), сайлаушының бірнеше кандидаттың біреуін үйғару мүмкіндігі; екіншіден, сайлау науқанының барлық сатысындағы қоғамдық бақылау, үшіншіден, сайлаушылардың өз еркімен дауыс беруі.

Қазақстан Республикасындағы сайлау өткізудің принциптері Конституцияда бекітіліп, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Жарлығында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының құқықтық-нормативтік сипаттағы актілерінде егжей-тегжейлі белгіленген.

Осы ереже бойынша, 1995 жылдың желтоқсанында Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының сайлауы өткізілді.

Мемлекеттік биліктің бірлігін, үстемдігі мен төуелсіздігін анықтайтын – елдің егемендігі.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік биліктің біртұастығы, аумағының бөлінбейтіндігі іске асырылды. Республика мемлекеттік билігінің төуелсіздігі оның мемлекетаралық қатынастағы егемендігі болып табылады. Қазір Қазақстан Республикасын бүкіл әлем елдері танып отыр. Шекара туралы шарттарға қол қойылды.

Республика егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығына қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді деп көрсетілген Конституцияда.

Сонымен, біз алдыңғы тақырыптарда демократия ұғымына халықаралық көлемде сипаттама бердік. Қазақстан жағдайында демократияның өмбебаптық дәрежесіне, оның әлемдік стандартқа сәйкестігіне тоқталдық.

Қазақстан егеменді, төуелсіз мемлекет болып қалыптасты, ол қамтамасыз етілді. Демократия және құқықтық дәрежеге өту процесі одан әрі жалғасуда. Жергілікті атқарушы органды Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылатын тиісті өкімшілік аймақтың өкімі басқарады.

Қазақстан Республикасында сот әділдігін тек сот қана жүзеге асырады. Олар Қазақстан Республикасының Конституциялық соты, Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты.

## **№ 6 Дәріс Саяси жүйе**

### **Дәріс жоспары:**

1. Саяси жүйе туралы түсінік.
2. Қоғамдық саяси жүйенің құрылымы.
3. Қоғамдық саяси жүйенің қызметтері.

4. Қоғамның саяси үйымдары.
5. Қоғамның саяси жүйесінің жіктелуі.
6. Қазақстандағы саяси жүйе.

## 1. Саяси жүйе туралы түсінік

Алғашқы қауымдық құрылыш кезеңінде барлық адам тең өмір сүрді. Басқарушылар мен бағынушылар деген мұлдем болған жоқ, себебі адамдардың өзі табиғат алдында әлсіз еді. Сондықтан тобырымен жүрді. Бірігіп аң аулады, тек тайпа-тайпа болып жүрудің арқасында ғана өздерінің қауіпсіздігін, күн көрісін қамтамасыз ете алды. Тапқан табыстары бәріне ортақ болды, артық өнім болған жоқ. Мұндай жағдайда еңбек құралдары, еңбек өнімдері үжымға ғана тиісті еді. Мұндай ру-тайпаларды ақсақалдар басқарды. Ақсақалдар үжым мөселелерін ортаға салып, реттеп, шешіп отырды.

Адамдар бірте-бірте тек табиғаттың бергенін тұтыныш қана қоймай, енді сонымен қатар өздерінің қолдарынан келетін істермен айналыса бастады. Олар қолға түскен андарды өздері асырай бастады. Осыдан барып мал шаруашылығы өріс алды. Енді өздеріше қажетінше мал өсірді. Дәннің жерге түсіп, қайта өнім беретінін байқаған адамдар қажетті өнімді өздері өсіретін болды. Нәтижесінде егін шаруашылығы дамыды. Құнарлы жерде жұмыс істейтіндердің өнімі өздеріне де, өзгелерге де жетті. Құнарсыз жерлердегі адамдар құнарлы жерлер иелеріне жалдануға мәжбүр болды. Қолға түскен адамдарды құлға айналдырды.

Артық өнім өмірге теңсіздік өкелді. Осылай құл иеленушілік құрылыш келді. Бұл қоғам құл иеленушілер мен құлдар, басқарушылар мен бағынушыларды тудырды. Үстем тапқа қоғамды бағындыру, таптар, жеке адамдар, тұлғалар мен қоғам, осы мемлекет пен басқа мемлекет арасындағы қатынастарды реттеу үшін құрал, қоғамның мөселелерін шешетін өлеуметтік топ қажет болды. Бұл топ тәменгі топқа бақылау жүргізді. Енді күштеу, зорлау арқылы орындааттыратын анық заң ережелері, нормалары қалыптасты. Олар экономикалық қызметті үйымдастырды, қоғамдық өнімді өндірді.

Билікті иеленушілер мен оған бағынушылардың рөлдері институционалдық қалыпқа тұсті. Мемлекет, саяси партиялар, басқа да қоғамдық үйімдар қалыптаса бастады. Олар белгілі бір таптың мұддесін қорғады. Осылардың барлығын бір сөзбен қоғамның саяси жүйесі деуге болады.

Қоғамның саяси жүйесі деп билік жүргізіп, қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін, әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар, мемлекеттер арасындағы саяси өзара қатынастарды реттейтін үйім мен мекемелердің жиынтығын айтады.

Саяси жүйе теориясын XX ғасырдың 50 жылдарында Американың саясаттанушысы Давид Истон дүниеге өкелді. Оның ойынша, саяси жүйе сыртқы ортамен "кіріс", "шығыс" принциптері арқылы байланысады.

Кірістің екі түрі бар. Олар: талаптар мен қолдау.

Д.Истон, Г.Митчел, Г.Спиро, Г.Алмонд саяси жүйенің езіндік мүмкіндіктерін көрсетті:

1. Топтар мен жеке адамдардың іс-әрекетін басқаруға байланысты реттеу мүмкіндігі;


2. Өзінің қызмет етуіне қажетті экономикалық жөне басқа қорларды табуға байланысты қысымдық мүмкіндігі;

3. Қорларды, игліктерді, қызметті, үздік белгілерді бөлу жөне қайта бөлу мүмкіндігі;

4. Әлеуметтік ортанды талаптарына әрқашан жауап берерлік, өзгерген жағдайларға бейімдеушілік мүмкіндігі.

Корыта келе, саяси жүйе үстемдік етіп отырған қоғамды басқаратын аппарат болып саналады.

## 2. Қоғамдық саяси жүйенің құрылымы



**Саяси институттарға:** мемлекет, саяси партиялар, көсіподақтар, кооперативтер, жастар, әйелдер, т.с.с жатады.

Мемлекет – саяси жүйенің негізгі бөлігі. Ол қоғамда белгілі бір тәртіпті орнатады, оны басқарады, экономикалық және әлеуметтік құрылымын қорғайды. Ол үшін мемлекеттің арнайы аппараты, еріксіз көндіретін күштеу, зорлау органдары (әскер, сот, полиция, т.с.с.) болады. Солардың көмегімен ол адамдардың жүріс-тұрысын, іс-әрекетін реттейді. Мемлекет қоғам атынан оның ішкі, сыртқы саясатын атқара алады.

**Саяси партиялар** – мемлекеттік билікті іске асыруға саяси жүйені, қоғамдық пікірді, саяси сана мен мәдениетті қалыптастыруға атсалысады.

**Көсіподақтар** – еңбекшілердің заңды талаптарын қорғайды, еңбек заңдарының қатаң сақталуын қадағалайды. Еңбекшілердің денсаулығын сақтауға, тұрмыс жағдайының жақсы болуына қамқорлық жасайды. Олардың балаларын бала-бақшага орналастыру, жазғы демалыстарын үйымдастыру жұмыстарын басқарады.

Діни орындар да саяси жүйеге кіреді. Ортағасыр дәүірінде діни орындар мемлекет ісіне араласқан үлкен күшке айналған зор үйым болған. Мұндай шіркеулерде білім жүйесін басқарып "7 еркін өнер" үйреткен. Грамматика, риторика, арифметика, астрономия, музика оқытылған. "Бекзадалар" мектебі жұмыс істеген. Шіркеу соты, яғни "инквизиция" өр түрлі діни ағымдарды болдырmas үшін күрескен. Тек қана Испанияның өзінде 300 мың адам өртелген. Бұл уақыттағы діни орындар мемлекеттің ішкі, сыртқы саясатына тікелей араласты. Қазіргі уақытта діни орындар имандылыққа шақырады. Бірақ өр түрлі дін түрі бар қоғамда олармен санаспауға болмайды.

Бұлардан басқа да саяси жүйеге жанама қатынасы бар ғылыми-техникалық қоғамдар, суретшілер, жастар қоғамы, т.с.с. бар.

**Саяси қатынастар** – оған топтардың, этникалық бірлестіктердің, тұлғалар мен қоғамның, азамат пен мемлекеттің арасындағы қатынастар кіреді.

Саяси ережелер – саяси жүйенің ережелік негізін құрайды. Мұның ең бастысы – Конституция. Басқа да мемлекеттік заңдар, нормативтік актілер жатады.

Саяси мәдениет – адамдардың іс-әрекетіне, олардың үйымдарына өсер етеді.

Қорыта келе, саяси жүйенің басты міндеті – қазына, байлықты бөлу саласына бақылау орнату, қоғамдық өмірдің барлық саласына бағыт беріп, ықпал жасау.

### 3. Қорамның саяси жүйесінің қызметтері

1. Мемлекеттік үйымдардың, т.б. сол сияқты өлеуметтік топтардың мұдделерін үйлесімді жүргізу шараларын белгілеп іске асырады;

2. Рухани-идеологиялық қызмет атқарады, халық бұқарасының саяси ой-санасын қалыптастырып реттейді және жетілдіреді;

3. Қоғамдық саяси құрылышты нығайтады, оның ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

4. Түрлі өлеуметтік топтардың қоғамдағы орны мен мұдделеріне сай материалдық рухани иғліктерді анықтау және бөлу;

5. Қоғамдық өлеуметтік топтардың мақсатын, міндеті мен бағдарламасын орындауға бағытталған қызметін үйымдастыру;

6. Қоғамдық дамудың жолдары мен міндетін анықтау, оның қызметінің нақты бағдарламасын жасап іске асыру;

7. Белгілі бір өлеуметтік топтың немесе көшілік халықтың саяси билігін қамтамасыз ету. Ол биліктің тәртіпке келтірілген, ережелерде, қалыптарда бекітілген, яғни институционалданған түрі. Оның қызметі конституцияға негізделген жалпыға міндетті зандар шыгару және зандар арқылы тәртіп орнату болып саналады.

Сонымен, саяси жүйе құлдық қоғамда жеке меншіктің, қанаушылар мен қаналушылардың пайда болуына байланысты дүниеге келген. Ол қоғамда тәртіпті, бірлікті қамтамасыз етеді, әр түрлі қоғамдық топтар, үйымдар мен қозғалыстардың қызметтерін реттейді, қоғамдық қатынастарды үйлестіреді, қазына, байлықты бөледі. Өлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қаржы-қаржатты жұмылдырады.

#### 4. Қоғамның саяси үйымдары



Саяси үйымдардың барлық элементтері өзара байланыста болады.

Үйымдардың элементтерінің өзара ықпал дәрежесі жергілікті жағдайларға байланысты болады.

## 5. Қоғамның саяси жүйесінің жіктелуі

Қазіргі уақытта саяси жүйені жіктеу саяси тәртіпке негізделеді.

Саяси тәртіп деп саяси билікпен қоғамды басқарудың өдіс-төсілдер жиынтығын, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің демократиялық дәрежесін айтады.

Қазіргі уақытта саяси тәртіпті екіге бөледі:

### Демократиялық

1. Адал, шынайы сайыс арқылы жүйелі түрде өтетін сайлау.

2. Үкіметтің сайлау арқылы дүниеге келуі.

3. Жеке тұлғалар мен шағын топ құқығын қорғайды.

### Антидемократиялық

1. Авторитарлық – күштеуге негізделген.

2. Тоталитарлық – адам өмірінің барлық салалары бақылауға алынады.

Тоталитарлық тәртіп бұрынғы КСРО заманында дәүірледі. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы бүкіл өлемді елең еткізді, қазақ жерінде халқының намысын ту етіп көтерген қайратты да табанды өскелең үрпақ өсіп жетілгендігін дәлелдеді. 70 жыл бойы тоталитарлық тәртіп тауқыметіне, орталық жүргізген өміршіл-әкімшіл жүйе саясатына жас үрпақ тарапынан лайықты тойтарыс берілді, бұл үрдіс бүкіл Кеңес Одағындағы демократиялық қозғалысқа бастау болды. Сталиндік өктемдік, Хрущевтік өктемдік, Брежnevтік өктемдікті басынан өткерген қазақ халқы демократиялық даму жолына бағыт алды.

1991 жылғы тамыз төңкерісінен соң барлық КСРО елдері ТМД болып қайта өзгерді. Әр ел өз бетініне даму жолына түсті. Барлық ТМД елдері жұмыла отырып егеменді елдерінің дамуындағы қызын да жауапты кезеңді ойдағыдай өткеріп келеді.

### Қазақстан Республикасындағы саяси жүйе

Конституцияның қабылдануына байланысты республикада биліктің жаңа жүйесі қалыптасты. Саясаттағы

шешуші буын – мемлекеттік биліктің құрылымы. Мемлекет – саяси жүйенің, қоғамдық өмірдің басты құралы, оны нығайту, дамыту саясаттың маңсаты. Қазақстан халқы мемлекеттік өкімет билігін тікелей жөне өз өкілдері арқылы жүзеге асырады.

Конституцияның 2-бабында: "Қазақстан Республикасы Президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет" деп көрсетілген. Мемлекеттік құрылымға жаңаша сипат беретін бұл қағида Конституцияның ең басты жаңалығы.

Конституциядағы басты мәселенің бірі – жоғары мемлекеттік органдар жүйесіндегі Президенттің орны, рөлі жөне мәні. Дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы елдерде басқарудың Президенттік жүйесі көптен бері қолданылып келеді.

Конституцияның үшінші бөлімі "Президент" деп аталағы, ол 9 баптан тұрады. "Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі жөне сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде жөне халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлаға" (40-бан). Ол – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мыздықтығының, адам жөне азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны өрі кеңілі. Ол өз төрелігімен мемлекеттік биліктің бүкіл тармақтарының келісіп қызмет етуін жөне өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті халыққа: "Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясының заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде айт етемін", – деп айт берген кезден бастап өз қызметіне кіріседі.

Президенттік басқару жүйесі Президентке үлкен жауапкершілік жүктейді. Мемлекеттік құрылымста Президенттің бірінші қатарға қойылуына байланысты халық-

тың, мемлекеттің, әр азаматтың алдындағы оның жауапкершілігі аса жоғары. Соған сөйкес, Президентке де жұмыс істеу мүмкіндігі берілген. Оның парламентке ықпалы да Конституцияда айтылған. Премьер-министрді өзі ұсынып, үкіметтің басқа басшыларын тікелей өзі тағайындаудына, Жоғарғы сотты және басқа судьяларды бекітуіне байланысты биліктің бұл салаларында да Президенттің ықпал ете алуды көзделген. Президент – халық сайлаған ерекше тұлға.

Ата заңың төртінші бөлімінде парламент туралы негізгі баптар жүйеленген. Парламент – заң шығару қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының ең жоғарғы органы болып табылады. Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады. Сенатты әр облыстан, республикалық мәнзы бар қалалардан және Қазақстан Республикасы астанасынан екі адамнан және тиісінше облыстардың, республикалық қалалардың және республика астанасының барлық өкілді органдары депутаттарының бірлескен мәжілісінде сайланатын депутаттар құрайды. Сенаттың же ті депутатын Парламент өкілеттігі мерзіміне Президент тағайындейды. Мәжіліс – сайлаушылар саны тең бір мандатты аймақтық сайлау округтері бойынша сайланатын депутаттардан құрылады.

Парламент депутаттарын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте немесе жанама сайлау құқығы негізінде, жасырын даусыс беру арқылы өткізіледі. Конституцияның 55-бабында Парламенттің атқаратын қызметі тұжырымдалған.

Конституцияның V бөлімі "Үкімет" деп аталады. Үкімет Қазақстан Республикасының атқару билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылықты жүзеге асырады. Үкімет өзінің бүкіл қызметінде Қазақстан Республикасы Президенттің алдында жауапты болады. 53-баптың 6-тармағында және 57-баптың 6-тармағында көрсетілген реттерде Парламент алдында есеп береді. Үкіметтің құзыреті, үйымдастырылу және қызмет төртібі Конституция-

лық заңмен белгіленеді. Үкімет мүшелері Қазақстан халқы мен Президентіне ант береді.

Үкімет: 1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын өзірлейді және олардың жүзеге асырылуын үйымдастырады; 2) Парламентке республикалық бюджет пен оның орындалуы туралы есеп өзірлейді және ұсынады, бюджеттің орындалуын қамтамасыз етеді; 3) мәжіліске заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді; 4) мемлекеттік меншікті басқаруды үйымдастырады; 5) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар өзірлейді; 6) Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқару органдарының қызметіне басшылық жасайды. Осы 66-бапта үкіметтің атқаратын басқа да қызметтері анықталған.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі үкіметтің қызметін үйымдастырып, оған басшылық жасайды және оның жұмысы үшін жеке өзі жауап береді.

Конституцияның VIII бөлімінде жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару органдарының қызметі анықталған. Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аймақтарғы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

Жергілікті өкілді органдар – мәслихаттар тиісті әкімшілік-аймақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді және жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыру үшін қажетті шараларды белгілейді, олардың жүзеге асырылуына бақылау жасайды.

Мәслихаттарды жалпыға бірдей тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге халық сайлайды.

Мәслихаттар аймақты дамыту жоспарларын және оның әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджет пен олардың атқарылуы туралы есептерді бекітеді, өздерінің қаралына жатқызылған жергілікті әкімшілік-аймақтық құрылышы мәселелерін шешеді, Заңмен мәслихат құзыретіне

жатқызылған атқарушы органдар басшыларының есептерін қарайды, т.б. жергілікті мәселелермен айналысады. Ал жергілікті атқарушы органдар аймақты дамыту жоспарларын экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджеттің жобаларын және олардың орындалтуын қамтамасыз етеді, коммуналдық меншікті басқарады, жергілікті атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешеді.

Қазақстан Республикасының жергілікті соттары Қазақстан Республикасының сот жүйесін құрайды. Сот жүйесі Конституциялық Заңмен белгіленеді. Сот Конституция мен Заңға ғана бағынады.

## № 7 Дәріс

### Мемлекет

#### Дәріс жоспары:

1. Мемлекеттің пайда болу себептері, белгілері.
2. Мемлекет қызметтері.
3. Мемлекет түрлері.
4. Мемлекеттің саяси режимі.
5. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам.
6. Қазақстан Республикасы – егеменді унитарлы мемлекет.

#### 1. Мемлекеттің пайда болу себептері, белгілері

Мемлекет деген ұғым бірнеше мағынада қолданылады. Біріншіден: қоғамды басқаратын аппарат. Себебі "ұқімет" деген ұғымға сай.

Екіншіден: қоғам мүшелерінің ассоциациясы. Мұнда "халық", "ел", "қоғам" сөздеріне сәйкес.

Мемлекет саяси жүйенің негізгі бөлігі болып саналады. Мемлекет алғашқы қауымда болған жоқ. Себебі алғашқы қауымдық құрылыста теңсіздік болған жоқ. Құл иеленушілік құрылыста мемлекет пайда болды, себебі өмірге басқарушылар мен бағынушылар келді. Мемлекеттің пайда болуы туралы әр түрлі анықтамалар бар:

**1. Патриархтық теория.** Оның негізін салушы XVIII ғ. өмір сүрген ағылшын ойшылы Роберт Філмер. Ол мемлекеттің пайда болуын рулардың тайпаға, тайпалардың одан үлкен қауымдастыққа, олардың одан әрі мемлекетке дейін бірігуінен деп санайды.

**2. Қоғамдық келісім теориясы.** Негізін салушылар: Т. Гоббс, Г. Гроций, Ж. Ж. Руссо. Мемлекет төуелсіз өмірші мен оның қол астындағы адамдардың келісімі арқылы пайда болды.

**3. Теологиялық теория.** Негізін салушылар: А. Августин мен Фома Аквинский. Мемлекет құдайдың құдіретімен пайда болған.

**4. Зорлық жасау теориясы.** Негізін салушылар: Е. Дюринг, Л. Гумплович, К. Каутский. Мемлекет бір елді екінші елдің басып алуының нәтижесінде арасындағы қатынастарды реттеу үшін пайда болды.

**5. Географиялық теория.** Негізін салушылар: А. Гатцель, В. Соловьев, Б. Чичерин. Мемлекеттің пайда болуы географиялық ортаның әзгешеліктерінен деп түсіндіреді.

**6. Психологиялық теория.** Адамдарға бағыну мен құлшылық ету қажеттігі мәңгі бақи тән болған дегенді айтады.

**7. Марксистік теория.** Мемлекет жеке меншік пен таптың пайда болуынан туған дейді. Яғни, экономика жағынан үstem болып тұрған таптың мұддесін қорғап, басқа таптардың қарсылығын басу үшін керек дейді.

**8. Шетелдік зерттеушілер мемлекеттің мәнін таптық күресті бітістіруде, татуластыруда деп біледі. Қоғамға қауіпті өлеуметтік шиеленістерді асқындырмауга тырысып және оларды бейбіт саяси жолмен шешу үшін мемлекет негізгі өлеуметтік топтар арасындағы қатынастарға**

белсene араласып, ортадағы өділ төреші сияқты болуы керек дейді.

Қорыта келе, мемлекет деп – белгілі бір аумақ шеңберінде адамдардың өлеуметтік топтар, таптар мен бірлестіктердің қатынастары мен қызметтерін ұйымдастыратын, бақылайтын қоғамның саяси жүйесінің негізгі элементін айтамыз.

### **Мемлекеттің мынадай белгілері болады:**

1. Өзінің шекарасы бар, белгілі территориясы болады. Өндірістің өркендеуі, сауданың өсуі, еңбектің бөлінуі, халықтың көбеюі көсіпке байланысты аумақтың бөлінуге әкелді. Аудан, облыс, штат, т.с.с. пайда болды.

2. Ерекше үкімет аппараты болады: мемлекетте өр түрлі мөселелерді шешу үшін қарулы әскер, шенеуніктік аппарат, полиция, сот, барлау, шіркеу, баспасөз, т.б. құралдар қажет болады.

3. Мемлекет егеменді болуы керек. Ол – ішкі және сыртқы істерін атқарудағы толық төуелсіздігі, дербестігі.

4. Ішкі істер органдары, тергеу комитеті, прокуратура. Қылмыс жасағандарды еркінен айырудан бастап, өлім жазасына дейін кесе алады.

5. Салық салу. Үкімет аппаратын ұстау үшін халыққа салық салады.

6. Мемлекеттің азаматтығын алу қажет. Сол жерде туып, өсken соң, сол елдің азаматы болуың керек, онсыз мемлекет тарапынан қорғаныш болмайды.

Осы айтылған белгілер мемлекетті басқа ұйымдардан ерекшелендіреді.

## **2. Мемлекеттің қызметтері**

**Мемлекеттің ішкі, сыртқы қызметтері болады.**

**Ішкі:**

1. Экономикалық салада мемлекет көсіпкер, жоспаршы, үйлестіруші ретінде мөселелерді шешеді. Экономикалық бағдарламаны жасайды. Халық шаруашылығы-

ның өр түрлі салаларының арасындағы байланыстарды реттеуге, экономикалық интеграцияны өрістетуге, ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін енгізуге, т.с.с. қатысады.

2. Әлеуметтік өмірді үйымдастырады. Халықтың әл-ауқатын, өмір деңгейін көтеру, денсаулықты сақтау ісін жақсарту, тұрмыс қажетін өтеуді жетілдірумен айналысады.

3. Зандылықты қамтамасыз етеді. Ел ішінде қарапайым төртіпті сақтауға, қылмысқа қарсы күресті өрістетуге, әкімшілік зорлыққа жол бермеуге басшылық етеді.

4. Мәдени-тәрбиелік салада мемлекет халыққа білім беру және оқу-ағарту ісін, ғылымды, өдебиет пен өнерді дамыту жөнінде қамқорлық жасайды.

### Сыртқы:

1. Мемлекеттің тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау.  
2. Өзін-өзі билеу, егемендігін сақтау, басқа елдермен тиімді қарым-қатынасты орнату, олармен бірге алынған міндеттердің екі жаққа бірдейлігін қамтамасыз ету.

3. Өз елінің саяси мұддесінің ықпалдылығына, ұтымдылығына, өтімділігіне, тиімділігіне жағдай жасау, басқа елдердегі жаңалықтар туралы өз еліне дер кезінде мөліметтер беру және т.б.

4. Жалпы адамзаттық, аймақтық саяси негізде интеграциялық процестерді дамыту.

Қорытындылай келе, мемлекеттің ең басты міндеті – қоғамның тұрақтылығын орнатып, қалыпты тіршілігіне жағдай жасау. Ол өр түрлі топтарға, жіктерге бөлінген қоғамның бірлігін қамтамасыз етуге туіс.

### 3. Мемлекеттің түрлері

Мемлекеттің түрі деп оның ішкі құрылышын, үйымдастырылуын және мемлекеттік биліктің жүзеге асырылу тәсілін айтады. Мемлекеттің үш жағы бар:

1. Басқару түрі.

2. Саяси тәртібі.

3. Мемлекеттік құрылышы.

Басқару түрі жоғарғы өкімет билігі кімнің қолында екендігін көрсетеді.

Монархия деп мемлекеттің жоғарғы өкімет билігі же-ке-дара, бір билеушінің қолында болып, ол өкеден ба-лаға мұра ретінде қалатын түрін айтады. Монархия абсо-люттік, конституциялық болып белінеді. Абсолюттік мо-нархия деп жоғарғы өкімет билігі бүтіндей, тұтас, фор-мальді түрде де шектелмestен бір адамның қолында түр-ған құрылышты айтады. Мысалы, Ресейдегі Романовтар әулеті. Қазір басқарудың мұндай түрі жоқ.

Конституциялық монархияда монархтың билігі бел-глі дөрежеде заң шығаратын билік парламентпен шекте-леді. Қазір Бельгия, Голландия, Дания, Иордания, Испа-ния, Норвегия, Люксембург, Морокко, Жапонияда сақ-талған.

Республика деп мемлекеттік биліктің барлық жоға-ры органдары белгілі бір уақытқа сайланатын немесе өкіл-дік мекемелер арқылы қалыптасатын мемлекеттік басқарудың түрін айтады.

Республика президенттік және парламенттік болып белінеді.

Президенттік басқаруда мемлекеттің де, үкіметтің де басшысы президент болып саналады. Оны парламент не-месе халық сайлайды. Егер президентті парламент сайла-са, "парламенттік президент" дейді. Конституция бойынша президентке белгілі бір құқықтар беріледі. Ол құжатқа премьер-министрдің қолы керек. Оныз Пре-зидентті жалпыға бірдей, құпия түрде, сайлау арқылы халық сайласа, ондай мемлекетті президенттік респуб-лика дейді. Ондай президенттің билігі зор. Мысалы, АҚПП. Мұнда атқарушы билік парламентке бағынбай-ды. Президент үкіметті өзі тағайындал, өзі басқарады.

Парламенттік тәртіпте елдің жоғарғы басшысы парла-ментке бағынады. Мұнда заң шығарушы билік те, атқа-руши билік те парламентке тәуелді. Ол салықты белгі-

лейді, бюджетті бекітеді, сottарды құрады, соғыс аша алады, әскерді қамтамасыз етеді, т.с.с.

Парламент екі палатадан тұрады. Жоғарғы палата сенат арқылы, ал төменгі палата жалпыға бірдей тікелей сайлау арқылы қалыптасады. Парламент бірпартиялық жөне екіпартиялық болуы мүмкін.

Бірпартиялық парламент кішкентай елдерде кездеседі. Мысалы, Финляндияда бірпартиялық парламент қызмет етеді. Дамыған елдерде екіпартиялық парламент жүйесі қалыптасқан.

Мысалы, АҚШ респубикалық жөне демократиялық партиялардан тұрады.

Әр елде парламентті әр түрлі атайды

АҚШ, Филиппинде – Конгресс;

Польша, Финляндияда – Сейлі;

Иран, Түркияда – Мәжіліс;

Израильде – Кнессет;

Швейцарияда – Риксдаг;

Францияда – Ұлттық жиналыш дейді.

Мемлекет құрылышына қарай унитарлық, федерациялық, конфедерациялық болып бөлінеді.

Унитарлық құрылышта саяси билік бір орталыққа бағынады, мемлекеттің ішінде өз алдына бөлек басқа құрылымға жол бермейді. Оның жері, конституциясы бір болады. Мемлекеттік биліктің жоғарғы органдар жүйесі, азаматтығы ортақ. Мысалы: Қазақстан, Италия, Греция, т.с.с.

Федерация деп белгілі бір саяси төуелсіздігі бар бірнеше мемлекеттік құрылымдардың бірігіп одактық жаңа бір мемлекет құруын айтады. Жалпы мемлекеттік конституция барлық міндеттерді реттейді. Әрқайсысының жоғарғы билеу органдары болады. Барлығы ортақ институттарға бағынады. Мысалы, АҚШ, Германия, Канада, т.с.с.

Конфедерация деп өздерінің кейбір амал-әрекеттерін үйлестіріп, белгілі бір мақсаттарды жүзеге асыру үшін бірлескен егеменді елдер одағын айтады. Міндетті ортақ заңдары болмайды. Мысалы, бұрын Швейцарияда, Солтүстік Америка Штатында болған.

## 4. Мемлекеттің саяси режимі

Негізгі мәні:

- мемлекет басшысынын рөлі, қызметі мен өкілеттері;
- мекемелер өкілділігін күрattyн әдістер;
- зан шығаруши, аткаруны, сот өкіметтерінін өзара қарым-катынасы;
- өкіметтің орталық және жергілікті органдарының өзара қарым-катынасы;

Түрлері:

Демократиялық:

Қамтыған бағыттары:  
парламенттік-монархиялық, парламенттік президенттік, жартылай президенттік.

Эміршіл - өктем:

олигархиялық, конституциялық - өктемдік, аскери-фашистік.

- күш колданатын, үстемдік жасайтын және жазалайтын органдарының жағдайы мен қызметі;
- коғамдық-саяси үйимдардың ықпалдығының деңгейі мен қызметтінін жағдайы;
- зазаматтардың заңдық және ақиқаттық күкүйтари мен бостандыктары.

Тоталитарлық:

фашистік аскери - диктатуралық, нәсөтшілдік, жеке адамға табыну.

Отпелі:

аскери-демократиялық, буржуазиялық либералдық, революциялық-демократиялық.

## 5. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам

Азаматтық қоғам туралы елеулі еңбек қалдырып, үлес қосқандар: Ш. Монтескье, Ж.Ж. Руссо, Т. Гоббс, Т.Пейн.

Азаматтық қоғам деп мемлекеттік құрылымнан тыс қалыптасатын өлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани қоғамдық қатынастардың жиынтығын айтады.

Азаматтық қоғамға отбасы, коопeraçãoлар, қоғамдық үйымдар, ассоциациялар, көсіби, шығармашылық, спорттық, этникалық, т.с.с. бірлестіктер жатады. Мұнда өрбір адамға саяси, экономикалық, рухани өмірінің түрін еркін тандауына кепілдік береді. Адамның құқықтары қорғалады.

Азаматтық қоғамда өр адамның өз еркімен өр түрлі меншік түрі тандауына, белсенді еңбек етуіне жол ашылады.

Саяси салада да тәмендегідей құқықтар негізге алынады:

1. Ұлттық-этникалық, саяси, діни, жастық, жыныстық белгілері бойынша қандай да болсын алалаушылық-қа жол берілмейді.

2. Жеке тұлға мен азаматтық абыройы болып саналатын үйі мен мұлқі, мамандық таңдау еркіндігі, тұратын мекенін тандау, телефон-хаттағы сез құпиялышы, сез, баспасөз, т.с.с. заң жүзінде сенімді қорғалады.

3. Адам өзінің кезқарасы мен рухани мұddeлерін өзі шешеді.

4. Азаматтық құқықтар сот органдары мен қоғамдық үйымдар тарарапынан толық қорғалады.

Азаматтық қоғам материалдық, мәдени жоғары дамыған кезде құқықтық мемлекетке айналады.

Құқықтық мемлекет деп демократиялық жолмен қабылданған заң үстемдік ететін, оның алдында бәрі де тең саналатын, жеке адамның құқығы жан-жакты қамтамасыз етілетін мемлекеттік құрылышты айтады.

Заңдар халықтың еркіндігін білдіреді. Мұнда мемлекетте, халық та екіжақты өзара жауаптылықта болады.

Мұнда қысым мүлде болмайды, оларға жол берілмейді. Адам құқығы биік дөрежеде сақталады.

Құқықтық мемлекет белгілері:

1. Үкіметті заң шығарушы, атқарушы, сот жүйесі арқылы жіктеу.

2. Мемлекеттің өзі және органдары заңға байланысты.

3. Мемлекеттік және мемлекеттік емес институттардың қызметтері мен өкіметтігін шектеу.

4. Заңның қоғам өмірінің барлық саласында жоғары тұруы.

5. Заңдылықты сақтауды қадағалау мен бақылаудың тиімді формаларының болуы.

6. Мемлекет пен жеке адамның өзара қатар жауапкершілігінің болуы.

## 6. Қазақстан Республикасы – егемендік үнитарлы мемлекет

1991 жылы 1 желтоқсанда жалпыхалықтық дауыс беру арқылы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының президенті болып сайланды. 1991 жылы 10 желтоқсанда "Қазақстан ССР-і атының өзгеруі туралы" заң қабылданып, "Қазақстан Республикасы" атацды. 1991 жылы 16 желтоқсанда "Қазақстанның Егемендігі туралы" Конституциялық заң қабылданды. 1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасының Елтаңбасын, Туын, Әнұраның бекітті. 1993 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. 1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясы өзгертуліп, қайта қабылданды.

### Азаматтық қоғамның мәні

Адамзат қауымдастырының ең жоғары баспалдағы және формасы. Мұнда ерікті түрде қалыптасқан қоғамның экономикалық, әлеуметтік, рухани салаларындағы мемлекеттік және саяси емес құрылымдар: отбасы, үйим-

дар, кооперативтер, одактар мен басқа да бірлестіктер қамтылады.

1. Қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік, отбасылық, үлттық, рухани, адамгершілік, діни, өндірістік, жеке жөне т.б. мемлекеттік жөне саяси емес қатынастардың жиынтығы. Бұл адамдардың әдет-ғұрыштары, дәстүрі, адамгершілігі болып саналады.

2. Жеке тұлғалардың еркімен құрылған үйымдардың жөне азаматтардың ассоциацияларының салалары. Мұның бәрі мемлекеттік өкімет органдарының тікелей арасын немесе өзіндік шектеуіне жол бермейтін зандармен қамқорлыққа алынады.

## Азаматтық қоғамның белгілері

### Экономика саласында:

1. Ассоциациялар.
2. Отбасы.
3. Мемлекеттік емес көсінорындар.
4. Арендалық кооперативтер.
5. Жалгерлік үйымдар.
6. Акционерлік қоғамдар.

### Рухани өмірде:

1. Ой, ар, сез бостандығы.
2. Жамағат алдында өз пікірін айту мүмкіндігінің ақынты;

3. Шығармашылық, ғылым жөне басқа да бірлестіктердің дербестігі мен төуелсіздігі.

### Әлеуметтік салада:

1. Қоғамдық үйымдар мен қозғалыстар.
2. Қызмет орны мен тұрғын үй орны бойынша құрылған өзін-өзі басқаратын органдар.
3. Мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары;
4. Қоғамдық пікірлердің қалыптасуын, байқалуын анықтап отыратын әлемдік мәдениетке сай келетін тетіктерін орнықтыру.
5. Әлеуметтік қақтығыстарды, дау-дамайларды іс жүзінде күштеусіз, заң шеңберінде реттеу тәжірибесі.

## **Азаматтық қоғамның даму кезеңдері.**

1. Ертедегі қарапайым адамдардың шағын топтары өмір сүру мақсатында ішіп-жем мен баспа на табу, табиғат апатынан, аң-құстардан қорғану үшін тұрақсыз қауымдасуды қалыптастырыды.

2. Жылдар өткен сайын бірлестіктер саны өсіп, қызметі күрделіленіп тұрақты қалыпқа түсіп, орнықты ұйымдарға айнала бастады.

3. Азаматтық қоғам өз мұдделерін қорғау үшін мемлекет құрады, оған мүмкіндігінше қамқорлық пен бақылау жасайды.

4. Әлеуметтік прогрестің дамуы саяси өмірдегі ірі жаңалықтарға жол ашты. Бірақ азаматтық қоғам әлі де бұғанасы қатпаган жас сөбі сияқты мемлекет оны ығыстырып, адамдар тағдырын өз заңдары бойынша шешуге үмтىлды.

5. Уақыт озған сайын азаматтық қоғамның іргетасы көтеріліп нығая түседі, оның негізгі құрылымдары қалыптасады, оның ішінде қорғау қабілеті жетіледі. Қоғамның мемлекетпен арақатынасы заңмен реттеледі.

6. Жекеленген жөне өмірлік маңызы бар қоғамдық салалардың мемлекет ықпалынан қорғану деңгейі арта туреді. Саяси режимдер тұрақты қалыпқа келеді.

7. Дамыған елдердегі "өл-ауқатты" мемлекетке айналуына байланысты азаматтық шектеу пайда болады.


8. Дүниежүзлік тарихи даму барысында адамдардың шын тенденция орнату, олардың тубегейлі арманын, мұдделерін азаматтық құқықтық қоғам реттейді. Әр адам өз еңбегінің нәтижесіне жауапты болады.

## **Азаматтық қоғам құрылышының өмір сүру шарттары**

1. Әрбір азаматтың өз меншігіне толық қожалық етуге сол сияқты жеке, не ұжымдық меншік түрлерін өзі басқаруға құқығы бар.

2. Қоғамдағы сан қылы әлеуметтік қауымдастықтың мұдделерін білдіретін жетілген, дамыған әлеуметтік құрылымдар болуы шарт.

3. Қоғам мүшелерінің жоғары әлеуметтік, санат-керлік және психологиялық даму деңгейі, өз бетінше қызметке бейімділігі болуы шарт.



## Президенттік және парламенттік республикалар (салыстырмалы талдау)

Параметрлері	Президенттік республика	Парламенттік республика
Президенттің функциясы	Өте кен. Дегенмен, парламентті тарату құқы жоқ	Таза өкілділік. Бірақ үкімет басшысы – бірінші тұлға
Үкіметті құру	Президент іске асырады. Ол мемлекет пен үкімет басшысы	Парламенттің басым бөлігін партия мен коалиция екілдептілігін парламенттік жолмен іске асырады
Заң шығаруышы және атқаруышы үкіметтің өзара қарым- қатынасы	Қатаң шектелген	Парламенттің алдында формальды жауапты. Парламент жұмысына бакылау жасайды
Парламент тарапынан үкіметке сенімсіздік	Мүмкін емес	Мүмкін. Үкіметті отставкаға шыгарға алады
Саяси партиялардың қызметтері	Өз кандидаттарын мемлекеттік орындарға өткізеді. Өз бағдарламасын жасайды	Өз кандидаттарын парламентке откізуге ұмтылады. Барлығы бакылау арқылы жүреді

## Мемлекет құрылышының нысандары

Белгілері	Унитарлық	Федерация	Конфедерация
Конституция	Бірыңғай тұтас	Өз конституциясын жалпыдағы өзгеше кабылдайды	Жалпы Конституция болмайды
Окіметтің жоғарғы органдары	Бірыңғай тұтас	Екі палаталы парламент	Өз өкілділігі болады
Азаматтылық	Бірыңғай тұтас	Екіжақты	Тұтас емес
Құқық жүйесі	Бірыңғай тұтас	Субъектілерден шағын жүйелер (подстанция) шығара алады	Тұтастығы өте аз
Сот жүйесі	Бірыңғай тұтас	Субъектілер өздері шағын жүйелерді қабылдайды	Тұтас емес
Территория	Бірыңғай тұтас	Субъектілер территорияла-рынан тұрады	Территория бірікпеген
Валюта	Бірыңғай тұтас	Бірыңғай тұтас	Тұтас емес -



## Саяси партиялар және партиялық жүйе

### Дәріс жоспары:

1. Саяси партиялардың пайда болуы, мәні, белгілері.
2. Саяси партиялардың негізгі қызметтері.
3. Саяси партиялардың жіктелуі, түрлері.
4. Қазақстандағы көппартиялылық.

### 1. Саяси партиялардың пайда болуы, мәні, белгілері

Қазіргі типтегі саяси партиялар мен партиялық жүйелердің қалыптасу кезеңі XVI-XVII ғасырларда Еуропада болған буржуазиялық революциялар дәуірімен тікелей байланасты. Тек XX ғасырдың соңғы жылдарында олар саяси күресте шындалған, басқару жағынан мол тәжірибесі бар әр түрлі өлеуметтік топтардың сыннан өткен нағыз саяси партиясына айналды.

"Партия" деген сөз латын тілінен шыққан, бөлу, бөлшек деген мағынаны білдіреді. Тұңғыш, алғашқы саяси партиялар Ежелгі Грекияда пайда болған. Бірақ олардың мүшелері аз, шамалы, дұрыстап үйымдаспаған. Сондықтан мұндай шағын топтардың айтарлықтай маңызы болмады.

Қазіргідей нағыз саяси партиялар Еуропада XIX ғасырдың екінші жартысында пайда бола бастаған. Жалпыға бірдей сайлау құқығының енгізілуі бұқара халықтың саясатқа қатысу мүмкіндігін тудырады. Жұмысшылар үйымдастып, парламентте өз мүдделерін қорғайтын партиялар құра бастады. Партия бірден көшпілік партияға айналған жоқ. Немістің көрнекті саясаттанушысы Макс Вебер саяси партиялардың дамуында мынандай кезеңдерді көрсетті:

1. Аристократиялық үйірмелер.
2. Саяси клубтар.
3. Көшпілік партиялар.

Мұнда аристократиялық үйірмөлөр жер иелерінің мақсатын қорғаса, саяси клубтар буржуазияның муддесін қорғады. Ал көпшілік партия үнемі көпшілікпен байланысты болады. Барынша өз қатарына көбірек адамдарды тартады. Бұл кезеңдерді тек Ұлыбританияның либералдық (виги) және консервативтік (тори) партиялары ғана басынан өткізген. Басқа партиялар өр түрлі даму жолдарынан өткен. Біразы бірден көпшілік партияға айналды.

Тұңғыш көпшілік партия болып 1861 жылы Ұлыбританияның либералдық партиясы құрылды. Одан кейін Германияда 1863 жылы жалпы Германияның жұмысшы Одағы партиясы құрылды. Мұндай партиялар басқа да елдерде құрыла бастады.

Американың саясаттанушысы Ла Паломбараның айтудынша партиялар мынадай 4 белгімен сипатталады:

1. Партия белгілі бір идеологияны қорғайды;
2. Партия – адамдарды жергілікті үйымнан бастап, халықаралық дәрежеге дейін ұзақ біріктіретін үйим.
3. Партияның мақсаты – билікті қолға алғып, жүзеге асыру.
4. Эр партия өзіне халықтың дауыс беруінен, мүшеболуына дейінгі қолдауын қамтамасыз еткісі келеді.

Партиялардың өмір сүру ұзақтығы дау-жанжалдардың тууы мен оларды шешу қажеттігінен туады. Жалпы саяси партиялардың мынандай сипатты белгілері болады:

1. Партия бағдарламасының болуы;
2. Саяси билік үшін күрестің болуы;
3. Партиялық тәртіптің болуы;
4. Партияға мүшелік ету;
5. Мүшелік жарна төлеу;
6. Партияның жарғысының болуы;
7. Баспа органдарының болуы;
8. Партия басшылығының көптеген өкілеттігі;
9. Көсіптік негіздегі партия аппаратының болуы.

Осындай белгілері бар саяси партиялар тапты немесе өлеуметтік топты үйымдастырады, жұмысына мақсаттылық-сипат береді, белгілі бір идеологияны қорғайды, бағыт береді.

## 2. Саяси партиялардың негізгі қызметтері

Поляктың саясаттанушысы А. Боднардың ойынша, қазіргі қоғамда саяси партиялар мынадай қызметтер атқарады:

1. Саяси идеология мен саяси ілімдерді жасау;
2. Қоғамның ірі топтарының мақсат-мұдделерін анықтау;
3. Олардың белсенділігін арттырып, жинақтау;
4. Мемлекеттік билікті іске асыруға қатынасу;
5. Қоғамдық пікірді қалыптастыру;
6. Жалпы қоғамды, топты саяси тәрбиелеу;
7. Саяси жүйелерді, оның принциптерін, элементтерін, құрылымдарын қалыптастыруға қатысу;
8. Мемлекетте билік үшін күреске қатынасу және оның жұмысының бағдарламасын жасау;
9. Мемлекеттің, көсіподактарының, қоғамдық үйімдарының аппараты үшін кадрлар даярлау, ұсыну.

Қазіргі демократиялық қоғамдағы партияның маңызды міндеті – азаматтық қоғам мен мемлекеттің арасындағы байланысты баянды ету. Партиялар арқылы өр түрлі өлеуметтік топтар өздерінің саяси талаптарын мәлімдейді. Бұрынғы өлеуметтік-экономикалық саясатты одан өрі жүргізу немесе оны өзгерту керектігі жөнінде өздерінің көзқарастарын білдіреді.

Сонымен саяси партиялардың негізгі қызметтері төмендегідей:

### Саяси:

Билік үшін күрес. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын жасауға, қалыптастыруға, іске асыруға тікелей қатынасу. Балама ұсыныстар асыру. Сайлау науқанына белсенді түрде ат салысып, оған байланысты бағдарламаны орындау. Саяси бағытты тұжырымдау.

### Үйімдастырушылық:

Бағдарламалық мақсаттар мен шешімдерді жүзеге асыру. Сайлау науқанын өткізу. Сайларап қойылатын қызметтерге кандидаттар іріктеу. Басқару элитасына кадрлар дайындау ұсыну. Үкімет құрамын, сол сиякты басқа да билікті құрылымдарды құрастыруға қатысу.

### **Теориялық:**

Қоғам дамуының негізгі салалары бойынша және оның даму жолдарын талдап, теориялық жағынан бағалау. Әр түрлі әлеуметтік топтардың мұдделерін анықтаپ үйлестіру. Қоғамды жаңартудың стратегиясы мен төсілін тұжырымдау, бұқараны қымыл бірлігіне теориялық жағынан өзірлеу.

### **Идеологиялық:**

Еңбекшіл бұқара арасында өз кез-жарасын, ізгі мұраттарды тарату, оны іскерлікпен үштастыру. Өз бағдарламасы мен саясатын на-сихаттау. Азаматтардың түбекей-лі мұдделерін ескере отырып өз бағытын қолдауға жұмылдыру және партия қатарына тарту,

т.с.с.

Көріта келе, партия деп – мемлекеттік билікті қолға алуға немесе билік жүргізуге қатынасуға бағытталған, ортақ мұдде, бір идеология негізінде құралған адамдардың ерікті одағын айтады.

### **3. Саяси партиялардың жіктелуі, түрлері**

Саяси партияларды жіктеп, жүйелеудің көптеген өлшем және белгілері бар.

Француз ғалымы М.Дюверже сайлаушылар мен белсенділер санына қарай екіге бөлген:


#### **Кадрлық:**

Сайлаушылардың 10% ғана болатын мүше саны аз, үйимдестірушылық жағынан жоғары деңгейде. Әр мүшесінің партиялық билеті бар. Мүшелік жарна төлейді. Жарғысын мұлтіксіз орындайды. М: ГФР-дің Христиандық-демократиялық одағы, Жапония либералдық-демократиялық партиясы, Француз коммунистік партиясы.

#### **Бұқаралық**

Сайлаушылары көп, мүшелері белсенділері де көп. Партиялық билеті жоқ, мүшелік жарна төлемейді. Мысалы: Ұлыбританияның Лейбористер партиясы, АҚШ-тың респубикалық және демократиялық партиялары.

## Саяси жүйедегі рөл мен іштегі үйымдастыруна байланысты



**Сайлаушылар партиясы** – бұл партияның негізгі мақсаты үміткердің сайлау алдындағы науқанын үйымдастыру: қаржы жинау, үгіт жүргізу, т.с.с. Мұнда тұрақты мүшелік жоқ, үйымдық құрылым жоқ.

**Парламенттік партия** – екі қызмет атқарады: парламентке бақылау жасайды, сайлауға дайындалады.

**Авангардтық партия** – орталықтанған өзінің барлық мүшелерінен партияның жұмысына белсенді қатынасуын талап етеді.

**Қауымдастық партиясы** – ортақ көзқарас, үқсас мұдделеріне орай маңызды мәселелерді талқылау үшін біріктіріледі.

## Саяси идеологиясына қарай:

Коммунистік

Социал - демократиялық

Буржуазиялық - демократиялық

Консервативтік

Фашистік

**Коммунистік партиялар** – К.Маркстің ілімін басшылыққа алады. Тапсыз, меншіктің жеке түрі жоқ қоғам мұддесін қорғайды.


**Социал-демократиялық партиялар** – бұл партиялар үнемі еңбекші халықтың мұддесіне сай қоғамды реформалап отырады. Негізгі құндылықтары: өділеттілік, бостандық, теңдік, ынтымақтастық.

**Буржуазиялық-демократиялық** – билік үшін ашық күрес жүргізеді. Үкіметке жалпыға бірдей сайлау арқылы жетеді. Заң алдында бәрінің де тең болғанын қалайды.

**Консервативтік партиялар** – ірі буржуазияның мұддесін қорғайды. Теңсіздікті сақтағысы келеді.

**Фашистік партиялар** – адам құқықтары мен бостандықтары шектеледі. Ұлтшылдықты уағыздайды. Жеке мұддеден мемлекеттік мұдде жоғары тұрады. Құштеу басым болады.


#### Саяси омірдегі алатын орнына қарай



**Билемеші партиялар** – билік қолға жеткен соң, қоғам дамуының басты бағыттары мен сипатын айқындауға мүмкіндік туады. Яғни, басқа партиялардың үстінен билік жүргізеді.

**Оппозициялық партиялар** – олар басқарушы партияның саясатын сын көзben бағалайды. Қарсыластық қасиет тән.


#### Жұмыс істеу жағдайына байланысты



**Ресми партия** – жұмысын ашық жүргізеді. Қоғамдық саяси өмірге қатынасуына заң жүзінде рұқсат етіледі. Мемлекеттік тіркеуден өтеді.

**Жартылай ресми партия** – формальді түрде рұқсат етілген, кейбір жұмысына шек қойылған.

**Құпия партиялар** – заң бойынша тыйым салынған, жұмысын жасырын жүргізеді.



**Бірпартиялық** – өзінен басқа партияның болғанын қаламайды. Мұндай партия тоталитарлық және авторитарлық қоғамға тән. Мысалы: бұрынғы КСРО-дағы коммунистік партия.

**Екіпартиялық** – мұнда нағыз бессекелестік ірі екі партия арасында болады. Жалпы сайлау арқылы үкімет базына келеді. Үнемі бір-бірін сынға алғып отырады. Мысалы: АҚШ-тагы республикалық және демократиялық партиялары, Ұлыбританиядағы консерваторлар мен лейбористер партиялары, Германиядағы христиандық-демократтар мен социал-демократтар.

**Кепартиялылық** – мұнда үш немесе одан да көп партиялар болады. Саяси мәселелер жан-жакты қаралады, бюрократияға тежеу салынады. Билік базына нағыз дарынды адамдардың келуіне мүмкіндік туады. Мысалы: қазіргі Қазақстан Республикасы. Мемлекеттік билікті жүзеге асыру үшін партиялар коалиция құруы мүмкін.

**Коалиция** деп жалпы мақсатқа жету үшін партиялардың жасаған бірлігін айтады. Мынандай түрлері бар:

1. Парламентке қатысадын партиялардың ешқайсысы өз алдына бөлек басқара алмаған уақытта құралған кепартиялық коалиция;

2. Екі партия бірігіп үкіметті басқара алатындау уақытта құрылатын екіпартиялық коалиция;
3. Билік үшін бәсеке екі партия одағының арасында болса, екі блоктық коалиция болады;
4. Егер дербес партия үзак уақыт билік етсе, оны басымдық коалициясы дейді.

Барлық саяси партиялардың жұмысы Конституцияға қайшы болмауы керек.

#### 4. Қазақстандағы көппартиялылық

Қазақстанда ең алғаш Ә.Бекейхановтың бастауымен 1905 жылы желтоқсанда Орал қаласында өкілдер съезі шақырылып, кадет партиясының бөлімі (филиалы) құрылды. Ол ешқандай мәселені шешпеді. Қазақтардың өзін-өзі билеуі немесе автономиясы туралы сөз де болған жоқ.

1917 жылы 21 қазанда "Қазақ" газетінде "Алаш" партиясының бағдарламасын басып шығарды. Онда: Ресей демократиялық федеративтік республика, ал оған кіретін мемлекеттер төуелсіз болуы керек; мұндағы мемлекеттер дініне, шыққан тегіне, жынысына қарамай бәрі де тең, ақысыз білім алуы, басқарушылар жергілікті халықтың тілін білуі керек, т.с.с. жазылған.

1917 жылы желтоқсанда Орынборда жалпы қазақтың екінші съезі шақырылып, "Алашорда" үкіметінің құрылғандығын хабарлады. Басшысы Ә. Бекейханов болып сайланды. 1918 жылы қарашада Алашорда үкіметі кеңес әскерлерінің күшімен талқандалды. "Алаш" партиясының басшылары қуғын-сүргінге ұшырады.

1917 жылы күзде "Үш жұз" деген партия құрылды. Оның басшысы Қ. Тоғысов болды. Ал Кеңес үкіметі уақытында жалғыз басқарушы партия СОКП болды.

1986 жылғы желтоқсан көтерілісінен кейін "Желтоқсан" партиясы дүниеге келді.

Қазіргі кездегі негізгі мәселе – республикамызда тәуелсіз әлеуметтік бағыт алған, демократиялық, құқықтық

мемлекет құру. Барлық партия оған келіседі, тек қандай тәсіл-әдістер, құралдар қолдану керек.

Республикадағы барлық партиялар өздерінің бағдарламаларында демократиялық құндылықтарды жақтайтындығын, нарықтық-экономикаға тырысатындығын білдіріп, азаматтық келісім мен тұрақтылық болғанын қалайтындықтарын білдіреді.

Қазақстанда партиялар саны өсуде.

### Қазақстан социалистік партиясы (ҚСП)

Республиканың саяси өмірінде бұл партия 1991 жылы 7 қыркүйекте пайда болды. Қазақстан Компартиясының кезекten тыс съезі өзін Қазақстанның социалистік партиясы деп атау жөнінде шешім қабылдады.

Қазір ол 1586 жергілікті партия үйымдарын, 47 мыңнан артық ҚСП мүшелерін біріктіреді. Партиядагылардың 42 пайыздан астамы 40 жастан асқандар, 24 пайызы 40-50 арасындағылар. Олардың арасында көптеген мемлекеттік жүйенің басқарушылары, халық депутаттары бар.

ҚСП атқаруши органды болып Политисполком (саяси атқару комитеті) анықталған. Үйымдық жағынан партия территориялық, облыстық, қалалық, аудандық атқару комитеті жөне бастауыш үйым болып бөлінеді. Соңғы мәліметтер бойынша, ҚСП Оңтүстік Қазақстан облысында – 16,5 мың, Қызылорда облысында – 5 мыңнан аса, Солтүстік Қазақстанда – 4 мыңнан аса, Жамбыл облысында – 4 мыңнан аса мүшелері бар. 40-қа тарта үлт пен ұлыс өкілдері – ҚСП мүшесі.

Партия Еуразия кеңістігіндегі Одақты конфедеративтік негізде қайта құруға мүдделік танытты. ҚСП мүшелері дүниедегі адамгершілік, ізгілік принциптері өлемдегі социалистік теориялардың түрлі бағыттағы тұғырнамаларының негізі болды деп есептеді. Оның тәң төрағалары болып Петр Своик пен Фазиз Алдамжаров сайланды. Партия бүгінгі күні өз жұмысын тоқтатты.

## Қазақстан халық конгресі партиясы (ҚХКП)

Партия 1991 жылы 5 қазанда құрылған. Партияның тәң төрағалары болып "Невада – Семей" қозғалысының жетекшісі, белгілі ақын, саясаткер О.Сүлейменов пен "Аралды қорғау" қоғамдық қозғалысының жетекшісі, ақын, саясаткер М.Шаханов сайланды. Кейіннен М.Шаханов төрағалықтан кетіп, "Арал – Азия – Қазақстан" қозғалысына ауысты. Сондықтан партияның төрағалық қызметін В. Рогалев, Г. Ерғалиевалар атқарды. Оның құрылтайшылары Семей-Невада, Арал-Азия-Қазақстан қозғалыстары, Әйелдер одағы, Тәуелсіз Бірлесу көсіподағы, Қазақ тілі қоғамы мен республика жас құрылыштырылары ассоциациясы және ұлттық мәдени орталықтар болды.

ҚХК партиясының Солтүстік Қазақстан облысынан басқа 18 облыста өз үйімдары болды. ҚХКП – жас азаматтар партиясы. Оның мүшелерінің 50 пайыздан астамы – 40-45 жастағылар. Партия өзінің бас органы "Халық Конгресі", "Народный Конгресс" газеттерін 20000 тиражмен шығарып тұрды. Партия саяси, экономикалық, өлеуметтік өмір салаларына белсенді араласып, көптеген жаңа пікірлер мен ұсыныстар енгізіп отырды. Қазіргі уақытта партия жұмысын тоқтатты.

## Қазақстан халық бірлігі партиясы (ҚХБП)

Қазақстан халық бірлігі одағы 1995 жылы ақпан айынан бастап атальмыш партияға айналды. Халық бірлігі одағының құрылтай съезі 1993 жылы 6 ақпанды өтті. Онда саяси Кеңес сайланып, оның құрамына 71 адам мүшелікке енді. "Қазақстан халық бірлігі" одағының лидері болып Президент Н.Назарбаев сайланды. Одақтың төрағасы болып халық депутаты С.Әбдірахманов бекітілді. Басқару органдарына мемлекеттік билікте отырған бірнеше жас саясатшылар кірді. 1993 жылы 2 қазанда халық бірлігі одағының бірінші съезі болды. Бұған дейін республиканың 14 облысында, 20 каласында, 19 қалалық және

102 селолық аудандарында құрылтай конференциялары өткен болатын. Съезде одақтың лидері Президент Н.Назарбаев сөйледі. Одақтың тәрағасы болып, Қ.Сұлтанов сайланды. Сонымен қатар съезд жаңа Жарғы мен Бағдарламасын қабылдады. Одақты қозғалыс деп біліп, соған қарамай мүшелікке алуда жекелік принципті сақтау үйгартылды. Халық бірлігі одағының мақсат-мұддесі, іс-әрекетімен көшшілікті таныстыру жүйесі ретінде "Жас алаш" және "Экспресс К" газеттері белгіленді. Кейиннен одақ орыс және қазақ тілдерінде "Время", "Дәуір" атты газет шығарып тұрды. 1995 жылы Қ.Сұлтанов Қытай Халық Республикасына елші болып кетуіне байланысты, одақтың тәрағасы болып А.Бижанов сайланды. 1999 жылы наурыз айында бұл партия "Отан" партиясының құрамына кірді.

## Қазақстан Республикасының партиясы (ҚРП)

Партия өз тарихын 1990 жылдың 1 шілдесінен бастайды. Бұл күні "Азат" азаматтық қозғалысының құрылтай конференциясында Қазақстанның "Азат" азаматтық қозғалысының негізгі мақсаты мен принциптер" деген декларация қабылданды.

"Азат" тез қарқынмен дамып, көп ұзамай-ақ республика көлемін қамтыған қозғалысқа айналды. Оның ұрандары мен талаптары көшшіліктің, өсіреле қазақ қауымының көңілінен шығып отырды.

1991 жылы 4 қыркүйекте 30 өкіл қатысқан "Азат" партиясының құрылтай конференциясы өтті. Ол парламенттік типтегі Қазақстан республикалық партиясы "Азаттың" құрылғаны жөнінде шешім қабылдады. Сонымен қатар партияның Жарғысы мен Бағдарламасы қабылданды.

Сонымен, енді біргұтас "Азат" қозғалысы екіге "Азат" – Қазақстан азаматтық қозғалысына және "Азат" – Қазақстан республикалық партиясына бөлініп шыға келді. Бұл, әрине, оның қоғамдағы беделін күрт төмендетіп жіберді. Оның үстінен "Азаттық" көтеріп жүрген көптеген ұран-

дары, тәуелсіздік, мемлекеттік тіл, ұлттық ақша мәселе-  
лері жүзеге асты.

Осы тұста бытырап кеткен ұлттық-демократиялық қозғалыстардың басын қосып бір арнаға тұсіру мақсатымен "Азат" азаматтық қозғалысын, "Азат" республикалық партиясын, Қазақстан ұлттық демократиялық партиясы "Желтоқсанды" – үшеуін бір партияға біріктіру идеясы ұсынылды.

1992 жылы 11 қазанда біріктіру съезі өз жұмысын бастады. Мұнда "Азат" республикалық партиясы шенберінде үйімдасты деген шешім қабылданды. Жаңа республикалық "Азат" партиясының төрағасы болып Қазақстан Ұлттық Фылыми Академиясының корреспондент-мүшесі профессор К. Ормантаев сайланды. Оның бірінші орынбасары болып Хасен Қожа Ахмет, бас кеңесшісі болып Жасарал Қуаныш-Әлі сайланды.

### "Алаш" партиясы

1999 жылы қыркүйекте Қазақстанның Республикалық партиясы "Алаш" ұлттық партиясы болып өзгерді. Ұлттық бағыттағы бұл партияға қазақ зиялыштарының біраз өкілдері енді. Мақсаты қазақ ұлтының мұдделерін қорғау деп ашық айттылды. Партия лидері Сәбетқазы Ақатай 2003 жылы өмірден өтті. Ол 60-жылдары Мәскеуде қазақ жастары құрған атақты "Жастұлпар" студенттік үйімінің белсенді мүшелерінің бірі болған.

### Қазақстан социал-демократиялық партиясы (ҚСДП)

Партия 1990 жылғы 26-27 мамырда құрылтай-конференциясында құрылған. Конференцияға 34 өкіл қатысты, олар республиканың 15 облысының өкілдері еді. Партия ресми тіркеуден өтпеген. Партия мүшелерінің екі түрлі мәртебесі белгіленген: белсенділер және жақтаушылар. Белсенді мүшелер партиялық жарна төлеуге, партиялық қызмет, тапсырма алуға міндетті. Екіншілерді іс жүзінде партияға іш тартушылар дең үққан жөн. Пар-

тия мүшелерінің жалпы саны мыңға жуық. Социал-демократиялық партияның 10 облыстық бөлімшелері бар. Партия төрағасы – Дос Көшімов.

### Қазақстан коммунистік партиясы (ҚКП)

1991 жылдың күздінде коммунистердің XIX съезі өтті. Съезде 17 облыстан келген 148 өкіл, 87 арнайы шақырылған қонақтар қатысты. Онда саяси жағдай туралы баяндама тындалды.

Қазақстан Компартиясын жандандыру және оның кеңек күттірмес мөселелері жөнінде өңгіме болды. Съезд делегаттары жүріп жатқан реформаларға қарсы шықпай, демократиялық және әлеуметтік әділеттік орнату қажеттігі жайлы пікірлер айтты.

Соңғы деректер бойынша, компартия қатарында 55 мыңдан астам мүшебар. Олардың бәрі арнайы тіркеуден өткен. Коммунистердің орта жасы 42-ге тең. Партияның жергілікті үйымдары Республиканың Талдықорған облысынан басқа облыстарының бәрінде де бар. Қазақстан Компартиясы Республика Әділет министрлігіне үш рет құжаттарын дайындаған, тек төртінші ретте 1994 жылы ғана ресми тіркеуден өтті. Алғапында партияның төрағасы бұрынғы ҚКП Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институтының директоры академик Б. Төлепбаев, кейін 1996 жылы сөуір айында ҚКП ОК бірінші хатшысы болып Қазақ ССР Жогарғы Кеңесінің бұрынғы төрағасы С. Әбділдин сайланды. Қазірде ҚКП қатары біраз өзгерген. Екінші хатшы Сорокиннің орнына Мәжіліс депутаты В. Косарев сайланды да, 2004 жылы ол және партияның өзге де 11 мүшесі партия қатарынан шықты. Жақында Компартияның хатшылығына жаңадан тағы бір мәжіліс депутаты – Т. Тоқтасынов сайланды.

### "Желтоқсан" ұлттық-демократиялық партиясы

1992 жылғы қазаннан бері респубикалық "Азат" партиясының құрамына енген "Желтоқсан" қозғалысының

негізін 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғасына қатысушылар қалады. Үйымдық жағынан "Желтоқсан" қозғалысы 1989 жылы қалыптасты. Бұл қозғалысты үйимдестеруға тікелей себеп болған оның белсенділерінің 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғаларының себептері мен оған берілген ресми бағамен келіспеуі болды.

Қозғалыстың басында сазгер Хасен Қожа Ахмет тұрды. Ол ресми саясатпен келіспеуіне байланысты жауапқа тартылып, 1986 желтоқсан оқиғасына қатысты тағы да сотқа тартылды. Дәл осы жағдай 1991 жылғы Қазақстандағы президенттік сайлау кезінде "Алаш", "Азат" қозғалыстарының Хасен Қожа Ахметтің кандидатурасын қолдауына себеп болған.

1990 жылы мамыр айында "Әділет", "Ақиқат", "Азamat", "Жерүйық", "Кәусарбұлақ", "Форум", қоғамдық үйымдарының бастамасымен құрылтай съезі шақырылып, "Желтоқсан" қоғамдық комитеті негізінде "Желтоқсан" партиясын құру жөнінде декларация қабылданды.

Құрылтай съезіне Алматыдан республиканың бес облысынан, Қыргызстан, Өзбекстан, Мәскеуден, КСРО-ның басқа да аймақтарынан келген 80 өкіл қатысты.

Партияның лидерлері болып Х. Қожа Ахмет пен А. Нәлібаев сайланды. Партия бағдарламасында республиканың саяси-экономикалық тәуелсіздігі үшін күрес, желтоқсан құрбандарын ақтауға қол жеткізу, қазақ тілінің мемлекеттігін бекіту, шет елдердегі қандастарымызben тығыз байланыс орнату көрсетілген. Сонымен қатар үлкен маңыз алып келе жатқан ислам факторына да көңіл бөлген.

## Қазақстан демократиялық прогресс партиясы

Құрылтай конференциясы 1991 жылы 24 қарашада өтті. Республиканың алты облысында, негізінен орыс тілді түркіндар басым облыстарда 1000-нан астам мүшелері бар. Партия ресми тіркеуден өтпеген. Негізгі әрекеті саяси саланы қамтиды. Партия мемлекеттік құрылымдарды Жоғарғы Кеңес пен Өкіметті қатаң сынға алу-

мен айналысады. Партияның негізін орыс тілді зиялдар тобы құрайды. Партияның төрағасы – А.Докучаева.

Бұл партиялардан басқа партиялар да бар. Қорыта келе, қазіргі қоғамның өмірінде саяси партиялар алдыңғы қатардағы орынның бірін алады. Олар осы мемлекеттік билікті қорғап, нығайту немесе оны өзгерту үшін құрылады. Партиялар бұқара халықтың мұддесін топтап, жинақтай білгенде қүшейе туседі. Олар қоғамның саяси дамуының маңызды көрсеткіші болып саналады

### **Қазақстанның республикалық Еңбек саяси партиясы**

"Қазақстан инженерлер Одағы" қоғамдық саяси қозғалыс негізінде 1996 жылы 10 қаңтарда құрылған. Алғашында 11 облыста филиалы жұмыс істеді. Олар өздері центристік бағыт ұстайтындарын мәлімдеді. Мақсаты – демократиялық мемлекет құру. Әлеуметтік базаны инженер-техникалық зиялыштар қауымы құрады. Партиялық тізім бойынша Парламент сайлаудың қатысын, 1,38 пайыз дауыс жинады. Алғаш төрағасы Мәжіліс депутаты Ө.Жолдасбеков, кейіннен Б.Т. Жұмағұлов болды.

### **Халықтық-кооперативтік партия (ХКП)**

Өздерін аса ірі, таптық және әлеуметтік жіктелулерден ада, негізінен коопeração мен ауыл шаруашылығы саласындағы қызметкерлерге арқа сүйеп отырган бірден-бір партиямыз деп жариялады. 1994 жылы 20 ақпанда құрылды.

### **Қазақстанның "Дәуірлеу" партиясы**

Өздерін парламенттік типтегі партия деп атады. Партия төрайымы болып 1995 жылдың қантар айының 27-де өткен құрылтай съезінде Алтыншаш Жағанова сайланды. ҚДП-ның басты ұстанар жолы руханилық пен ізгіліктің қайта жанданып, дәуірлеуіне құш салу болды.

## Қазақстанның Демократиялық партиясы

1995 жылдың 1 шілде айында құрылды. Партияның бастапқы кезеңіндегі төрағалары президенттің кеңесшісі Төлеген Жүкеев және Алтынбек Сәрсенбаев болды. Бұлар 1999 жылы наурыз айында "Отан" партиясының құрамына кірді.

## Республикалық социал-демократиялық "Отан" партиясы

1999 жылы ақпан айында Алматыда өткен құрылтай съезінде Қазақстанның Демократиялық партиясы, Қазақстанның Халық бірлігі партиясы, Қазақстанның Либералдық және "Қазақстан-2030" қоғамдық қозғалыстарының бірігуі барысында құрылды. Партияның әлеуметтік базасы бюджеттік үйымдар, мемлекеттік қызметкерлер, студенттер, ғылыми және шығармашылық зияллыар қауымы, орта және кіші бизнес өкілдерінен тұрды.

Құрылтайға 400-ге жуық өкіл қатысты. Бұрынғы экс-премьер С. Терещенко партияның төрағасы болып сайланды (қазіргі уақытта республикалық "Отан" саяси партиясын партия төрағасының міндетін атқарушы Амангелді Ермегіяев басқарады). 2004 жылы 12 наурызда кезектен тыс VI съезінде партия төрағасының орынбасары болып Қазақстан Парламенті Мәжілісінің төрағасы Жармұқан Тұяқбай мен бұрынғы вице-премьер Александр Сергеевич Павлов сайланды.

## Қазақстанның республикалық Халықтық партиясы

Оның төрағасы – бұрынғы экс-премьер Ә. Қажыгелдин. 1998 жылы 17 желтоқсанда құрылды. Оның шетелге кетуге мәжбүр болуына байланысты партияны саяси кеңесінің төрағасы Ә. Қосанов басқарады. Бір кездегі партия жетекшілігінде болған F. Алдамжаров 2001 жылы қаңтар айында кенеттен бұл партиядан шығып, Президент

әкімшілігіне ауысты, кейін Қазақстанның Беларусь мемлекетіндегі елшісі қызметіне ауысты. Партияның алға қойған мақсаттарының бірі адамның құқығы мен бостандығы қорғалатын құқықтық мемлекет құру деп жарияланды. Партия мемлекеттік биліктің бір қолға шоғырлануына қарсы шықты. Бұл бағытта бірнеше шаралар жасауға талпыныс білдірді. Партия мүшелерінің қайта тіркелуі үшін 50000 мүшесі болу керек деген зан талабына байкот жарияладап, өз жұмысын, тіркеуден өтпей-ақ астыртын жалғастыруды.

### **"Азамат" Қазақстанның демократиялық партиясы**

1996 жылы 20 сөуірде өмірге келген "Азамат" қоғамдық қозғалысының негізінде құрылған. Тец төрағалары – М.М.Әуезов, F.Әбілсейітов, П.В. Своик жетекшілерінің әр түрлі қызметтерге ауысуына байланысты партия өз жұмысын тоқтатты.

### **"Азаматтық партия"**

Төрағасы – Азат Тұрлыбекұлы Перуашов. Ол 1996-1998 жылдары Президент әкімшілігінде Стратегиялық зерттеулер орталығының сектор менгерушісі қызметінде болған. Партия 1998 жылы 17 қарашада Ақтөбеде өзінің құрылтай съезін өткізді. Бұл партияны құрған бастамашылар – "Алюминий Қазақстан" АҚ (Павлодар), Жезқазған мыс қорыту зауыты, Ақтөбе ферросплав зауыты, Балқаш тау-кен байыту комбинаты, "Восточный" Екібастұз көмір кені, Рудный "ССГПО" АҚ, Ақсу, Еуразиялық энергетикалық корпорациясы көсіпорындары үжымдары.

Партия өуел бастан Президенттің саяси курсын қолдайтынын ашық жариялады. Ал, Президент өзі үл партияның құрылтайына қатысып, ол партияның саяси лидері болуға келісімін берді. Қазір Әділет министрлігі партияны қайта тіркеуден өткізген кездегі мүшелердің саны 63458 адам деп отыр. Ал, партия жетекшілері өз

мүшелерін 105303 адам деп жариялауда. Бұғінде ҚАП-ның Парламентте 24 депутаттан тұратын фракциясы бар.

### **"Қазақстанның демократиялық таңдауы" халықтық партиясы**

21 ақпан 2004 жылы бұл партияның құрылтай съезі Алматы қаласында "Анкара" қонақ үйінде отті. Оған ҚДТ-ның 1200 мүшесі атынан сайланған 167 өкіл қатысты. Құрылтайда үйымдастыру комитетінің тәрағасы Асылбек Қожахметов баяндама жасады. Халықтық партия Қазақстанның саяси билік жүйесіне тубегейлі өзгерістер енгізу арқылы оның демократия жолына біржолата түсуге қамтамасыз етуді басты мақсат етіп қойып отыр. Фалымжан Жақиянов бірауыздан партияның лидері болып танылды. Құрамы 33 адамнан тұратын Саяси кеңес пен құрамы 7 адамнан тұратын Саяси кеңес Төралқасы сайланды. Осы құрылтай съезінде партия Саяси Кеңесінің тәрағасы болып Асылбек Қожахметов сайланды.

### **"Қазақстан өйелдері үйымдарының саяси бірлестігі" партиясы**

1999 жылы маусым айында құрылтай съезін өткізді. Осы жылы 11 тамызда Әділет министрлігінен тіркеуден өткен. Негізгі мақсаты Қазақстан өйелдерінің саяси, экономикалық, әлеуметтік жөне мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөне жүзеге асыру деп жариялады. Бұлар Аграрлық партиямен бірігіп, партиялық тізіммен Парламент Мәжілісіне сайлауға қатысты. Партия жетекшісі – Раушан Бергібайқызы Сәрсембаева.

### **Қазақстанның "Патриоттар" партиясы**

Басқарушысы – Фани Есенгелдіұлы Қасымов, Мәжіліс депутаты, бұрынғы Кеден комитетінің тәрағасы, генерал. Партия 2000 жылы 1 шілдеде өзінің құрылтай съезін ша-

қырып, өмірге келгенін жариялады. 2003 жылы 21 наурызда Әділет министрлігінен қайта тіркеуден өтті. Құрамында 51188 мүшес бар. Олар қазақ ұлтының топтасып бірігуіне, олардың Отанды суюшілік сезімдерін қалыптастыруға атсалысатындықтарын, оны рухани тәрбие арқылы іске асыратындықтарын жариялады. Партия же текшілері қазіргі саяси билікті сынаудан бас тартатындықтарын білдіргенімен, Қасымовтың өзі депутат ретінде халық мүддесін қорғау барысында үнемі белсененділік танытып келеді.

### **Қазақстанның Аграрлық партиясы (ҚАП)**

Төрағасы – Ромин Ризулы Мадинов, Мәжіліс депутаты. 1997-1999 жылдары бұрынғы Премьер-министр Н.Балғымбаевтың кеңесшісі болған және партия же текшілігін қатар атқарған. ҚАП өз құрылтайын 1999 жылы 6 қаңтарда өткізді. Қазір партия қатарында 98000 мүшес бар. Қайта тіркеуден 2003 жылы 6 наурызда өтті. Идеологиялық жұмысының басты міндеті ретінде ол ауылдың дағдарысқа ұшырауын одан өрі болдырмау деп біледі. Сондай-ақ, халықтың өл-ауқатын көтеруді өзіне міндет етіп алған.

### **"Руханият" қоғамдық бірлестік партиясы**

Бұл партияның құрылтай съезі 2003 жылы 5 сәуірде өтті. Ол сол жылы 6 қазанда Әділет министрлігінен тіркеуден өткен. Партия қатарында 53000 мүшес бар деп жарияланды. Оның 65 пайзы әйелдер болды. Өз қызметінде бұл партия бюджеттен қаржыланатын сала қызметкерлері мен ғылыми, мәдени, техника саласының өкілдеріне және студенттер мен әйелдерге сүйенетіндігін мәлімдеді. Бұл партия "Деуірлеу" партиясының мұрагері болды. Өйткені бұл аталған екі партияның басшылығында да Алтыншаш Қайыржанқызы Жағанова болды. "Руханият" партиясы үшін басымдылық болып табылатын мәселелер: қоғамның аз қорғалған бөлігі – негізгі рухани

байлықты жасаушылар – мәдениет, ғылым, білім, деңсаулық саласы қызметкерлерінің мұддесін қорғау.

## Қазақстанның социал-демократиялық "Ауыл" партиясы

2000 жылы 30 қантарда өткен құрылтай съезінде құрылды. Осы жылғы 30 наурызда Әділет министрлігінен тіркеуден өткен. 2000 жылдың 1 тамызында ҚСД "Ауыл" партиясының қатарында 10000 мүшес болған. Олардың көпшілігі ауыл шаруашылықтарының басшылары мен шаруалар болды. Мақсаты – ауыл еңбеккерлерінің мүдделерін қорғау, аграрлық секторға мемлекеттік қолдауды күштейтуге атсалысу, қоғамды одан әрі демократияландырудың саяси және экономикалық реформаларды жүргізуі тездету, елдегі тұрақтылықты баянды ету. Партияның төрағасы – Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты Гани Әлімұлы Қалиев.

### Қазақстанның демократиялық "Ақ жол" партиясы

Партияның құрылтай съезі 2002 жылы 16 наурызда болды. З сөүірде Әділет министрлігінен тіркеуден өткені туралы куәлік алды. "Ақ жол" өзінің негізгі мақсаты етіп Конституциядағы адам құқығы мен бостандығы толық сақталуын және билікті орталықсыздандыруды қойды. Партия қатарында бүгінде 115000 мүшес бар. Негізінен олар мемлекет қызметкерлері, кәсіпкерлер, бюджет саласының қызметкерлері мен зиялыштар. Тең төрағалары – бұрынғы Парламент Мәжілісінің депутаты Болат Мұқышұлы Әбілов, бұрынғы Еңбек министрі Әлихан Бәйменов, бұрынғы вице-премьер Ораз Әлиұлы Жандосов. Кейін тағы екі төраға қосылды: Қазақстанның Ресейдегі бұрынғы елшісі Алтынбек Сәрсенбаев және зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық бас директорының бірінші орынбасары Людмила Аркадьевна Жуланова.

## "Асар" партиясы

"Асар" қозғалысы 2003 жылы 25 қазанда саяси партияға айналды. "Асар" партиясының құрылтай съезіне

1200 делегат қатысты. Партия жетекшісі – Дариға Назарбаева. "Асар" партиясы центристік бағыт ұстанады.

## Қазақстанның демократиялық партиясы

2004 жылы 29 сәуірде "Құқықтық Қазақстан" азаматтық қозғалысы өзін Қазақстанның демократиялық партиясы деп жариялады. Партия қатарында 50000-нан астам мүше бар. Мақсаты – азаматтардың ел төуелсіздігін баянды ету жолындағы топтасуы деп санайды. КДП-ның тәрағасы – Мақсұт Нәрікбаев.

### № 9 Дәріс

#### Қоғамдық үйымдар жөне қоғамдық қозғалыстар

Дәріс жоспары:

1. Қоғамдық үйымдар туралы түсінік, белгілері, қызметі.
2. Қоғамдық қозғалыстар туралы түсінік, белгілері, қызметі.
3. Қазіргі кезеңдегі саяси қозғалыстар.
4. Қоғамдық-саяси қозғалыстардың типтері.

#### 1. Қоғамдық үйымдар туралы түсінік, белгілері, қызметі

Саяси қоғамдық үйымдарға халықтың белгілі бір тобының мүддесін білдіріп, қорғайтын, алдына қойған өлеуметтік мақсатқа жету үшін ерікті түрде мүшелікке кірген, оған материалдық көмек көрсететін, өзін-өзі басқаратын адамдардың бірлестігі жатады.

Саяси қозғалыстар сияқты қоғамдық үйымдар да адамдардың мүдделерін іске асырудың құралы ретінде пайда болады. Қоғамдық үйымдар қоғамның саяси өміріне

қатысушы адамдардың мақсаттары мен қарым-қатынастарының өр алуандылығын білдіреді.

Қоғамдық үйымдар бірлесе амал, өрекет жасау үшін халықаралық, жалпыменлемлекеттік, аймақтық, ұлттық, жергілікті көлемде ресми және бейресми сипаттағы одактарға, халықаралық үйымдарға бірігуі мүмкін.

Қоғамдық үйымдар өр түрлі келеді. Оған партиялар, көсіподактар, жастар үйымдары, кооперативтік бірлестіктер, шығармапылық (творчестволық) одактар, өр түрлі ерікті қоғамдар (ғылыми, ғылыми-техникалық, мәдени-ағарту, спорттық, қорғаныс және т.б.) жатады. Қоғамдық үйымдар арқылы миллиондаған адамдар өзін-өзі басқаруға белсенді қатысып, өмір мектебінен өтеді.

**Қоғамдық үйымдар мынадай түрлерге бөлінеді:**

1. Қоғамдық-саяси мүдделеріне сай құрылған үйымдар. Бұған алдына саяси мақсаттар қойған үйымдар жатады.

2. Экономикалық мүддесіне қарай құрылған үйымдар.

3. Таңтық белгісіне сай үйымдар (көсіподактар, шаруалар одағы).

4. Қызмет түріне қарай құрылған үйымдар (ғылыми-техникалық, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, ұлттық-мәдени, спорттық, қорғаныс, діни, т.б.).

Көпшілік үйымдардың ішінде айрықша көзге түсетіні – көсіподактар. Көсіподак – бір мамандықтың немесе өндірістің бір саласында еңбек ететін адамдарды біріктіре тін қоғамдық үйым. Алғаш рет көсіподактар капитализмге түңғыш аяқ басқан Англияда XVII ғасырдың басында пайда болды. Кейінрек олар өнеркәсібі дамыған барлық елдерде қалыптасады. Себебі, капитализмнің әкелген аяусыз қанауына төтеп беру үшін жалдануны жұмыскерлер бірігіп, үйымдастыру түрде өз мүдделерін қорғайды. Олар жеке адамның өмір сүруіне қажет ілімдер, ережелер мен айлықтар жүйесін менгеруге, еңбекшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәдени деңгейін көтеруге көмектеседі.

Көсіподактар өз қызметінде жұмысшы табына сүйен-ген саяси партиялармен тығыз ынтымақтастықта болып,

солармен бірлесе жұмыс істеген елдерде ең үлкен рөл атқарады. Көсіподақтар мен партиялар арасында мұндай келісе қимылдау, өсіреле, Ұлыбритания, Германия, Скандинавия елдеріне тән. Бұл елдерде жұмысшы табының арасында социал-демократтардың ықпалы жоғары. Олар көсіподақтарға идеологиялық жөне саяси жағынан өсер етеді. Көсіподақтар қамқоршы партияның күшінде түсуге жөне олардың үкімет базасында ұзагырақ болуына мүмкіндік жасауға тырысады. Бұл үшін олар жұмыс берушілермен ымыраға келіп, еңбек нарқында тыныштықты сақтауға күш салады. Мұндайды "жауапты" көсіпорын дейді.

Үкіметке қарсы құрес жүргізуші партиялармен одатасқан көсіподақтар болады. Олар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатына тікелей өсер етпейді. Мемлекет тарарапынан оларға да ешқандай көмек болмайды, мұндай көсіподақтарды "жауапсыз" көсіподақтар дейді.

Біздің республикамызда көсіподақтар мемлекеттік жөне қоғамдық істерді шешуге араласады. Еңбекшілердің еңбек жөне тұрмыс жағдайларын жақсарту, олардың материалдық жөне мәдени дәрежесін арттыруға басты көңіл бөледі. Олар еңбек жөне демалыс жағдайларын жүйеге келтіретін заңдар мен қаулыларды, ұжымдық шарттарды жасауға тікелей қатысады, әлеуметтік қамсыздандыру ісін басқарады, еңбек сақтау мен техника қауіпсіздігінің ережелері сақталуын қадағалайды. Шаруашылық басшыларын тағайындау мен босату мөселе-лері көсіподақтармен келісіліп шешіледі.

Көсіподақтар өз міндеттерін үш түрлі жолмен шешеді:

1. Жұмысшылардың экономикалық, әлеуметтік тұрмыс жағдайын түзетуге арналған өкімет тарарапынан жекелеген жеңілдіктердің болуы.

2. Үздіксіз ереуілге шығып, өкіметке күшпен қысым жасау.

3. Көсіподақтардың өз көзқарасын өкіметтің саясатымен сөйкестендіріп, мемлекет, көспікерлердің әкілдерімен бірлесе отырып, өзара тиімді шешім іздестіру.

## Қоғамдық үйымдар белгілері



## **2. Қоғамдық қозғалыстар туралы түсінік, белгілері, қызметі**

Саяси қозғалыс деп өкімет билігі үшін күрес арқылы қазіргі жағдайды өзгертуге немесе үкіметке ықпал жасай отырып, оны нығайтуға тырысқан қоғамдық күштердің айтады. Саяси қозғалыстың ерекшелігі ол үкімет үшін немесе үкіметтің жүзеге асыру тәсіліне ықпал ету үшін күреседі.

Саяси қозғалыстардың пайда болуына төмендегідей саяси жағдайлар себеп болады.

1. Жеке адам өз ойын, көзқарасын өкімет орындарына тікелей жеткізе алмайды. Сондықтан өзі сияқтылармен топтасады.

2. Экономикалық жөне әлеуметтік қайшылықтар, наразылықтар себеп болады. Мысалы: Жанаөзендеңі (1989 ж.) әлеуметтік жағдайға наразылықтан онда "Бірлік" деген үйым құрылды.

3. Үлттық мәселелердің шешілмеуі. Мысалы: "Азат", "Желтоқсан".

Саяси қозғалыстар көпшілік партияны құру жолындағы алғашқы саты болуы мүмкін. Қозғалыстың партияға тән үйымы, жұмысының бірыңғай бағдарламасы, басқаруда айқын принциптері болмайды. Әдетте, оның әділеттілік, бостандық, қарусыздану, бейбітшілік үшін күрес, үлттық жаңарып өркендеуі, айналадағы ортанды қорғау, т.с.с. жалпыхалықтық, азаматтық талаптарға негізделген басты мақсаты қалыптасады. Бұл ұрандар көпшіліктің көңілінен шығып, бастарын қосады, тіпті өзара айтарлықтай айырмашылықтары бар қоғамдық таптарды да біріктіруі мүмкін. Көбіне қозғалыстар стихиялы түрде пайда болады.

Қоғамдық құрылышқа қатынасына қарай саяси қозғалыстар:

- 1. Консервативтік.**
- 2. Реформистік.**
- 3. Революциялық.**
- 4. Контрреволюциялық болып бөлінеді.**

Саяси қозғалыс бір қалыпта тұрмайды. Ол дамып, өзгеріп отырады және мынадай сатылардан тұрады:

1. Қозғалысқа қажеттілік және оның пайда болуы;
2. Үгіт-насихат, әрекет ету сатысы;
3. Дамыған жұмыс кезеңі;
4. Саяси қозғалыстың өшү сатысы.

Қоғамдық қозғалыстардың ішінде кең тарағанының бірі – "Халық майдандары". Оларға жалпы қоғамға қатысы бар, әлеуметтік таптардың барлығының немесе көпшілігінің мүддесін қамтитын мәселелерді шешуге бағытталған бірлестіктер жатады. Олар жалпы демократиялық принциптердің негізінде құралады және жұмыс істейді. Онда қатаң айқындалған үйымның түрі мен мүшелігі болмайды. Оның құрамына қалың бұқара халықтың мүддесін көздейтін саяси партиялар, көсіпорындар, жастар және т.б. үйымдар да кіруі мүмкін. Халық майдандарының мынадай түрлері бар:

1. Қоғамдағы батыл өзгерістер кезінде саяси күштер дүниеге келіп қалыптасады. Сол саяси күштерден пайда болған халық майдандары.

2. Өздерінің саяси ықпалы жетіспегендеге маңызды мақсатқа жету, саяси билікті алу үшін саяси партиялардың немесе олардың кесемдерінің бастауымен құрылған халық майдандары.

3. Соғысқа, фашизмге қарсы, демократияны қорғау үшін интернационалдық негізде қалыптасқан халық майдандары. М.: 1936 жылы Францияда құрылған халық майданы фашизмнің дамуына жол бермеді, т.с.с.

### 3. Қазіргі кезеңдегі саяси қозғалыстар

Қазіргі уақытта мынадай саяси қозғалыстар бар:

1. Консервативтік бағыттағы қозғалыстар: өткенде көксеу, дәріптеу, оны сынсыз қабылдау, сонымен қатарлы дәстүрлі саяси формалар мен институттарға ерекше сенім арту;

2. Реформистік бағыттағы қозғалыстар: олар капиталистік қоғамды бірте-бірте реформалауды мақсат етеді;

**3. Демократиялық қозғалыстар:** өзекті мәселелерді демократиялық түрғыда шешуге бағытталған өр түрлі либералдық, діни, бейбітшілік және т.б. ұйымдардың қызметі;

**4. Неоконсервативтік қозғалыстар:** мемлекеттің капитал мүддесіне бағынуы, қызмет етуі, жеке-дара белсенділікті, әлеуметтік-теңсіздікті қолдау, дәстүрлі моральдық мұраттарды дамытуды көздейді;

**5. Революциялық бағыттағы қозғалыстар:** бұлар – қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымында сапалы өзгерістер жасау арқылы дамудың прогрессивті жолына түсуді көздейтін жұмысшы және коммунистік қозғалыстар.

Басқа елдердегі сияқты Қазақстанда да қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдар баршылық. Алдына қойған мақсаттарына қарай оларды былайша топтастыруға болады.

**1. Экологиялық бағыттағы ұйымдар.** Оларға жататындар "Невада-Семей" қозғалысы, "Арал-Азия-Қазақстан" халықаралық қоғамдық комитеті, "Табиғат" комитеті, т.с.с.

**2. Ұлт мәселесін шешуге тырысқан топтар.** Оларға: Қазақстанның "Азат" азаматтық қозғалысы, славяндардың республикалық қоғамдық "Лад" қозғалысы, "Русская община", "Единство" қоғамдық бірлестігі, республикадағы казактар қозғалысы, неміс, ұйғыр, грек, көріс және т.б. мәдениет орталықтары.

**3. Тарихи - ағартушылық қоғамдар:** "Мемориал", "Әділет", "Ақиқат" және т.б.

**4. Әлеуметтік талаптар қойған ұйымдар:** "Атамекен", "Алтын бесік", "Жерұйық" "Шаңырақ" және т.с.с.

Сонымен қатар республикада ардагерлер, әйелдер, жастар одактары және т.б. көптеген қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар бар. Осылардың бәрі, өз ерекшеліктері болуына қарамастан, еңбекшілердің белсенділігін артырып, Қазақстанның гүлденіп өркендеуіне, тұрақты дамуына үлестерін қосқандаған мақсаттарына жетпек.

Енді соңғы мәліметтер бойынша, бір ғана Қарағанды облысында 6 саяси партия, 8 саяси мақсаттағы қоғамдық

қозғалыстар, 16 жастар үйымдары, 6 әйелдер үйымдары, 13 ұлттық мәдени орындар, 2 табиғат қорғау қозғалысы, 15 төуелсіз кәсіподак, 85 діни бірлестіктер, 273 басқа да әр түрлі үйымдар мен бірлестіктер бар. Енді барлық облыстардың қоғамдық қозғалыстары мен бірлестіктерінің қанша екендігін ескерсек, түсінігіміз кеңеңе түспек.

Егемендік, төуелсіздік алу қоғамдық-саяси үйымдар мен қозғалыстардың жұмысын түбірінен қайта құруға объективті негіз қалады. Үйымдар мен қозғалыстар саяси процеске тартылды, өмірді өзгерту жөне жақсарту олардың іс-әрекетіне де байланысты деген түсінік әрбір адамның санасына ене бастады. Бұл тоталитарлық саяси режімнен демократиялық өмірге енудің айғағы болды. Бұқараның іс-қимылдының артуына, көптеген саяси қоғамдық үйымдар мен қозғалыстардың өмірге келуіне жағдай жасады.

**Жеке үйымдар мен қозғалыстар:**

"Азат" азаматтық қозғалысы. Бұл үйым 1990 жылдың шілде айында Алматы қаласында құрылды, әр түрлі партия, кәсіподак, әйелдер, ардагерлер, діни, жастар, т.б. үйымдарды біріктіреді. Ис-әрекеттің нысаны мен тәсілдерінің негізі: мемлекеттік билік органдарын конституциялық жолмен қалыптастыру; баламалы заң жобаларын жасау; жоғарғы жөне жергілікті үйымдардың қабылдайтын саяси шешімдеріне; жиналыш, митингі, шеру тарту ісіне қатынасу.

"Азаттың" бөлімшелері барлық облыстарда бар, жоғарғы органы – съезд, 300-ден астам мүшелері бар. Ең көп мүшелері Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Алматы, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында.

"Азат" басқа елдердегі осындай қозғалыс үйымдарымен тікелей байланысты. "Азат" газетін шығарады, "Қазақ тілі" қоғамымен тікелей байланыста.

"Азат" қозғалысы республика жерінде өз жарғысына, Конституцияға сәйкес жұмыс жүргізеді. Негізгі мақсаты – толық саяси-экономикалық төуелсіздікке қол жеткізу, әлеуметтік әділеттілік жөне демократия принципте-

рін іске асыру, барлық азаматтардың материалдық және рухани өмірін қамтамасыз ету.

Экономика саласында жер, кен байлықтары, су, орман және басқа да байлықтар республиканың меншігі. Жер сатылмауы керек, бірақ қажеттілікке қарай жалға беріледі. Үлт мәселесінде барлық азаматтар тәң құқықты, үлтyna, дініне қарай бөлінбеу керек.

Қазақ мектебінің және тәрбиенің үлттық тұжырымдамасы жасалуы керек. Қазақстан тарихы, қазақ тілі және өдебиеті барлық оқу орындарында дербес пән ретінде оқытылуы қажет. Басқару жүйесінде тоталитарлық үстемдікке, әкімшіл-әміршіл жүйеге қарсы құрес жүргізілуі қажет.

"Әділет" тарихи-агартушылық қоғамы – жарғысы, бағдарламасы бар. Қоғам мүшелері 19 халық комиссарының (министрдің), 1938 жылы Алматы маңында атылғандардың көмілген жерлерін анықтады. Сталиндік құғын-сүргінге ұшырағандарды еске алу үшін қаржы жинады.

Қазіргі уақытта "Әділеттің" Астана, Қарағанды, Шымкент, Алматыда жергілікті үйымдары бар. Қоғам мүшелері 1500-ге жуық, негізінен студенттер және қоғам қайраткерлері.

"Ақиқат" тарихи-агартушылық қоғамы 1988 жылы желтоқсанның 13-інде құрылды. Қоғамның мақсатының бірі – халықтың ескі өдөт-ғұрпын қалпына келтіру, туған өлкениң тарихын зерттеу, қазақ және басқа халықтардың үлттық тілін дамыту. Құғын-сүргінге ұшырағандар туралы бірнеше мақалалар және кітаптар жариялады. Қоғамның үш мыңдан астам мүшесі бар. Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Ақмола облыстарында бөлімшелері бар. Қоғам жұмысына негізінен зиялы қауым әкілдері мен студент жастар қатынасады.

**Орыс қауымы (русская община)** Әділет министрлігінде қыркүйектің 1-інде тіркеуден етті. 14 облыста бөлімшелері бар. Жалпы саны 70 мың адамнан асады.

Қауымның іс-әрекеті жарғы және бағдарламасына сәйкес орыс және басқа да славян халықтарының руха-

ни өркендеуінің, олардың мәдениетін, білімінің барлық дәрежесін дамытуға бағытталған, Қазақстанда азаматтық қоғам құруға әсер етуі қаралған. Қауым "Русский вестник" атты газет шығарады, жастарды мүшесін тартауға көптеген шара қолдануда.

Қауым 1992 жылы мемлекеттік екі тілділікті жақтап қол жинады, Шығыс Қазақстан облысында өткізілген митинглерді жақтады. 1993 жылдың қаңтар айында президент атына Орыс университетін ашуды сұрап хат жолдады.

Жастардың рухани және дене шынықтыру дайындығын жақсарту мақсатында олардың спорттық-патриоттық клубқа мүшес болуын насиҳаттайты. Жастар клубын үйымдастыру үшін спорт залдарын жалға алуға қаражат бөлді. Көркемөнер ұжымдарын құруға атсалысады.

Республикалық қоғамдық славян қозғалысы "Лад" 1993 жылы наурыз айында құрылды, 10 мыңнан астам мүшесі бар, орталығы – Астана қаласында. Қозғалыстың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасында тұратын славян халықтарының тілін, мәдениетін, рухани өмірін ғүлдендіру, республикада демократияны, азаматтардың саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени құқықтары мен бостандығын, бейбітшілікті, халықтар достығын дамыту, нығайту.

Қазақстанның әйелдер одағы. Бұл қоғамдық үйым 1991 жылдың мамыр айында құрылды. Құрылу мақсаты – әйелдердің қоғамдағы саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани өмірдегі рөлін арттыру. Одақ республикадағы реформаны жақтайты. Соңғы 7-8 жылда бұл салада қыруар үйымдастыру жұмысын атқарды. Әйелдер қозғалысының мәселелері туралы семинар, мәслихаттар өткізді, ардагер әйелдерге, көп балалы аналарға, балалар үйіне материалдық көмекті үнемі үйымдастырып келеді. "Әйелдер қазіргі қоғамда" деген халықаралық конференция өткізді. Қазақстанның әйелдер одағы – Орталық Азия елдерінің халықаралық конгресінің мүшесі.

Қазақстан Республикасының әйелдер кеңесі 1991 жылы қазанның 21-інде тіркеуден өтті. Басқарма және президиум мүшелері 1991 жылы тамыздың 20-нда сай-

ланды, үйымның Жарғысы бар. Бірнеше рет республикалық пленумы өтті. 1992 жылы маусым айында Тараз қаласында "Әйелдердің көсіпкерлік іс-қызметі туралы" конференция, Семей қаласында акушер-гинекологтардың республикалық съезін, 1993 жылдың қыркүйек айында Орта Азия елдері әйелдерінің халықаралық конференциясын өткізді.

**Қазақстанның жастар одағы.** Құрамында 500 мыңдан астам мүшесі бар. Одақтың мүшелері – Қазақстанның мамандары мен жас ғалымдарының ассоциациясы, жастар көсіпкерлігін дамыту "Асар" ассоциациясы, спортшы балаларға көмек беретін "Алтын шабак" қоғамы.

**Қазақстанның жастар одағы** – дербес қоғамдық үйым, республиканың жастарын еркіті турде біріктіреді. Республика Конституциясына, заңдарына негізделген жарғысы және бағдарламасы бар.

Одақтың негізгі мақсаты – жас азаматтардың еркін дамуына жағдай жасау, олардың экономикалық, әлеуметтік-мәдени құқықтары мен бостандығын қорғау, іске асыру. Одақ жастардың мемлекеттік және қоғамдық жұмыстарда жігерлілігін және дербестігін арттыру, олардың ғылыми-техникалық және көркеменер шығармашылығын дамыту саласында сан қырлы жұмыстарды іске асырып жатыр.

**Ауганстандағы соғыс ардагерлерінің үйымы.** Бұл – тіркеуден өткен қоғамдық үйым. Негізгі мақсаты – Ауганстандағы соғыс ардагерлерін әлеуметтік бейімдеу, оларға медициналық көмек көрсету, оларды құқықтық және әлеуметтік қорғау, олардың отбасына моральдық-психологиялық, материалдық көмек үйымдастыру, соғыста қайтыс болғандардың атын, ерлігін мәңгілік есте қалдыру, жастарды патриоттық және интернационализм рухында тәрбиелеу. Үйым соғыс ардагерлерімен үнемі кездесу үйымдастырып, олардың тілек-мүddeлерін зерттеп отырады. Беделі өте жоғары.

**Адам құқығы бюросы.** Бұл қоғамдық үйым адам құқығын іске асыру туралы қоғамдық бағылауды іске асырады, республикадан тыс жерлерге қоныс аударғысы келетін азаматтардың құқығын, республикадағы демократия-

ның іске асырылуын қорғайды. Жұртшылық қауым бұл үйымды өте жақсы біледі, тиісті көмектерін алғып отырады.

Қазақстан Республикасындағы Кәсіподак федерациясы кеңесі. Кәсіподак федерациясы – ерікті қоғамдық үйим, кәсіподак мүшелерінің құқығын жөне мүддесін қорғайды. 14 облыста облыстық және 22 салалық кәсіподак бірлестіктері бар. Федерацияның құрамында Фылым академиясының, архитектура, Жобалық және Зерттеу институттарының, инновациялық және ұсақ кәсіпкерлер, мұнай, газ, көмір, т.б. кәсіподактары бар. Қазірде федерация 7,5 млн. кәсіподак мүшелерінен, 43 мыңдан астам бастауыш үйымдардан тұрады. Кәсіподак үйымдарына жергілікті жерлерде басшылық жасайтын 835 аудандық және қалалық, 209 облыстық кәсіподак қоғамдары бар.

Федерация жұмысының негізгі бағыты – мүшелік үйымдардың өлеуметтік-экономикалық, құқықтары мен мүддесін қорғау, еңбек, тұрмыс, мәдениет, спорт мәселелері туралы үкіметпен келісім жасау. Федерация кеңесі Парламенттің заң қабылдау мәселесіне қатысып, заң жобаларын жасайды.

Кәсіподак федерациясы өтпелі кезеңде көмір, түсті металлургия, т.б. шаруашылық салаларындағы еңбекшілердің жұмысқа орналасу, жалақы, өлеуметтік көмек алу ісіне үнемі араласып келеді.

Республикалық "Бірлесу" кәсінодағы және Қазақстанның тәуелсіз кәсіподак орталығы. Қазақстан Республикасының "Бірлесу" кәсіподагы 1989 жылдың қараша айында үйымдастырылды. Оның құрылтайшысы – экономиканың мемлекеттік емес секторының қызметкерлері. Оларды мұндай үйім құруға итермелеген жағдай – еңбекшілердің еркін еңбегі құқығына шенеунік тарапынан тыйым салынуы, заң алдында өздерін қоргай алмайтындығы, оларды өкімшіл-әміршіл жүйеден қорғауы.

"Бірлесу" кәсіподагы республикадағы ғана емес, бұрынғы КСРО-дағы да бірінші тәуелсіз кәсіподак үйымы болды.

"Бірлесу" қысқа мерзім ішінде сотта 50-ден астам одақ мүшелерінің мүддесін қоргады, 500-ден астам еңбекшілердің мекеме бастықтарына наразылығын жолдады, олардың басым көвшілігі қанағаттандырылды.


"Невада-Семей" халықаралық ядролық соғысқа қарсы қозғалыс. Бұл – еңбекшілердің еріктілік негізінде құрылған үйімі. Үйім халықаралық "Невада – Семей – Морура – Лобнор – Новая Земля" ядролық соғысқа қарсы бірлестікке кіреді. Қозғалыстың негізгі мақсаты – ядролық қаруды жөне соғысты адамзат өркениетінен аластау, ядролық сынақ жүргізілген аймақтар халқын экологиялық жөне өлеуметтік қорғау, Табиғатты, Адамды, Мәдениетті қайта жаңғырту. Осы қозғалыстың бастамасына сөйкес Қазақстанда ядролық сынақ жүргізуғе тыйым салынады, "ядролық қарусыз ел" деп жарияланды. Бұкіл өлем халқы бұл бастаманы қолдады.

"Арал-Азия-Қазақстан" халықаралық қоғамдық комитеті. Бұл комитет 1987 жылы белгілі ақын М.Шахановтың бастамасымен құрылды, республика жүртшылығы "оны мақұлдады. Оның мақсаты: Арал теңізі жағдайына, республикадағы экологиялық дағдарысқа қоғамдық пікірді аудару, Арал теңізін қалпына келтіру туралы жобалар мен бағдарламалар жасау.

Комитеттің бастамасымен Арал қорына қаражат түсірілді, Қазақстанның белгілі ақындарының қатысуымен поэзия кеші, дәңгелек үстел, Мәскеуде Арал күні, Арал аймағындағы экологиялық апат туралы телемарафон еткізілді. 1996 жылы халықаралық "Арал-Азия-Қазақстан" қоғамдық комитеттің мөртебесі бекітілді. Аралды сақтау туралы, Арал аймағындағы экологиялық жөне өлеуметтік мәселелерді шепту туралы шараларды іске асыруда көптеген шаралар іске асырылуда. Осы мақсатпен "Халықаралық Арал сыйлығы" құрылды, ол Арал аймағындағы мәселелерді шешуге үлес қосқан ғалымдарға, қоғамдық қайраткерлерге беріледі. Комитет жанынан Арал жөне Қазақстан экологиясы туралы Қоғамдық Академия құрылды.

Жоғарыда қоғамдық-саяси үйімдар мен қозғалыстарға біршама сипаттама бердік. Олардан шыгатын қорытынды – қоғамдық үйімдар мен қозғалыстар төуелсіз республикамыздың құрделі мәселелерін шешуге зор үлес қосуда.

## 4. Қоғамдық саяси қозғалыстардың типтері



## Саяси жүйедегі адам

Дәріс жоспары:

1. Саясат пен адамгершілік.
2. Адам саясаттың субъектісі мен объектісі.
3. Саяси жүйедегі адамның құқығы мен бостандығы.
4. Жеке адамның құқықтарының жіктелуі.

### 1. Саясат пен адамгершілік

Саясат пен адамгершілікке адамзат қауымы бұрын-нан-ақ көңіл бөлген. Адамгершілік адамдардың іс-әрекеттерінің рақымшылдық, ізгілік ар-ұят, намыс, борыш, парызға сәйкес келуін қажет етеді, яғни адамдардың іс-әрекеті туралы заңдар мен ережелерді қамтиды.

Қазір адамзат қоғамы өркениетті дәрежеге жетіп, демократиялану үрдісіне бет алғанда саясаттың ең алдымен адамгершілік бағдары болу керек. Ол адамға бағалы құндылық ретінде қарап, оның ар-намысын қадір тұтады, негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қалайды.

Әр адам өзінің тұрмыс жағдайын жақсартқысы келеді, қоғамда өділдік заңдылығының орнағанын, өз елінде жөне жер жүзінде бейбітшілік болғанын көксейді. Осы бағыттағы іс-қимыл адамгершілік принциптеріне жатады. Оған адамды азаптауга, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетіне жәбір көрсетуге тыйым салу да кіреді.

Адамгершіліктің мемлекеттік жөне халықаралық мазмұны бар. Халықаралыққа:

1. Соғысты болдырмау;
2. Жалпы ядролық, химиялық, бактериологилық қаруларды қолданбау жөне оларды жою;
3. Мемлекетарлық қатынастарды бейбіт жолмен әділ шешу;
4. Басқа елдердің ішкі ісіне араласпау;

5. Өзара тиімді қатынас жасау;
6. Галамдық мәселе, айналадагы ортаны қоргау, т.с.с.

Осы мәселелер дұрыс шешілмесе, адамзаттың тіршілігіне қауіп төнері сөзсіз. Сондықтан мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатындағы үстанатын маңызды бағыттары Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҮҰ), Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық кеңесінің (ЕҚЫК) және т.б. халықаралық құжаттарда көрсетіліп, бекітілген. Егер көрсетілген міндеттер орындалмаса, БҮҰ, ЕҚЫК тарапынан оған қарсы халықаралық жазалау шаралар қолданылуы мүмкін.

*Саясат пен адамгершілік арасында мынадай қатынастар бар:*

1. Саясатты адамгершілікке толық бағындыру.

Саясат адамгершілік, тәрбиелік қызмет атқарудың құралы болуы керек.

2. Саясат пен адамгершіліктің арасын ажырату.

Мұның негізін салушы – итальян ойшылы Николо Макиавелли. Ол адамгершілік принциптерімен санаспайтын күшті мемлекеттік билікті жақтады. Мемлекеттің пайдасы үшін оны нығайту жолында ел басшысы күш пен айланы бірдей пайдалана білу керек деп санаған.

Кейін бұл тұжырымға қарсы неміс ойшылы И.Кант "адамгершілік заңын" ойладап тапты. Ол заң бойынша кез келген адамға құрал ретінде емес, мақсат тұрғысынан қаруа керек делінген.

3. Адамгершілікті саясаттандыру.

Бұл бағытты қолдаушылар саяси қылмыстарды ақтауға тырысады.

*Саясат пен адамгершілік арасында да ортақ қасиеттер бар:*

1. Саясат та, адамгершілік те біздің күнделікті өмірімізben тығыз байланысты, содан туынтайтынын.

2. Олар адамдардың бірлескен өмірін, іс-қимылдарын үйымдастырады.

3. Қоғамның өмірін реттеп, бақылайды.

4. Ортақ игілікті, өлеуметтік әділеттілікті қорғайды.

## *Саясат пен адамгершіліктің айырмашылықтары:*

1. Қоғамда адамгершіліктің ережелері адамдардың жақсылық пен жамандық, ар-ұят, әділеттілік жөніндегі түсініктеріне негізделеді. Ал саяси жөне құқықтық ережелерді мемлекет белгілейді, бекітеді.

2. Адамгершілік саясатты бақылайды, ал саясат оны бақылай алмайды.

3. Саясат топтық шиеленістерді шешуге бағытталады және ол жолда билікті пайдаланады. Адамгершілік жеке адамдар арасындағы қатынасты бейнелейді.

4. Саясат адамдардың экономикалық жөне басқа материалдық мұдделеріне байланысты пайда болады. Ал адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықты басшылыққа алып, жеке адамға пайда өкелмейді.

5. Саясат биліктің күштеу аппаратына сүйенеді, ал адамгершілік адамның ар-ұятына, қоғамдық шікірге неғізделеді.

## **2. Адам – саясаттың субъектісі мен объектісі**

Саясаттың субъектісіне өлеуметтік топтар, таптар, үлттар, мемлекеттер, саяси партиялар, қозғалыстар жатады.

"Тұлға" деп қоғамдық өмірдің нақтылы тарихи жағдайлары қалыптастырыған, саналы іс-әрекет ете алатын, өз әрекетіне жауап беретін, еңбек етіп қарым-қатынас жасаушы, айналадағыны танып-білуші жеке адамды айтады.

Субъект деп белсенді іс-әрекет жасаушы, сана мен жігері бар жеке адам немесе өлеуметтік топты айтады.

Объект деп субъекттің танымдық жөне басқа іс-әрекеті неге бағытталса, соны айтады.

Қандай адам болмасын белгілі бір өлеуметтік топқа, тапқа, үлтқа, мемлекетке жатады. Осының өзі де өмір жағдайы мен іс-әрекетіне, саясатқа жанама түрде тартылады. Сонымен қатар ол басқаларға қарап еліктеп, белгілі амал, әрекет жасайды, оны өзінше дөлелдейді. Сейтіп, ол саясатқа тікелей қатысады, саясаттың субъектісіне айналады.

Саясатпен кәсіби айналыспайтын "орташа" адам саясаттың толық субъектісі болуы үшін ол өлеуметтік мұқтаждықтар мен мұддені, ондағы қайшылықтардың неден туғанын жөне оларды жою жолдарын, өз басының пайдасы өлеуметтік мұдденің мүмкіншілігімен қаншалықты сәйкес келетінін білу керек.

Саясатқа қатысу шамасына қарай оларды мынадай түрлерге белуге болады:

1. Саясатқа айтарлықтай өсер етпейтін, оған селкос қарап, белсенділік білдірмейтін қоғамның қатардағы қарапайым мүшесі.

2. Қоғамдық үйымға, қозғалысқа мүше болатын, бірақ саяси жұмысқа тұра араласпайтын азамат.

3. Саяси үйымдардың мүшесі болып есептелетін, саяси өмірге саналы түрде, өз еркімен тікелей араласатын адам.

4. Қоғамдық, әсіресе саяси қайраткер.

5. Саяси қызметтің арқасында күн көріп, табыс тауыш, оны өмірінің мақсатына айналдырган кәсіби саясаткер.

6. Үйымдастыруши, идеялық, ресми не бейресми,abyрой, бедел ең "соңғы саты" болып саналатын саяси башшы, көсем.

Адамның саяси өмірге қатысуға мүмкіндік беретін құқығы конституциялық сипаттағы қарапайым демократиялық еркіндікке тікелей байланысты.

Тұлғаның саяси өмірге белсенді араласуы үшін материалдық, өлеуметтік-мәдени, саяси-құқықтық алғышарттар қажет. Ең алдымен, адамның ішер тамағы, киер кімі, жатар орыны, тұрмыс жағдайы, белгілі бір дәрежеде білімі, кәсіби дайындығы, саяси мәдениеті болуы керек.

Мемлекеттің жақсы тұрмысы оны демократиялық негізде тиімді басқаруға керекті көпшілікке жоғары білім, кәсіби дайындықты қамтамасыз етеді. Білімді адамның мәдениеті де жоғары болады.

### **3. Саяси жүйедегі адам құқығы мен бостандығы**

Саяси ғылымда негізгі орын алатын жөне мөні өте зор мәселелердің бірі – жеке адамның құқығы мен бостан-

дықтары. Жеке адамның құқығы деп адамның белгілі иғлік алуын қамтамасыз ететін адамдар мен мемлекет арасындағы ережелердің өзара қатынастарын айтады. Жеке адамның бостандығына оған өз қалауынша орындауға мүмкіндік беретін, мемлекет пен адамдардың арақатынасының принциптері жатады.

Адам өмірге келгенде тең болып туады, мұны Аристотель табиғи құқық деп атаған. Феодализм уақытында әр таптың өзгеше құқығы болды. Ал капитализм уақытында құқық либерализммен байланысты болды. Либералдар монархияның билігін парламент арқылы шектеп, сайлау құқығын кеңейтуді және саяси бостандықты өрістетуді талап еткен болатын.

Жеке адам құқығы мәселесіне аса зор үлес қосып, тарихта өшпес мұра қалдырган ойшылдарға Т.Гоббс, Дж.Локк, Ш.Монтескье, Ж.Ж.Руссо, И.Кант, Т.Джефферсон, Т.Пейн және т.б жатады. Олар адам құқығының негізгі қағидаларын ең алғаш анықтап, белгілеп берді. Мысалы: 1776 жылы 4 шілдеде АҚШ-та Төуелсіздік Декларациясы бекітілді. Мұнда барлық адамдардың өмір сүруге, еркіндікке, жеке меншікке, бақытқа ие болуға тең құқығы бар, үкімет билігінің қайнары – халық, үкімет – халықтың қызметшісі, барлық мемлекеттік өкімет халықтың мұддесіне жұмыс істеуге тиіс, ал егер олар бұл сенімді ақтамаса, халықтың ондай ұнамсыз, лайықсыз үкіметті жоюға еркі бар: өкіметтің заң шығарушы, атқарушы, сот билігі болып бөліну керектігі, т.с.с. айтылған.

АҚШ-тың Төуелсіздік Декларациясында көрсетілгендей, негізгі баптар конституциялық түрде 1789 жылы Францияның адам және азаматтар құқығының Декларациясында да бекітілді.

26 мемлекет үлтшылдыққа қарсы, адам өмірі, бостандығы туралы, теуелсіздігі оның құқықтары мен әділеттілік үшін күресу еркіндігі жайлы Декларация қабылдады.

1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы адам құқықтарының халықаралық Декларациясын қабылдады. Онда адам құқықтары ғана емес, оларды қорғау шаралары да қарастырылады.

1948 жылы геноцидтің алдын алу және ол үшін жаза қолдану туралы конвенция, 1965 жылы нәсілдік алалаушылықтың барлық түрін болдырмау туралы конвенция, т.с.с. қабылданды.

БҰҰ шешімі бойынша, 10 желтоқсан жыл сайын дүние жүзінде адам құқығының күні ретінде атап өтіледі.

Қазіргі саяси ғылымда адам құқығына байланысты өр түрлі көзқарастар бар:

1. Табиғи-тарихи бағыттағы жақтаушылардың ойынша, адамның табиғи құқықтарының пайда болуы мемлекетке не заңға байланысты емес. Мемлекет бұл құқықты сыйласп, қамтамасыз етуі немесе оларды бұзуы, басып-жаншуы мүмкін, бірақ оларды ешқашан еш адамнан тартып ала алмайды дейді.

2. Заңдылық-позитивтік бағытты қолдаушылар, керісінше, азаматтардың құқығының пайда болар, шығар же-рі, көзі мемлекет те деп санайды. Жеке адамның құқығына тек қана мемлекет кепіл келтіріп, шарт бола алады.

3. Марксизм де адам құқығын мемлекеттік құқыққа бағындырып, тәуелді етеді. Марксизм коммунистік қоғамда мемлекетте, саясатта, құқықта болмайды дейді.

Қазіргі кезде әлемдік саяси ғылымда адам құқығына табиғи-тарихи түрғыдан қарап, соған орай түсіну басым. "Адам құқығы" тар және кең мағынада қолданылады. Кең мағынасына жеке адамның құқығы мен бостандықтарының өте бай барлық түрдегі жиынтығы кіреді. Тар мағынада мемлекет тарапынан берілмеген, ол тек конституциялық түрде жеке мемлекеттік шеңберде бекітілген құқықты білдіреді.

#### 4. Жеке адамдардың құқықтарының жіктелуі

Қазіргі уақытта жеке адамның құқықтары негативтік, позитивтік, азаматтық, экономикалық, мәдени болып жіктеледі.

Негативтік – бостандық, мемлекет тарапынан жеке адамға зорлықтың, шектеудің жоқтығын білдіреді. Бұл

еркіндік үкімет тарапынан адамды қауіп-қатерден, бостандықты бұзып, бүрмалайтын жағдайлардан сақтайды.

Позитивтік құқықтар таңдау, талғау еркіндігін, ең бастысы, адамның өз мақсатына жете алушылықты, жеке дамуға қабілеттігін көрсете білуді білдіреді. Мұнда мемлекеттің, үйымдардың азаматтарды қайсыбір иғіліктермен қамтамасыз етуі, белгілі өрекеттерді іске асыруға мүмкіндік жасауы көрсетіледі.

Азаматтық құқық – мемлекеттің қол астындағы азаматтардың барлық құқықтарының жиынтығы. Азаматтық құқыққа табиғи, адамнан ажыратылмайтын, адамдардың құқықтары кіреді. Оған өмір сүрге, еркіндікке жеке адамның дербес құқығы, ар-абыройы мен атағын, қадір-қасиетін қорғау қасиеті, айыпталушыны қорғауға бағытталған өділ, төуелсіз және ашық сотқа жазылған хат және телефон арқылы сөйлескен сөздің құпиялылығы, бір жерден екінші жерге еркін барып келуі, тұрақты қоныс таңдау, оның ішінде қандай мемлекеттен болмасын біржолата кетуі немесе қайтып оралу бостандығы және т.б. құқықтар жатады.

Экономикалық құқыққа жеке адамның тұтыну заттарын, жеке меншігін, жұмыс күшін, іскерлігін еркін пайдалана алуы жатады.

Мәдени құқық адамның рухани дамуын өрбітіп, өрістегуге бағытталады. Оған білім алуға, мәдени құндылықтарды көруге, өнер мен техникалық жасампаздыққа, қотамның мәдени өміріне еркін араласуға құқығы және т.б. жатады.

Адам құқын орындау халықтар арасында сенімді нығайтуға, адамгершілік қатынастарды дамытуға, бейбітшілікті сақтауға кепіл бола алады.



## Саяси өрекет мәні, мақсаттары, әдісі және амалдары

Дәріс жоспары:

1. Әлеуметтену. Қоғамның әлеуметтену құрылымы.
2. Әлеуметтік қауымдастықтардың құрылымы.
3. Қоғамдық әлеуметтік айырмашылықтар және оны тудыратын факторлар.
4. Саяси өрекет. Саяси қызмет, мақсаты.

### 1. Әлеуметтену. Қоғамның әлеуметтену құрылымы

Адам саяси өмірге бірден араласа қоймайтыны белгілі. Ол бірте-бірте әлеуметтеніп, саяси субъектіге айналады.

Саяси әлеуметтену деп қоғамдық процестердің ықпалының нәтижесінде жеке адамның белгілі бір саяси рөл атқарып, әлеуметтік-саяси қалыптасуын айтады. Саяси әлеуметтену отбасы, қурдастар тобы, мектеп, саяси үйым сияқты өмірдің сан саласының ортасында пайда болып, одан әрі өрбиді. Ол төрбие, үлгі-енеге, саяси насиҳат, өмір салтының ықпалы және өзінің саяси тәжірибесі арқылы іске асады. Оның қалыптасуына сол кездегі тарихи дәүір, шет елдердегі жағдай, осы мемлекеттің саяси әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуы, үстемдік етіп отырған қоғамдық тәртіп сипаты, топтық, таптық, үлттық өзгешеліктер және т.б. әсер етеді.

Саяси әлеуметтену жалпы төрбие жұмысының құрамдас бөлігі ретінде отбасынан басталады. Ата-ана балаға үйретпесе де, жас бала олардың айтқан сөздерін, пікірлерін естіп, үғып жүреді. Қандай жағдайда олардың қалай іс-өрекет жасайтынын байқайды. Осыдан бала саяси өмірге қатысу, қатынаспауын шешеді. Мұның барлығы отбасындағы тікелей әлеуметтену болады. Бұл баланың кейін өскендегі жасайтын саяси іс-өрекетіне жанама әсер етеді. Мысалы, үй-ішіндегі сыйластық, амал-өрекетке икемділік, өз көзқарасына келетін мәселелерді талқылай білу,

агрессивтік бағытқа бейімділік немесе одан аулақ болу, т.с.с. Сонымен болашақтағы адамның саяси іс-әрекетіндеңегі ерекшеліктері отбасында қалыптаса бастайды.

Отбасымен қатар адамның болашақтағы саяси іс-әрекетіне өзіне тетелес құрдастар тобының да өсері болады. Оған:

1. Баланың отбасында естіп, түйген көзқарастарын салыстыратын алғашқы жиналыш алаңы;

2. Олардың арасында үйымға үқсас өзіндік төртіншілер болады.

Мұның бөрі баланың санасына сініп, болашақтағы жүріс-тұрысына, саяси іс-әрекетіне өсер етеді.

Саяси өлеуметтенуге – мектеп, жастар үйымдары, өскери, қоғамдық-саяси үйымдар да өсер етеді.

Сондай-ақ радио, теледидар, баспасөз, өдебиет, өнер өсер береді.


### Негізгі өлеуметтік қауымдастықтар:

- |                   |                       |
|-------------------|-----------------------|
| 1. Таңтық;        | 5. Этникалық;         |
| 2. Көсіптік;      | 6. Демографиялық;     |
| 3. Территориялық; | 7. Өндірістік, т.с.с. |
| 4. Білім сипаты;  |                       |

## 2. Өлеуметтік қауымдастықтардың құрылымы

1. Өлеуметтік-таптық.	{ жұмысшылар, шаруалар, зиялымдар, қызметкер, капиталистер, көсіпкөйлар, көсіпорын иелері, т.с.с.
2. Өлеуметтік-этникалық	{ ұлттар, ұлыстар, ұлттық, этникалық, этнографиялық топтар.
3. Өлеуметтік-көсіптік	{ нақты мамандық бойынша және ой еңбегі, дене еңбегі салаларында қызмет жасайтындар.
4. Өлеуметтік-демографиялық	{ ерек, әйел, балалар.
5. Өлеуметтік-территориялық.	{ жастар, карттар.
6. Өлеуметтік-өндірістік	{ республика, штат, аймак, облыс.
7. Табыс мөлшері бойынша	{ белгілі бір өндіріс салаларында, сол сиякты арендаторлар, фермерлер, енбек үжымдары, т.б.
8. Білім деңгени сипаты бойынша	{ өмір сүру жағдайы тәмен, орта және жоғары табыс алатындар.
	{ білімі тәмен, орта, жоғары дөрежедегілер, гуманитарлық, техникалық, т.б.

### 3. Қоғамдық әлеуметтік айырмашылықтар жөне оны тудыратын факторлар



#### **4. Саяси өрекет. Саяси қызмет. Мақсаты**

Саяси әлеуметтенудің, білім, тәжірибелің негізінде адам саяси іс-өрекетке, қызметке араласады.

Саяси қызмет деп белгілі бір саяси мақсатты жүзеге асыруға бағытталған адамдардың өр түрлі іс-өрекетін айтады. Оған мемлекеттік институттардың, партиялардың қоғамдық үйымдар мен қозғалыстардың жөне барлық азаматтардың саяси іс-қимылды, жұмысы кіреді.

Қоғамдық өмірдегі басқа қызметтермен салыстырғанда саяси іс-өрекеттің айырмашылығы – билік үшін құрес немесе оған ықпал ету, мемлекеттік істерге қатысу, әлеуметтік топтар мен таптардың, ұлт пен ұлыстардың мақсат-мұдделерінің байланыстырылышы.

Саяси іс-өрекеттің ерекше түріне азаматтардың мемлекеттік жөне партиялық органдарға үндеу салуы, газет, журнал, радио, теледидар редакцияларына қазіргі жағдайды жақсарту туралы білдірген ынта-ықыласы жатады. Бірақ олар адамның жеке басының ғана емес, қоғамдық мұдделерді қамтитын сипаты болуы керек.

Басқа әлеуметтік іс-қимылдар субъектілерімен салыстырғанда саяси қызмет субъектілерінің ерекшелігі – олар үйымдастан қоғамдық күш болып өрекет жасайды. Мысалы, саяси лидердің жеке іс-өрекеті үжым тарапынан қолдау тапқанда ғана жетістікке жетеді.

Адам саяси қызметке жайдан-жай араласа салмайды. Американың белгілі саясатшысы Гарольд Ласауэль (1902-1978) адамның саяси қызметке араласуын мынадай бірнеше себептермен түсіндіреді.

**1. Прагматикалық себеп.** Саяси өмірге қатынасу арқылы адам өзіне, топқа, үжымға, тапқа, қоғамға, қала берді жалпы адамзатқа белгілі бір пайда өкелу үшін.

**2. Тарихи процеске араласу ықыласы, үмтыхысы арқылы қоғамды өзгертуге қатысып, тарихта өз ізін, атын қалдыру үшін.**

**3. Ауыр халге түскен адамдарға жөрдемдескісі келіп, я болмаса, халқының, елінің, жалпы азаматтық тағдыры-**

на аландаушылық білдіріп, саясатқа риясыз, пайдада көздемей қатынасу.

4. Топтардың түрткі болуы. Бір топ, ұжым, қоғам адамды қатарына тартып, өз мақсат-мұдделеріне сәйкес саясатқа араластырады.

5. Жеке басының қамы үшін. Саясатқа араласу арқылы езін қоғамда танытып, билік өкілдіктерін иеленіп, езінің материалдық және басқа қажеттіктерін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар адамдардың саяси іс-өрекетке белсene араласуы қоғамның өлеуметтік-экономикалық дамуына да байланысты.

Саяси қызметте демократиялық дәстүрдің мәні зор. Мысалы, Батыс елдерінде сез, баспасез, ой-пікір бостандығының адамның құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуі, биліктің тармақталуы және соған сәйкес қызмет етуі өдеттегі жағдай. Мұның бері адамның еркін дамуына жағдай жасайды.

Сонымен бірге жұртшылықтың арасында саяси өмірге немікүрайды, селқос қарайтындар, азаматтық міндетін атқарудан бас тартатындар да кездеседі. Ондайды абсентеизм (латынның "келмеген кісі" сезі) дейді. Ол өсіресе сайлау науқанында, адамдардың сайлауға келмеуінен көрінеді.

Саяси өмірге немікүрайды қарау көбіне саясатқа сенбендеуден туады:

1. Ресми билік органдарының өтірік айтып, жалған мағлұматтар беруі. Мысалы, КСРО уақытында "халық жауы" деп, қаншама адамды қырды.

2. Үміткерлер сайлау алдында үедені үйіп-төгіп беріп, кейін жүзеге аспай қалады.

3. Жоғары лауазымды қызметкерлердің қызмет бабын асыра пайдалануы (жемқорлықпен айналысу).

Қазіргі қоғамымыз демократиялық болғандықтан, азаматтардың өздері жоғарыдай келеңсіз жағдайларды өшкөрелеп, ашып, түзеп, оған жол бермегендері дұрыс. Соңда оң жетістіктерге жетуімізге болады.

## 5. Саяси іс-әрекеттің өдіс амалдары

Саяси іс-әрекеттерінің мазмұны, сипаты, өдіс-тәсілдеріне қарай саяси қызмет реформаторлық және революциялық болып бөлінеді.

Реформаторлық саяси қызмет қоғамдық құрылышты және оның институттарын жетілдіру үшін билік жүйесіне, саяси қызметтердің түрлі жақтарына өзгерістер енгізуі қалайды.

Революциялық саяси қызмет қоғамның барлық әлеуметтік-экономикалық саяси құрылымында түбегейлі төңкеріс жасауды мақсат етеді.

Саяси қызметтің нәтижесінде саяси шешімдер қабылданады. Саяси шешімге келу деп саяси билік үшін құреске немесе оны іске асыруға байланысты мақсат пен оған жету жолдарын таңдалап, белгілі бір тоқтамға келуді айтады. Мұнда:

1. Қай топтың іс-әрекеті болса, соның мұддесін қорғауға тырысады.

2. Бұл құреске қатысушы күштердің ара-салмағын, қалай орналасқанын ескереді.

Саяси шешім реңми нұсқау, бағдарлама, мәлімдемелер, т.с.с. арқылы іске асады. Шешім қабылданған соң, оны жүзеге асыру мынадай жолдардан өтеді:

1. Шешім қабылданған соң, алға қойған мақсат орындалғанша ол жолдан таймаған жөн;

2. Оны жүзеге асыратын тиімді амал, әдістер қарастырып, халықты жұмылдыра білу;

3. Қойған мақсатқа қарсы бағытталған әрекеттерге тиянақты тойтарыс бере алу;

4. Қабылдаған шешімді жүзеге асыра алатын қоғамның үлкен топтарынан қолдау таба білу.

Қоғам дамуының өзекті мәселесі төңірегінде іс-әрекеттің пікір алысу, жан-жақты талқылау, мәдениетті айтысу өркениеттілікті білдіреді.

## № 12 Дәріс

### Тоталитаризмнен демократиялық қоғамға өтудегі мәселелер

**Дәріс жоспары:**

1. Демократиялық қоғамға өту жолдары.
2. Бір қоғамнан екінші бір қоғамға бейімделу мәні.
3. Саяси бейімделудің кезеңдері.

#### 1. Демократиялық қоғамға өту жолдары

Әр түрлі елдердің демократияға бейімделу жағдайларын талдаң, қорыта келіп, ғалымдар бұл жолда белгілі бір жүйелілік болуы керек дейді.

Теориялық жақтан алғанда бұл мәселеде екі түрлі: либералдық және консервативтік қозқарас бар.

Либералдар жаңа жағдайға кешуде орта тапқа, халықтың білім дәрежесіне баса назар аударады. Мұнда төбе топ (элита) және қатардағы азаматтардың бұл процеске тартылу деңгейі шешуші рөл атқарады. Себебі, солардың арасында саяси реформалар атқарылады.

Консерваторлардың ойынша, демократиялық үрдісте тәрбиленген, билік институттарын дұрыс пайдаланып, басқара білмейтін халықты билікке араластырудың керегі шамалы. Сондықтан дамып келе жатқан елдердің жаңа жағдайға бейімделуі үшін мықты саяси тәртіп, тұрақсыздықты тежей алатын заң, беделді саяси партия, авторитарлық тәртіп болуға тиіс дейді. Солар гана билікке саяси басшылық жасай алады, мемлекетте мықты бюрократия қалыптасады, реформаларды кезең-кезеңмен жүйелі түрде жүзеге асыруға болады деп түсіндіреді.

Әр елдің даму сатысына байланысты бейімделуі өркілі.

**Экономика саласында:**

1. Өндірістің тауар-ақша арқылы реттелуі;
2. Мемлекеттер арасында экономикалық және сауда қатынастарының кеңеюі;

3. Фылыми жетістіктер мен алдыңғы қатарлы технологияларды кеңінен тарату;

4. Білім мен ғылымды дамытуда қаражатты көбейту, т.с.с.

### **Әлеуметтік салада:**

1. Сословиелік-касталық бөліністерді жою.
2. Бір жіктен екінші жікке кедергісіз өтуге болатын-дай аптық қоғам орнату, т.с.с.

### **Саяси салада:**

1. Билікті алуан түрлілік тұрғыда үйымдастыру.
2. Адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау.
3. Саяси қатынастарды кеңейту, жетілдіріп отыру.
4. Саяси шешімдерді, кикілжіндерді шешкенде мәмілекеге келу.

Бұрынғы социалистік елдер бірінен кейін бірі тоталитарлық жүйeden бас тартып, демократиялық жолға түсті. Капиталистік және социалистік жүйеге бөлінудің нышанындағы көрінген Берлин қабырғасының күйреуі Шығыс және Орталық Еуропаның арасында жаңа жағдай туғызады. Ал бұрынғы КСРО еліндегі тоталитарлық тәртіп күйреп, оның қарамағындағы республикалар көп жылдар бойы аңсаған егемендігін алғып, терезелері тең елдер қатарына қосылды.

Польшаның әлеуметтанушы, саясаттанушысы Ежи Вятордың ойынша, демократияға революция арқылы келуге болмайды. Себебі, революция кезінде зорлыққа жол апталады, ол зорлық қарсы жақтан да зорлықты тудырады. Сондықтан оған жетудің үш жолы бар:

1. Реформа жоғарыдан басталады. Мұнда авторитарлық басқарушылар жағдайды түсініп, ешкімнің зорлығынсыз, өз еріктерімен саяси жүйені өзгертеді. Мысалы, Түркия президенті Ататүрктің басқаруы осылай болды.

2. Амалсыздықтан биліктен бас тарту. Мысалы, 1974 жылы Грекия басқарушы полковниктері Кипрде өскери төңкеріс жасамақ болды. Оған жауап ретінде Түркия Кипрге өскер кіргізіп, нәтижесінде арал екіге бөлінеді. Грекия АҚШ-қа арқа сүйемек болып еді, бірақ олар қолдамады. Сондықтан билік басындағы грек полковниктері амалсыздан билікті азаматтық үкіметке берді.

3. Билік басындағылар оппозициядағылармен келісімге келу арқылы авторитарлық тәртіптен демократияға өтеді. Мысалы, Испания (Франко өлгеннен кейн), Оңтүстік Корея, Польша, Венгрия және т.б.

Авторитарлық тәртіптің күйреуінің бірнеше себептері бар:

1. Ол тәртіпті өмірге әкелген мақсаттардың орындалуы;

2. Сол тәртіптің шеңберінде шешілмейтін қайшылықтардың көбеюі;

3. Авторитарлық тәртіп дағдарысқа ұшыраған кезде өз елдеріндегі демократиялық тәртіпті орнатқылары келген дамыған Батыс елдерінің ықпалы мен қысымы.

Қазіргі кезеңдегі демократияға көшу ТМД елдерінің алдында да түр. Біреулер Батыс үлгісіне, енді біреулер Шығыс үлгісіне жүгінеді.

Батыстан – жеке адамның еркіндігі мен бостандығының жоғары қою, оны мемлекеттің езгісінен босату, олармен сауда-саттықты өрістету, тәжірибелерінің жақсы жақтарын қабылдау, мәдениетін алу, т.с.с.

Ал Қазақстан Шығыс үлгісіне көбірек сүйенеді. Оған дәлел – діні, мәдениеті, бұрынғы жазуы. Мәдениет бізге ең алдымен сол жақтан келді. Шығыс мәдениетіне қазақтардағыдай қауымдастық, ұжымдастық, туыстық жақын. Ал Жапония басқа елдердің ең жақсы жақтарын қабылдай отырып, өзіндік ерекшеліктерін, тәлтумалығын жоғалтпайды. Ұлттың бар күшін Батыстың ең жақсы жаңа технологияларын менгеруге жұмсап, жұмылдырып, өлемдегі ең озық, дамыған елдердің біріне айналды.

Егер республикамыз өркениетті елдердің даму жолын, тәжірибесін терең саралап, орынды пайдалана білсе, олардың жіберген қателіктерін қайталамай, реформаны жылдам жүргізуге болар еді. Батыс елдері реформаны жасағанда халықпен кеңесе отыра істейді. Халықтың келісуінсіз демократияны орнату қынын.

Біздің халықтың санасына авторитарлық тәртіп сіңіп қалған. Сондықтан халықтың саяси мәдениетін көтеру басты мақсаттардың бірі болуға тиіс. Олар өз құқықта-

рын, бостандықтарын қорғай білулері керек. Бұл жолда алдымен конституцияда көрсетілген қағидалар: құқықтық мемлекеттің принциптері, оның демократиялық негіздері, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық екендігі, оның құқықтары мен бостандықтарының мүлтіксіз сақталуы, биліктің заң шығарушы, атқарушы, сот билігіне тармақталуы және т.б. ережелердің қалтқысыз орындалғандары шарт.

Елде экономикалық саяси, құқықтық реформалар үздіксіз жүріп жатады. Ол – əмір талабы. Либералдық демократиялық жолға тусу – бүтінгі таңда дамудың ең басты мақсаты. Ол жалпы адамзаттық құндылыққа жатады. Біздің мақсатымыз – ата-бабамыздың дәстүр ерекшеліктерін сақтай отырып, алдыңғы қатарлы елдердің өркениетті тәжірибесін бойға сіңіріп, нағыз демократиялық жолға тусу.

## **2. Бір қоғамнан екінші бір қоғамға бейімделу мәні**

Қоғам әрқашан өзгеріп, дамып отыратындығы белгілі. Соған орай саяси жүйелер де өзгеріп, бір жай-күйден екінші қалыпқа ауысып, дамып отырады.

Саяси даму деп саяси іс-қимылдар, саяси мәдениетте және жалпы саяси жүйеде өзгерістерге өкелетін процесті айтады.

Саяси дамудың эволюциялық және революциялық түрлері бар:

Эволюциялықта қоғамдық-саяси əмір біртіндеп, баяу дамиды.

Революциялық дамуда қоғамның барлық əлеуметтік-экономикалық саяси құрылымы түбекейлі тәңкеріске ұшырайды. Ол қарулы және бейбіт жолмен іске асуы мүмкін.

Əлеуметтану – қоғам дамуын дәстүрлік және қазіргі деп бөледі.

Дәстүрлік даму экономика əлсіз, аграрлық шаруашылықпен айналысады, отбасылық, рулық, тайпалық бай-

ланыстар қатты дамыған, халықтың көпшілігі сауатсыз, т.с.с.

Қазіргі қоғам индустріалды, жоғары индустріалды қоғам болып есептеледі. Ол рационализмге, ақыл-парасаттыққа, баяндылыққа негізделеді. Бүгінгі адам өзінің іс-әрекетінде алдына саналы мақсат қойып, соған жетер жолды, әдіс-тәсілдерді таңдап, табанды түрде оларды іске асыруға тырысады.

Дәстүрлік қоғамнан қазіргі қоғамға өтудің, соған бейімделудің әр түрі бар:

1. Құрылымдық бейімделу. Оған индустріаландыру, қазіргі нарықтық капитализмің қалыптасуы, адамдардың сауаттылығы, жұмыс бастылық құрылымның түбегейлі өзгеруі, білікті мамандар, орта және өкімшілік қызметкерлер үлесінің көбеюі, т.с.с. жатады.

2. Азаматтық. Бұл принцип барлық ересек адамдарды мемлекет басқару ісіне тартып, қатынастыруға бағытталған.

3. Саяси қатынасу. Азаматтарға қоғамның саяси өміріне белсene қатынасуына кең жол ашылады. Мысалы, сайлау жасына келген адамдардың сайлау және сайлануға құқықты болуы.

4. Қазіргі адам. Мемлекеттік, қоғамдық жұмыстарға белсene араласатын жаңа адамның қалыптасуы.

Американың зерттеушісі А. Инкельстің тұжырымы бойынша, қазіргі адамның мынадай ерекшеліктері болуы керек:

А) қандай мәселе болмасын оған әр түрлі қарауға болатынын, соншалықты пікір тууын біледі;

Б) қоғамдық өмірді түсініп, үғынғанда өткенге, бұрынға бағдар үстамайды, қазіргі мен болашақты ойлайды;

С) индустріалды технологияның қисынын біледі, белгілі түсінігі бар.

5. Саяси бейімделудің кезендері.

Дәстүрлік қоғамнан қазіргі қоғамға бейімделу тұжырымдамасының екі түрпаты бар:

1. Өзіндік ішкі себептерден пайда болып, соған бейімделу. Мысалы: Ұлыбритания, АҚШ баяу даму нәтижесін-

де қоғамның баянды құрылсынына өтуді басынан кешірді. Бұл "табиғи" болып саналады.

2. Өмір сапасы жағынан жоғарыдағылардың жолын қуушылар – "қуалай дамушы" елдер болады.

Саяси бейімделу алғашында:

А) дамып келе жатқан елдердің батыс үлгісі бойынша демократиялануы;

В) батысқа бейімделу "үшінші елдердің" табысты әлеуметтік-экономикалық өсуіне жағдай жасайды;

С) бұл елдер дамыған Батыс Еуропа елдерімен және АҚШ-пен белсенді қарым-қатынасының, ынтымақтастығының нәтижесі ретінде қабылданған.

"Қуалай дамуды" жүзеге асырудың басты амал-әдісі – Батыс мемлекеттерінің көмегінің арқасы деп есептеледі.

Демократиялық жолда ең алдымен саяси тұрақтылық – қа үлкен мән беріледі. Онсыз айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық жетістіктерге жету мүмкін емес.

## **СЕМИНАР САБАҚТАРЫ**

### **1-семинар**

**Демократия – әкімет билігін іске асыру түрі**

1. Демократия және даралықта табынушылық.
2. Жариялышық, плюрализм, шыдамдылық, либерализм. Олардың қазіргі заманғы Қазақстандағы маңызы.
3. Тенденция. Тенденция түсінігі. Тенденция мен тендерменешілік.

### **2-семинар**

**Саяси партиялар және партиялық жүйе**

1. Таптық және тапаралық партиялар.  
Таптардағы ұқсаған топтар мен өлеуметтік қабаттардың партиялары.
2. Партия өрекеттерінің құқықты реттелуі.
3. Қазақстандағы көп партиялық жүйенің қалыптастыру проблемалары және оның келешегі.

### **3-семинар**

**Саяси өрекет мәні, мақсаттары, әдісі, амалдары**

1. Саяси өрекеттің негізгі принциптері мен ережелері.
2. Жеке мақсаттарды жалпылық мақсаттарға бағындыру, жақын мақсаттарды соғы мақсаттарға бағындыру, негізгі емес мақсаттарға бағындыру.
3. Экстремизм мен өрекетсіздіктің қаупі.

### **4-семинар**

**Тоталитаризмнен демократиялық қоғамға өтудің маңызды мәселелері**

1. Саяси дамудағы терістеге және мирасқорлық.

2. Тұракты демократияға ауысудың мүмкіндіктері мен жағдайлары. Азаматтық келісімге келудің ұтымды жолын іздеу.

3. Қазақстандағы қайта құру және дүниежүзілік тәжірибе.

## 5-семинар

### Сыртқы саясат әрекеті және дүниежүзілік барыс

1. Халықаралық қатынастар: анықтамасы, факторлары, субъектілері, жіктеу.

2. Сыртқы саясат: анықтамасы, қызметтері, жүзеге асыру жолдары мен мақсаттары.

3. Қазіргі кезеңдегі геосаясат мәні. Геосаясаттың негізін қалаушылар. Қалыптасу кезеңдері. XX ғасырдағы геосаяси тұжырымдар.

## 6-семинар

### Саяси жүйе және билік

1. Саяси жүйе және билік институттары.

2. Саяси жүйенің негізгі нормативтері.

3. Қазақстандағы саяси жүйе.

## 7-семинар

### Саяси жүйедегі адам

1. Адам – қоғамның жігерлі субъектісі.

2. Жеке Адам мен топтар арасындағы қатынас.

3. Жеке тұлға және қоғам.

## 8-семинар

### Қоғамдық үйымдар

1. Қазақстандағы қоғамдық саяси үйымдар мен қозғалыстардың қоғамдағы орны.

2. Кәсіподақтар, қызметі, міндеттері.

3. Қазақстан Республикасындағы қоғамдық үйимдардың қалыптасу жағдайлары.

## **ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР**

**ҚазССР Мемлекеттік егемендігі туралы**

### **Декларациясы**

"ҚазССР Жоғарғы Советі Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, ҚазССР Мемлекеттік егемендігін жариялады және осы Декларацияны қабылдайды".

**Алматы, 1990 жылғы 25 қазан**

**ҚазКСР Президентінің Жарлығы**

Семей ядролық полигонын жабу туралы Қазақ КСР-нің территориясындағы Семей облысында 1949 жылдан бері ядролық қару сынау жүзеге асырылып келді. Осы уақыттың ішінде онда 500-ге жуық ядролық жарылыс жасалып, оның өзі мындаған адамдардың денсаулығы мен өміріне нұқсан келтірді.

Қазақ КСР – КСРО мен АҚШ арасындағы стратегиялық өскери тепе-теңдікті қамтамасыз еткен ядролық потенциалды жасау жөніндегі өз борышын орындағанын ескерін және республика жұртшылығының талаптарына құлақ асып қаулы етемін:

**1. Семей ядролық сынақ полигоны жабылсын!**

**Қазақ КСР-нің Президенті**

**Н.Ә. Назарбаев**

**Алматы, 1991 ж. 29 тамыз.**

**Қазақстан – 2030**

**Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеу, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы**

**Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы**

**3. Ұзақ мерзімді басым мақсаттар мен оларды іске асыру стратегиялары. Біздің еліміз бен айтқан перспективаларға қол жеткізу үшін мынадай ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыру қажет:**

**1. Ұлттық қауіпсіздік.** Аумақтың тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстан тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету.

**2. Ішкі саяси тұрақтылық** пен қоғамның топтасуы. Қазақстанға бүгін және алдағы ондаған жылдар ішінде ұлттық стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұастықты сақтап, нығайта беру.

**3. Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға неғізделген экономикалық өсу.**

**4. Қазақстан Азаматтарының денсаулығы, білім мен әл-ауқаты.**

**5. Энергетика ресурстары.**

**6. Инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс.**

**7. Көсіби мемлекет.**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНАН:**

### **9-бап.**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Елтаңбасы және Әнұраны бар. Олардың сипаттамасы және пайдалану тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді.

### **34-бап.**

Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті.

*(1995 жылғы 30 тамызда өткен Республика референдумында қабылданған).*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТИНІҢ**

*"Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы конституциялық заң қүші бар"  
Жарлығы*

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Конституциясының 9-бабын іске асыру мақсатында осы Жарлықты шығарамын.

# I тарay

## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рөміздері:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы;

2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны болып табылады.

2-бап. Мыналар бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының бейнесі (сызба жөне түрлі-түсті бейнелері қоса беріледі).

2) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі (ақ-қара жөне түрлі-түсті бейнелері қоса беріледі).

3) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының музикалық редакциясы мен мөтіні (қоса беріледі).

3-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын жасау.

— Кітапта терминдер бір ізге келтіріліп алынды.

Белгіленген заң тәртібіне сәйкес рұқсат болған кездеғана жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жүрген адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын қастерлеуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын қорлауға кінөлі адамдар Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапты болады.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ

4-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықташ ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Туды сабының түсында ұлттық өрнек нақышталған тік жолақ көктеп өтеді. Күн, шұғыла, қыран және өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының қатынасы – 1:2.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен оның бейнесі, қолемдеріне қарамастан, Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясында сақтаулы тұрган Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы эталонының түрлі түсті және сыйба бейнелеріне дәлмемдәл сөйкес келуге тиис.

5-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мынадай жерлерде тігіледі немесе орнатылады:

1) Қазақстан Республикасы Президенті резиденциясының, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының және басқа да соттарының, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Фылым академиясының, мәслихаттарының, жергілікті атқарушы органдарының гимараттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының дипломатиялық және сауда өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің гимараттарында – үдайы;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің кабинетінде, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты

жөне Мәжілісінің сессия (бірлескен және бөлек) отырыстары, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары Бюроларының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырыстары, Қазақстан Республикасы мәслихаттарының сессиялары өтетін залдарда, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің отырыс залында, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, оның алқалары мен басқа да соттарының сот мәжілісі залдарында, сондай-ақ дүниеге келген нәрестелерді жөне некені салтанатты түрде тіркейтін орын-жайларда – ұдайы;

3) егер бұл халықаралық құқық нормалары мен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген болса, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары Төрағаларының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің жөне олардың өкілетті өкілдерінің қатысуымен халықаралық форумдар өтетін ғимараттарда немесе орынжайларда;

4) ресми адамдар ретінде Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының Төрағалары, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мінген теңіз кемелерінде, ішкі жұзу кемелерінде жөне басқа да қатынас құралдарында;

5) белгіленген тәртіппен тіркелген кемелердің бұлқынындағы ту ретінде;

6) Қазақстан Республикасының өскери корабльдері мен кемелерінде – өскери жарғыларға;

7) Қазақстан Республикасы Қарулы Қүштерінің, Республикалық ұланының өскери құрамалары мен бөлімшелерінде ант қабылдау кезінде;

8) мемлекеттік органдар мен үйымдардың ғимараттарында – Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі күні жөне мереке күндері.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының бейнесі Қазақстан Республикасының әве кемелерінде орнастылады.

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

Туының өзге де реттерде міндетті түрде тігілуі немесе орнатылуы көзделуі мүмкін.

**6-бап.** Ұлттық азаға байланысты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы тұғырдың биіктігінің жарты деңгейіне ұлттық аза тұту мерзімі бойына тәмен түсіріледі.

### III тарау

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ

7-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасында көгілдір түс аясында шаңырақ (киз үйдің жоғарғы күмбез төрізді бөлігі) бейнеленген, шаңырақты айнала күн сөүлесіндей тарап ұықтар шашылған, оны аңыздардағы пырақтар қанаты көмкеріп тұр. Елтаңбасынң тәменгі жағында "Қазақстан" деген жазу бар.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының көшірме бейнесі, көлеміне қарамастан, Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясында сақтаулы тұрған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы эталонының түрлі-түсті немесе ақ-қара бейнесіне дәлме-дәл сәйкес келуге тиіс.

8-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі:

1) Қазақстан Республикасы Президенті резиденциясының, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын жөне есеп беретін мемлекеттік органдардың ғимараттарында, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Соты мен басқа да соттарының, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының ғимараттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Фылым академиясының, Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштері мен Республикалық ұланының құрамалары мен бөлімдері штабтарының, Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдері мен консулдық мекемелерінің ғимараттарында;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің кабинетінде, Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының

сессия (бірлескен жөне бөлек) отырыстары, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары Бюороларының, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен оның Төралқасының отырыстары, Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының сессиялары өткізілетін залдарда, Конституциялық Кеңестің отырыс залында, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, оның алқалары мен басқа да соттарының сот отырысы залдарында, дүниеге келген нәрестелерді жөне некені салтанатты турде тіркеу орындарында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік және үкімет наградалары тапсырылатын орынжайларда, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің қабылдау залдарында;

3) Қазақстан Республикасының Президенті мен оның Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің, оның Палаталары мен олардың Аппараттарының, Қазақстан Республикасы Парламентінің Палаталары Бюороларының, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен оның Аппаратының, Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын жөне есеп беретін мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Жоғарғы Соты мен басқа да соттарының, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының, Қазақстан Республикасының Қарулы Құштері мен Республикалық ұланының өскер құрамалары мен бөлімдерінің, мәслихаттардың, жергілікті атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасының зандары мен мөрлерінде жөне құжаттарының бланкілеріне Елтаңбаның бейнесін орналастыру құқығы берілген мемлекеттік куәландыру кеңселерінің мөрлерінде жөне құжаттарының бланкілерінде;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Парламенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ресми басылымдарында;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкноттары мен тиын ақшаларында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақшалай-заттай лотерея билеттерінде;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куөлігі мен төлкүжатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін басқа да төлкүжаттарда;

7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара-сына орнатылатын шекара бағаналарында орналастырылады.

Қазақстан Республикасының заңдарымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнесінің кешірмесін орнастырудың басқа да реттері көзделуі мүмкін.

## IV таралық

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТЕКІ ӘНҮРАНЫ

9-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнүраны:

- 1) Қазақстан Республикасы Парламентінің;
- 2) Қазақстан Республикасының Үлттық мерекесі мен Қазақстан Республикасында аталып өтілетін мерекелік күндерге арналған салтанатты жиналыстар мен отырыстарды ашу және жабу кезінде;
- 3) Қазақ мемлекеттік теледидары мен радиохабары беретін хабарларда – Жаңа жыл туні 24.00 сағатта; Қазақ мемлекеттік теледидары хабарларында – Қазақстан Республикасының Үлттық мерекесі күнгі бағдарламасының басында – 25 қазанды, мереке күндері – 1-2 қаңтарда, 8 наурызда, 22 наурызда, 1 мамырда, 9 мамырда, 30 тамырда, 16 желтоқсанда; Қазақ мемлекеттік радиохабары беретін хабарларда – күн сайын республикалық бағдарламаның басталуы мен аяқталуы кезінде;
- 4) Қазақстан Республикасы халқының өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғаларды атап өту құрметіне ескерткіштер, монументтер, құлпытастар мен өзге де құрылыштарды ашу кезінде;
- 5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктері мен өзге де үйымдары өткізетін дәстүрлі рәсімдер, салтанатты іс-шаралар кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тұынкөтерілген кезде;
- 6) Қазақстан Республикасына ресми сапармен келген шет мемлекеттердің мемлекет басшыларын, парламенттері мен үкіметтерінің басшыларын қарсы алу және шығарып салу кезінде – тиісті шет мемлекеттің Мемлекеттік Әнүраны орындалғаннан кейін;
- 7) жоғары, орта арнаулы оқу орындарында, жалпы білім беретін орта мектептерде – жаңа оқу жылдарының баста-

лұы мен оқу жылышың аяқталуына арналған рәсімдер, сондай-ақ өзге де салтанатты іс-шаралар кезінде орындалады.

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының міндетті түрде орындалуының басқа да реттері белгіленуі мүмкін.

**10-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын оркестр, хор, хор-оркестр не өзге де өншілер, не өзге өншілер мен сазды аспаптар орындаі алады. Бұл ретте дыбыс жазу құралдары қолданылуы мүмкін.

Әншілер мен өнші-сазды аспаптар орындаған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны толық орындалады, ал сазды аспаптар орындаған жағдайда Әнұранды ішінара орындауга жол беріледі, оның өуені мен қайырмасы бір дүркін орындалады.

**Казақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны** оның мәтінімен және музикалық редакциясымен дөлмәдәл сәйкестікте орындалуға тиіс.

**11-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны көпшілік алдында орындалған кезде, қатысуышылар Әнұранды тұрып тыңдайды.

Қазақстан Республикасының органдары мен үйымдары шет мемлекеттер аумағында іс-шаралар өткізген кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі бекіткен ережелерге сәйкес, олар болған елдің қалыпты практикасы мен жергілікті өдег-ғұрыптары ес-керіле отырып орындалады.

**12-бап.** Мемлекеттік рәміздердің осы Жарлықпен реттелмеген бөлгінде әскери бөлімдерде, әскери корабльдер мен кемелерде, ұлттық қауіпсіздік органдары мен құқық қорғау органдарында, сондай-ақ спорт жарыстары өткізілген кезде қолданылу төртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

**13-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын дөлме-дөл орындауды бақылау Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, сондай-ақ үйымдарының басшыларына жүктеледі.

**Ұ т а р а у**

**ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**14-бап.** Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы облыстарының, республикалық маңызы бар қалалары мен астанасының өкімдері тұрақты түрде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насиҳаттау, азаматтардың бойында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрмет сезімін қалыптастыру жөнінде шаралар кешенін өзірлең, іске асырын.

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) өзінің актілерін осы Жарлыққа сөйкес келтірсін;
- 2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қолдансын.

**Қазақстан Республикасының**

**Президенті**

**Н.НАЗАРВАЕВ**

*Алматы, 1996 жылғы 24 қаңтар*

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ

(Он екінші сайланған Қазақстан Республикасы Жоғары Қенесінің VII сессиясында 1992 жылғы 4 маусымда қабылданған. Авторы – суретші Ш.О. Ниязбеков).

Бет жағы



Сырт жағы



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тікбұрышты көгілдір түсті мата. Туды сабының түсінде ұлттық өрнек нашықталған тік жолақ кектеп өтеді. Күн, шұғыла, қыран және өрнек бейнесі – алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының қатынасы – 1:2.

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ

(Он екінші сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Қеңесінің VIII сессиясында 1992 жылғы 4 маусымда қабылданған. Авторлары – сөuletшілер: Ж.М. Мәлібеков пен Ш.Ы. Уәлихан).



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасында көгілдір түс аясында шаңырақ бейнеленген, шаңырақты айнала, күн сөулесіндей тарап уықтар шанышылған, оны аңыздардағы пыракттар қанаты көмкеріп тұр. Елтаңбаның жоғарғы жағында бесбұрышты жұлдыз, ал төменгі жағында "Қазақстан" деген жазу бар.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының реңі – алтын және көгілдір түсті.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

Сөзін жазғандар: Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дөрібаева.

Әнін жазғандар: Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди.

Жаралған намыстар қаһарман халықпрыз,  
Азаттық жолында жалындал жаңыппрыз.  
Тағдырдың тезінен, тозақтың езінен  
Аман-саяу қалыпты, аман-саяу қалыпты.

*Қайырмасы:* Еркіндік қыраны, шарықта,  
Елдікке шақырып тірлікте  
Алыптың қуаты – халықта,  
Халықтың қуаты – бірлікте!

Ардақтап анасын, күрметтеп данасын,  
Бауырга басқанбыз баршаның баласын.  
Татулық, достықтың киелі бесігі –  
Мейірбан ұлы Отан, қазактың даласы!

*Қайырмасы:* Еркіндік қыраны, шарықта,  
Елдікке шақырып тірлікте!  
Алыптың қуаты – халықта,  
Халықтың қуаты – бірлікте!

Талайды өткердік, өткенге салауат,  
Келешек ғажайып, келешек ғаламат!  
Ар-ождан, ана тіл, әнеге-салтымыз,  
Ерлік те, елдік те үрпаққа аманат!

*Қайырмасы:* Еркіндік қыраны, шарықта,  
Елдікке шақырып тірлікте!  
Алыптың қуаты – халықта,  
Халықтың қуаты – бірлікте!

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТИНІҢ БАЙРАФЫ ЖӘНЕ ОНЫң АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕРІНІҢ РЕСМИ ПАЙДАЛАНЫЛУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҒЫ

## ҚАУЛЫ ЕТЕМИН:

1. Республика Президентінің байрағы мен омырау белгісі мемлекеттің ең жоғары лауазымды адамының ресми айырым белгілері болып табылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Президенті байрағының сипаттамасы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Былай деп белгіленсін:

1) Қазақстан Республикасы Президенті байрағының эталоны орналасатын жер Қазақстан Республикасының астанасындағы Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясындағы қызмет кабинеті болып табылады;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы Республика астанасындағы Мемлекет басшысы тұратын резиденцияда, Республика Президенті болған уақытта басқа резиденциялардың үстінде, Республика Президентінің көлік құралдарында орнатылады.

4. Республика Президентінің омырау белгісі мемлекеттік мерекелер құрметіне, өскери парадтар, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың ресми адамдарын қабылдау, Республика Президенті атынан өткізілетін ресми қабылдаулар, Парламент сессиясын ашу, мемлекеттік наградаларды тапсыру кезінде, сондай-ақ Республика Президенті салтанатты кеште немесе концертте құрметті қонақ болған не қатысқан, ресми телевизиялық сұхбат берген кезде, шетелдік сапарлар уақытында қабылдаушы тараптың хаттамасына сәйкес тағылуы мүмкін деп белгіленсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Алматы, 1995 жылғы 29 желтоқсан

Н. НАЗАРБАЕВ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ БАЙРАҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы – көгілдір түсті (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туымен түстес) тікбұрыш нысанындағы жақтары уштің екісіне сәйкес келетін кездеме. Тікбұрыштың ортасында қанатты барысқа мінген, он қолы жоғары көтерілген сақ дәуірі жас көсемінің тұлғасы бедерленген алтын шеңбер бар. Барысқа мінген адамның қолында білеziк, мойнында грифна мен тұмар, басында ұшы сүйрленген қалпақ бар. Барысқа мінген адам мен барыстың бейнелері – алтын түстес. Барыстың астыңғы жағында қарлы тау шыңдарының бейнесі келтірілген.

Кездеме үш жағынан алтын шашақпен көмкерілген. Байрақтың сабы қошқар мүйіз түріндегі суретті қола кескіндемесімен түйікталған, оған төгілмелі шашақ бекітілген.

Байрақтың сабында Қазақстан Республикасы Президентінің тегі, аты мен өкесінің аты және оның сайланған уақытын көрсететін даталар өрнектеліп жазылған күміс темірше бекітіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы туралы

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

**1-бап.** Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының бейнесі бекітілсін (пішіндік және түрлі-түсті бейнесі қоса тіркеліп отыр).

**2-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы Қазақстан Республикасы мемлекеттік егемендігінің нышаны болып табылады.

**3-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жауауы – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сап жағында ұлттық өрнегі бар тік жолақ орналасқан. Күн, шұғыла, қыран бейнесі және өрнек алтын түсті. Тудың ені мен ұзындығының қатынасы – 1:2.

**4-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мынадай жерлерде көтеріледі немесе тігулі тұрады:

а) Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясында, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы министрліктері мен мемлекеттік комитеттерінің, Қазақстан Республикасы Фылым академиясының, халық депутаттары жергілікті Кеңестері мен жергілікті әкімшіліктерінің, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Жоғарғы Сотының, Жоғарғы төрелік сотының және басқа да соттарының, Қазақстан Республикасы Прокуратурасының үйлерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының дипломатиялық және сауда әкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің үйлерінде – үнемі;

ә) Қазақстан Республикасы Президентінің кабинетінде, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің сессиялары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының, Қазақстан Республикасы Министрлер Каби-

нетінің мәжілістері, Қазақстан Республикасы халық депутаттары жергілікті Қеңестерінің сессиялары еткізілеттің залдарда, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Жоғарғы Сотының, Жоғарғы Төрелік сотының жөне басқа соттарының сот мәжілісі залдарында, өмірге келген нөрестелерді, некелерді салтанатты турде тіркейттің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жөне үкіметтік наградаларын тапсыратын орындарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шетелдердегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің қабылдау залдарында;

б) егер халықаралық құқық нормалары мен мемлекетаралық келісімдерде көзделген болса, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Қеңесі Төрағасының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің жөне олардың өкілетті өкілдерінің қатысуымен халықаралық жөне мемлекетаралық форумдар өтетіп мәжілістерде;

в) ресми адамдар ретінде Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Қеңесінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мінген теніз кемелерінде, ішкі жүзу кемелерінде жөне басқа қатынас құралдарында;

г) белгіленген тәртіппен тіркелген кемелердің бұлқышындағы жалау ретінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының бейнесі Қазақстан Республикасының әуе кемелерінде орнатылады;

д) Қазақстан Республикасының әскери корабльдері мен кемелерінде – Әскери Жарғыларға сәйкес;

е) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мен ұлттық ұланының әскери құрамалары мен бөлімшелерінде – айт қабылдаған кезде;

ж) көсінорындардың, мекемелер мен үйымдардың үйлерінде, сондай-ақ тұрғын үйлерде мереке күндері;

з) Қазақстан Республикасы Президентінің үкімі бойынша.

5 - бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы жөне оның бейнесі, олардың көлеміне қарамастан, Қазақ-

стан Республикасы Мемлекеттік Тұы үлгі нұсқасының түрлі-түсті жөне пішіндік бейнелеріне өрдайым дөлмендәл сәйкес келуге тиіс.

6-бап. Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұратын адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тұын қастерлеуге міндетті. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тұын қорлауға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жауапты болады.

Қазақстан Республикасының

Президенті

**Н. НАЗАРБАЕВ**

Алматы, 1992 жылғы 4 маусым.

№ 1372 – XII (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жарышысы, № 10.).

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы туралы

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі бекітілсін (ақ-қара жөне түрлі түсті бейнесі қоса тіркеліп отыр).

2-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік егемендігінің нышаны болып табылады.

3-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасында көгілдір тұс аясында шаңырақ, уықтар шашылған, оны азыз әңгімелердегі пырақтар қанаты көмкеріп тұр. Елтаңбаның жоғарғы жанында бес бұрышты жүлдyz, ал төменгі жағында "Қазақстан" деген жазу бар.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының реңдік бейнесі екі түсті – алтын жөне көгілдір түсті.

4-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының бейнесі:

а) Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясында, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің,

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы министрліктері мен мемлекеттік комитеттерінің, Қазақстан Республикасы Фылым академиясының үйлерінде, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Жоғарғы Сотының, Жоғарғы төрелік сотының және басқа да соттарының, Қазақстан Республикасы Прокуратурасының үйлерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы дипломатиялық және сауда өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің үйлерінде;

ә) Қазақстан Республикасы Президентінің кабинетінде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Қенесінің сессиялары, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Қенесі Тәралқасының, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің мәжілістері, Қазақстан Республикасы халық депутаттары жергілікті Қенестерінің сессиялары өткізілетін залдарда, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Жоғарғы Сотының, Жоғарғы төрелік сотының және басқа да соттардың сот мәжілісі залдарында, өмірге келген нөрестелерді, некелерді салтанатты түрде тіркейтін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жөне өкіметтік наградаларын тапсыратын орындарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының штеддердегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің қабылдау залдарында;

б) Қазақстан Республикасы залдарында, мөрлері мен құжаттарының беттерінде Елтаңба бейнесін орналастыру құқығы берілген Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Қенесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Қенесі Тәралқасының, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қазақстан Республикасы министрліктері мен мемлекеттік комитеттерінің, Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетіне бағынышты басқа да органдардың, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Жоғарғы Сотының, Жоғарғы төрелік сотының және басқа да соттарының, Қазақстан Республикасы Прокуратурасының, Қазақстан Республикасы Қарулы күштері өскер құрамалары мен бөлімдерінің, ұлттық ұланының, халық депутаттары

жергілікті Кеңестерінің, жергілікті әкімшіліктердің, мемлекеттік куәландыру кеңселерінің мөрлөрі мен құжаттары беттерінде;

в) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ресми базылымдарында;

г) Қазақстан Республикасының үлттық мемлекеттік банкісі билеттерінде, Мемлекеттік қазыналық билеттер мен металл теңгелерде; Қазақстан Республикасы мемлекеттік заем облигацияларында, ақшалай-заттай лотерея билеттерінде;

д) Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарына берілетін дипломатиялық және өзге де шетелдік төлқұжаттарда;

е) Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасында орнатылған шекаралық бағаналарда орналастырылады.

Қазақстан Республикасы заңдарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнесін міндепті түрде орналастырудың басқа да реттері көзделуі мүмкін.

5-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бедерленген бейнесі, көлеміне қарамастан, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы үлгі нұсқасының түрлі-түсті немесе ақ-қара бейнесіне өрдайым дәлме-дөл сәйкес келуге тиіс.

6-бап. Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында тұратын адамдар Қазақстан Республикасының Елтаңбасын қастерлеуге міндепті. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын қорлауға кінелі адамдар Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жауапты болады.

**Қазақстан Республикасының**

**Президенті**

**Н. НАЗАРБАЕВ**

*Алматы, 1992 жылғы 4 маусым.*

*№ 1374 – XII (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жарышысы, Алматы, 1992).*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік  
Әнұранының музикалық редакциясы туралы**

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

I. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының музикалық редакциясы бекітілсін.

II. Осы Заң 1992 жылғы 6 маусымнан бастап күшіне енгізілсін.

**Қазақстан Республикасының**

**Президенті**

**Н. НАЗАРБАЕВ**

*Алматы, 1992 жылғы 4 маусым. № 376-ХП ("Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жаршысы", № 10, 9-бет, Алматы, 1992.).*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік  
Әнұранының мәтіні туралы**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

I. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының мәтіні бекітілсін (қоса тіркелген).

II. Осы Заң жарияланған кезінен бастап күшіне енгізілсін.

**Қазақстан Республикасының**

**Президенті**

**Н. НАЗАРБАЕВ**

*Алматы, 1992 жылғы 11 желтоқсан. № 1774-XII.*

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны Қазақстан Республикасы мемлекеттік егемендігінің нышаны болып табылады.

2-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны:

а) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Қеңесінің сессияларын ашу жөне жабу кезінде;

ә) Қазақстан Республикасында аталып өтілетін мерекелік күндерге арналған салтанатты жиналыстар мен мәжілістерді ашу жөне жабу кезінде;

б) Қазақ мемлекеттік теледидар жөне Қазақ мемлекеттік радиохабары беретін хабарларда – Жаңа жыл түнінде 24.00 сағатта; Қазақ мемлекеттік теледидар хабарларында мерекелік күндері – 1-2 қантарда, 8 наурызда, 22 наурызда, 1 мамырда, 9 мамырда, 16 желтоқсанда бағдарлама бастағанда; Қазақ мемлекеттік радиохабар беретін хабарларда – күн сайын республикалық бағдарлама басталған жөне аяқталған кезде;

в) Қазақстан халқы өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғаларды атап өту құрметіне ескерткіштер, монументтер, құлпытастар ашу кезінде;

г) мемлекеттік жөне қоғамдық органдар, көсіпорындар, мекемелер мен үйымдар өткізетін ресімдер мен басқа да салтанатты шаралар кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтерген кезде;

д) Қазақстан Республикасына ресми сапармен келген шетелдердің мемлекет басшылары мен үкімет басшыларын қарсы алу жөне ішігарып салу кезінде – тиісті шет мемлекеттің Мемлекеттік Әнұраны орындалғаннан кейін орындалады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Қеңесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындаудың басқа да реттерін белгілеуі мүмкін.

**3-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраның оркестр, хор, оркестр-хор не басқа да әншілер мен сазды аспаптар орындаій алады. Бұл ретте дыбыс жазу құралдары қолданыла алады.

Әншілер мен саз аспаптар орындаған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны толық орындалады, ал саз аспаптар орындаған жағдайда Әнұрандың шиғнара орындауға жол беріледі – ән бастамасы мен қайырмасы орындалады.

**4-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны оның мөтіні мен сазы редакциясына дәлме-дәл сәйкес орындалуға туіс.

**5-бап.** Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында болған адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраның есінде сақтауға міндettі.

**6-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны көпшілік алдында орындалған кезде, қатысуышылар Әнұранды тұрып тыңдайды.

**7-бап.** Қазақстан Республикасының мекемелері мен үйымдары шет мемлекеттер аумағында шараптар өткізген кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгілеген ережелерге сәйкес болған елдің практикасы мен жергілікті өдет-ғұрыптары ескеріле отырып орындалады.

**8-бап.** Осы Заңның өскери бөлімдерде, өскери корабльдер мен кемелерде, ішкі істер органдарында, сондай-ақ спорт жарыстарын өткізген кезде қолданылу тәртібін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белглейді.

**9-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраның дәлме-дәл орындауды бақылау мемлекеттік жөне қоғамдық органдардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен үйымдардың басшыларына жүктеледі.

**Қазақстан Республикасының**

**Президенті**

**Алматы, 1992 жылғы 11 желтоқсан.**

**№ 1775 - XII.**

**Н. НАЗАРБАЕВ**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы" 1996 жылғы 24 қаңтардағы № 2797 конституциялық заң күші бар Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) актінің нысаны мен тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы.

2) Кіріспе алып тасталсын.

3) 11-баптың бірінші бөлігіндегі "Гимнің тұрыптыңдайды" деген сөздер "Гимні орнынан тұрып, оң қолының алақанын омырауының сол жағына қойып тыңдайды" деген сөздермен ауыстырылсын.

4) 12, 14 және 16-баптарда "Жарлықпен", "Жарлыққа", "Жарлықтан", "Жарлық" деген сөздер тиісінше "Конституциялық заңмен", "Конституциялық заңға", "Конституциялық заңдан", "Конституциялық заң" деген сөздермен ауыстырылсын.

5) 2-баптың 3-тармақшасымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнің музикалық редакциясы мен мәтіні осы Конституциялық заңға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2-бап. Осы Конституциялық заң ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев

Астана, Ақорда, 2006 жылғы қаңтардың 7-сі. № 112-З  
ҚРЗ.

## Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимніңің мәтіні

Сөзін жазғандар: Жұмекен Нәжімеденов,

Нұрсұлтан Назарбаев

Музыкасын жазған: Шемші Қалдаяқов

Алтын күн аспаны,  
Алтын дөн даласы.  
Ерліктің дастаны,  
Еліме қараishi!  
Ежелден ер деген,  
Даңқымыз шықты ғой.  
Намысын бермеген,  
Қазағым мықты ғой!

### Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып тәгілемін, елім!  
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Үрпаққа жол ашқан,  
Кең-байтақ жерім бар.  
Бірлігі жарасқан,  
Төуелсіз елім бар.  
Қарсы алған уақытты,  
Мәңгілік досындей.  
Біздің ел бақытты,  
Біздің ел осындей!

### Қайырмасы:

ҚАЗАҚ АССР-НІҢ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ  
КОМИТЕТИ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ  
КЕҢЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

"Қазақ" сөзінің орысша айтылуы мен жазбаша  
тацбалануы туралы

1. "Қазақты" орысша негұрлым дұрыс айту үшін осы  
сөздің қазақша айтылуына сейкес орысша айтылуында  
және жазбаша тацбалануында "казак" сөзінің соңғы әрпі

"х" әрпімен алмастырылып, осыған байланысты "казак" емес, "казах" деп, "Казакстан" емес, "Казахстан" деп жа-зылатын болсын.

ҚАССР Орталық Атқару Комитеті Төрағасының орынбасары  
**Ә. Жангелдин**

КДССР Халық Комиссарлар Кеңесінің Төрағасы  
**О. Исаев**

КДССР Орталық Атқару Комитетінің хатшысы  
**Т. Жұмабаев**

*Алматы, 1936 жылдың ақпаны.*

## **ҚАЗАҚ КЕҢЕСТИК СОЦИАЛИСТИК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

### **Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы**

Республиканың кеп үлтты халқының өзін-өзі билеу принциптеріне, адам құқы мен бостандықтарының мызғымастығына, қоғамның саяси, экономикалық және идеологиялық жағынан сан алуандығына негізделген демократиялық, тәуелсіз, бейбітшілік сүйгіш, құқықты мемлекет құруға үмтүлісін басшылыққа ала отырып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауы Қазақстан Республикасы болып өзгерілісін.

2. Қазақ КСР Конституциясы (Негізгі Заңы) мен Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияға, Қазақ КСР Заңдарына және мемлекеттік органдарының өзге де актілеріне тиісті өзгерістер енгізілсін.

**Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының  
Президенті** **Н. НАЗАРБАЕВ**

*Алматы, 1991 жылғы желтоқсанның 10-ы.*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
ЖАРЛЫҒЫ  
АҚМОЛА ҚАЛАСЫН  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң АСТАНАСЫ  
ДЕП ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 15 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасының астанасы туралы" Заң күші бар Жарлығына, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 6 шілдедегі "Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы" № 106 Қаулысына сәйкес қаулы етемін:

1. Ақмола қаласы 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып жариялансын.

2. Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы ретінде ресми тұсауқесері 1998 жылғы 10 маусымда өткізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Президентінің басқармасы, Жоғары және орталық органдарды Ақмола қаласына орналастыру жөніндегі мемлекеттік комиссия осы Жарлықтың орындалуын қамтамасыз ететін болсын.

4. Осы Жарлық жарияланған сөтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

**Н. НАЗАРБАЕВ**

Алматы, 1997 жылдың қазаның 20-сы.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ЗАҢЫ  
Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі  
туралы**

Осы Заң Қазақстан Республикасы астанасының құқықтық мәртебесі жұмыс істеуінің үйымдық-саяси және экономикалық негіздерін айқындайды.

1-бап. Қазақстан Республикасының астанасы.

1. Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының астанасы – мемлекеттік әкімшілік саяси орталығы, Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің, Үкіметінің, Конституциялық кеңесінің, Жоғарғы сотының, Бас прокуратурасының және орталық атқарушы органдарының орналасқан жері.

3. Жекелеген орталық атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы астанасынан тыс жерлерде орналасуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тұы мен Мемлекеттік Елтаңбасының эталондары және Қазақстан Республикасы Конституциясы мәтінінің түпнұсқасы Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекет астанасындағы резиденциясында сақталады.

2-бап. Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесін құқықтық реттеу. Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесін құқықтық реттеу және оның жұмыс істеуі Қазақстан Республикасы Конституциясының, осы Заң мен өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің негізінде жүзеге асырылады.

3-бап. Қазақстан Республикасы астанасының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының өкілеттіктері.

1. Астанада жергілікті мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасы астанасының жергілікті органдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасы астанасының өкімін қызметке Премьер-министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындейды.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктерімен қатар, Қазақстан Республикасы астанасының өкілді органды өз құзыреті шегінде:

1) қаланың Қазақстан Республикасының астанасы міндеттерін жүзеге асыруын ескере отырып, астананың бюджетін, оның атқарылуы туралы есептерді, аумақты дамыту жоспарын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын бекіtedi;

2) Қазақстан Республикасының астанасын басқару схемасын бекітеді.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілдіктерімен қатар, Қазақстан Республикасы астанасының атқарушы органдары өз құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбеке сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің мұқтаждары үшін үйлер, құрылыштар мен ғимараттар салуға арнап жер учаскелерін береді;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіпке сәйкес үйымдар мен жеке тұлғалардың мұқтаждары үшін үйлер, құрылыштар мен ғимараттар салуға арнап жер учаскелерін береді;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдеріне коммуналдық мешіктегі үйлерді, құрылыштар мен ғимараттарды береді;

4) аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және өлеуметтік бағдарламалары мен жергілікті бюджетті өзірлеп, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының астанасында жалпы мемлекеттік және халықаралық іс-шараларды өткізу үшін қажетті жағдайлар жасайды;

6) Қазақстан Республикасы астанасының экологиялық қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асырады және оны қамтамасыз ету жөніндегі шараларды өзірлейді;

7) Қазақстан Республикасы астанасын басқару схемасын өзірлеп, оны жергілікті өкілді органға бекітуге ұсынады;

8) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да өкілдерді жүзеге асырады.

5. Астананың өкілді және атқарушы органдарының бірлескен шешімімен Қазақстан Республикасының Үкі-

метіне астананың өкімшілік-аумақтық құрылышы туралы ұсыныстар енгізеді.

**4-бап.** Қазақстан Республикасының астанасындағы жергілікті өзін-өзі басқару. Қазақстан Республикасы астананың аумағында жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей сайлау жолымен, сондай-ақ сайланбалы жөне басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырады. Жергілікті өзін-өзі басқару Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

**5-бап.** Қазақстан Республикасы астанасының рәміздері.

1. Қазақстан Республикасы астанасының өз рәміздері болады.

2. Рәміздердің сипаттамасы мен оларды пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының зандарына сейкес айқындалады.

**6-бап.** Қазақстан Республикасы астанасының экономикалық негізі.

1. Қазақстан Республикасы астанасының өз міндеттерін жүзеге асыруы үшін экономикалық негізі оның коммуналдық меншігінен құралады.

2. Қазақстан Республикасы астанасында немесе оның жекелеген аумақтарында Қазақстан Республикасының зандарына сейкес арнайы экономикалық режимдер енгізілуі мүмкін.

**7-бап.** Қазақстан Республикасы астанасының бюджеті. Астананың бюджеті Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен құралады.

**8-бап.** Халықаралық байланыстар.

Астананың өкілді жөне атқарушы органдары өз өкілеттіктері шегінде халықаралық қатынастарды жүзеге асыруға қатысады.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті**

**Н. НАЗАРБАЕВ**

*Астана, 1998 жылғы мамырдың 20-сы.*

**Қазақстан Республикасы Президентінің  
Жарлығы**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АСТАНАСЫ –  
АҚМОЛА ҚАЛАСЫН ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АСТАНАСЫ – АСТАНА  
ҚАЛАСЫ ДЕП ҚАЙТА АТАУ ТУРАЛЫ**

Жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың етінштерін, Ақмола қаласы жүртшылығының талап-тілектерін ескере отырып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясы шешімінің негізінде қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының астанасы – Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы деп қайта аталсын.

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Ақмола, 1998 жылғы мамырдың 6-сы.

**Н. НАЗАРБАЕВ**

**Қазақстан Республикасының Заңы  
"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК  
ТУРАЛЫ" ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЗАҢЫН КҮШІНЕ ЕҢГІЗУ ТУРАЛЫ**

1. "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілсін.

2. 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) 1972 жылғы 1 шілдедегі Қазақ ССР Заңымен бекітілген Қазақ ССР-інің Еңбек туралы заңдар кодексі (Қазақ КСР Жоғарғы Советінің Ведомстары, 1972 жылғы 31 (917)-нөмірге қосымша; 1973 ж., №51; 1974 ж., №37; 1977 ж., №11; 1980 ж., №12; №24; №45, 141-құжат; 1982 ж., №2, 25-құжат; 1983 ж., №46, 500-құжат; 1984 ж., №36,

447-құжат; 1985 ж., №45, 457-құжат; 1986 ж., №25, 242-құжат; №28, 275-құжат; №49, 507-құжат; 1987 ж., №18, 227-құжат; №43, 518-құжат; 1988 ж., №16, 160-құжат; №27, 277-құжат; 1989 ж., №49; 445-құжат; 1990 ж., №43, 404-құжат; №44, 410-құжат; № 50, 467-құжат; 1991 ж., №26, 348-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Советінің Жаршысы, 1992 ж., №6, 112-құжат; №13-14, 316-құжат; 1993 ж., №3, 41, 56-құжаттар; 1994 ж., №9-10, 147-құжат; 1995 ж., №21, 126-құжат; №23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., №6, 66-құжат; 1998 ж., №24, 432-құжат; 1999 ж., №8, 235-құжат);

2) "Қазақ ССР-інің Еңбек туралы заңдар кодексін бекіту туралы" 1972 жылғы 21 шілдедегі Қазақ ССР Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Советінің Ведомстары, 1972 ж., №3131(917)-нөмірге қосымша).

3. Қазақстан Республикасының заңдарын "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіргенгө дейін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген еңбек заңы актілері "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қайшы келмесе қолданыла береді.

4. "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңы оны қолданысқа енгізгеннен кейін туындайтын еңбек құқығы қатынастарына қолданылады.

**Қазақстан Республикасының**

**Президенті**

**Н. НАЗАРБАЕВ**

*Астана, 1999 жылғы желтоқсанның 10-ы.*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мем-

лекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстан Республикасының өрбір азаматтының парызы. Үкімет, басқа да мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар (ұйымдар):

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барыша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға;

Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық материалдық-техникалық жағдайларды жасауға;

Қазақ диаспорасына (этникалық қауымдастық) ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті.

Мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ ТІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ МЕН ДАМЫТУДЫҢ 2001-2010 ЖЫЛДАРГА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасының Конституциясы 44-бабының 8-тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан өрі – Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бір айлық мерзімде өзірлесін және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асырудың барысы туралы жыл сайын 30 маусымға және 30 желтоқсанға жиынтық талдау баяндама ұсынсын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Казақстан Республикасының

Президенті

Астана, 2001 жылғы 7 ақпан, № 550.

Н. НАЗАРБАЕВ

**КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ  
ӘКІМШІЛІК МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚ БӨЛІМІНІҢ  
“ТІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ МЕН ДАМЫТУДЫҢ  
2001-2010 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ”  
ЖАРЛЫҚҚА ТҮСІНІКТЕМЕСІ**

Мемлекет басшысы 10 жылға есептелген ұзақ мерзімді бағдарлама болып табылатын “Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын” бекіткен Жарлыққа қол қойды.

Бағдарламаны қабылдаудың өзектілігі тұл проблемаларын шешу жөніндегі шұғыл шаралар процесін мемлекеттік қолдау қажеттігімен айқындалады.

Бағдарламада орталық және атқарушы органдардың, сондай-ақ еліміздің жетекші тілші-ғалымдарының ұсыныстары ескерілген.

Бағдарламада Тілдерді қолдану мен дамытудың 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында бұрын көзделген, орындалуы қазіргі уақытта аяқталған іс-шаралар одан өрі жалғасын тапты.

Бағдарламада Қазақстандағы тіл құрылышының ұзақ мерзімді стратегиялық басымдықтары, мақсаттары мен міндеттері айқындалған, сондай-ақ оларды жүзеге асырудың басты бағыттары мен іске асыру тетіктері белгіленген.

Бағдарламаны жүзеге асыру тетіктері онда көзделген іс-шараларды қысқа мерзімді жоспарлауға негізделген. Ол өлеуметтік-лингвистикалық ахуалдағы өзгерістерге негүрлым икемді оңтайласуға мүмкіндік береді, жүргізі-

ліп жатқан үйымдастырушылық жұмыстардың тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді және нақты нөтижелерге қол жеткізеді. Атап айтқанда, Бағдарламада белгіленген іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі нақты іс-өрекеттерді өрбір екі жылға арнап уәкілдеп орган өзірлейді, оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Бағдарламаны іске асыру Қазақстанда қолданылатын тілдердің қажетті функционалдық арақатынасына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

## ТЕҢГЕ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ

Қазіргі кезде көптеген төуелсіз елдер өз ұлттық валюталарын айналымға енгізді. Біздің елімізде теңге түңғыш рет енгізіліп отырғандықтан, алдымен оның қағаз күйінде қалмауы, қорғанысы мықты болуы қарастырылды. Теңгенің көзден таса 12 түрлі қорғанысы бар. Қағазы да ерекше, өлемге өйгілі ағылшының фирмасы "Харрисон" дайындағы. Ол фирма 4 ай ішінде валюта-мыздың нұсқасын өзірлеп берді.

Қазақстан Республикасы аумағында 1993 жылдың 15 қарашасынан бастап ұлттық валюта – теңге айналысқа енді. Ол 100 тиыннан тұрады. Теңге – төуелсіз елдің даму көзі, елдің тұтқасы, теңелудің алғашқы факторларының бірі. Теңге – Қазақстан Республикасындағы бірден-бір ақылы төлем құралы.

Теңгелерде қазақ халқынан шыққан белгілі қайраткерлердің суреттері бейнеленген. 1, 200, 500, 1000, 2000 теңгелерде – өйгілі ғалым, философ, математик, музықант Әбу Насыр әл-Фарабидің, 3 теңгеде – жыршы, ақын Сүйінбай Аронұлының, 5 теңгеде күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының, 10 теңгеде – қазақтан шыққан бірінші ғалым, саяхатшы, зерттеуші Шоқан Уөлиханұлының, 20 теңгеде – ұлы ақын Абай Құнанбайұлының, 50 теңгеде – кіші жүздің ханы, мемлекеттік қайраткер, колбасшы Әблқайыр ханының, 100 теңгеде – батыл қолбасшы, дарынды, ақылды, айлалы дипломат Абылай ханының суреті бейнеленген.

## АСТАНА (қысқаша таныстырыу)

Тәуелсіз Қазақстанның астанасы – Астана қаласы. Ол кең байтақ Отанымыздың жүргегінде, халқымыз қасиет тұтып, қастерлеген қасиетті Сарыарқадағы Есіл өзенінің оң жағалауында орналасқан. Ауа райы – шұғыл континентті: қаңтар айындағы орташа температурасы 17,4 градус сүйк болса, шілдеде бұл көрсеткіш 20,3 градусқа дейін көтеріледі. Жыл бойына орта есеппен 335 мм қар мен жаңбыр жауады.

Қаланың негізі 1832 жылы қаланған. Сол жылы патшалық Ресей Қараөткел өндірінде Ақмола округтік приказын ашып, оның орталығын Ақмола деп атау жөнінде шешім қабылдайды. Кейін бұл әскери бекет округтік қала (1863), уезд орталығы (1868) атанды. 1961 жылы қаланың аты Целиноград болып өзгерілді. Оған дейін және одан кейін Ақмола облысының және Тың өлкесінің (1960-65) орталықтары болды. 1992 жылы қалаға тарихи атауы қайтарылды.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығына сәйкес 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап, Ақмола қаласы тәуелсіз қазақ мемлекетінің астанасына айналды. Ал, Елбасының 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмола атауы Астана болып өзгерілді.

Президент үйғарымы елдік мүддені терең ойлап, ертеңге көрегендікпен көз тігуден туған. Жаңа астана тәуелсіздігіміздің тірегі, қолға алынған ұлы реформалардың үйіткісі және жиырма бірінші ғасырдағы жаңа елдік болмысымыздың рухы мен бейне-бедерін қалыптастырушы орталық болуға тиң. Оны астана еткен тәуелсіздік идеясы екендігін ешқашан естен шығармаған жөн.

Қазақ даласында астана міндетін атқарған қалалар аз болмаған. Олардың кейбіреулерінің тарихы өте ерте замандардан басталады. Мысалы, Сығанак, Баласағұн, Тараз қалаларының негізі қаланғалы мындаған жылдар етті. Тек кеңестік дәуірдің өзінде үш қала ел астанасы атанды.

Астана – XXI ғасыр қаласы. Жаңа астана тағдыры жас үрпақ тағдырымен, жастардың арман-ұмітімен тығыз байланысты. Ертеңге қол созған ел Астанага зор үмітпен қарайды.

## АМЕРИКА ҚАСИРЕТІ – АДАМЗАТҚА ТӨНГЕН ҚАУІП

Қыркүйектің 11-де АҚШ-та ірі террорлық акт жасалды. Алғашқы оқиға Нью-Йорктегі орын алды. "Boing" жолаушылар үшінші сауда орталығында орналасқан 110 қабатты екі зәулім гимараттың біріне құлады.

Нью-Йорктегі сағат 8.45-те басталған осынау алапат оқиға өлем жүртшылығының жағасын үстättты. Алғашқы үшақтан кейін 18 минут өткен соң екінші үшақ сауда орталығын тағы да нысанага алышп, екі мұнараның бар болғаны жарты сағатқа жуық уақыт ішінде күлі кекке үшты. Екі үшақ та сауда орталығының ішінде жарылған. Осынау алапат оқиғамен СМК телекомпаниясының тікелей хабары арқылы дүниежүзі сол сөтте-ақ құлақтанып үлгерді. Жарылысқа дейін сауда орталығының терезелерінен қол бұлғап сауға сұраған адамдарды көру ете қын еді.

Бұл оқиға таңғы сағат тоғызда, жүрт қызметкес келіп үлгерген кезде басталған. Сауда орталығының қосғымаратында 50 мыңға жуық адам қызмет істеген. Алдын ала мәліметтерге сүйенсек, осы орталықты бетке алған "Boing-737", "Boing-787" үшақтарын террористер қуыш әкеткен. Вашингтон мен Бостоннан шыққан екі үшақ Лос-Анджелеске бағыт алған. Олардың ішінде 158 жолаушы бар делинеді. Дәл осы уақытта Вашингтоңдағы Пентагонның армия операцияларын жоспарлау орталығы орналасқан батыс қанатында тағы бір үшақ құласап, жарылыс болды. Тағы бір деректерде АҚШ-тың қорғаңыс министрі осы ғимараттың сол жақ қанатында отырған көрінеді. Иле-шала ішінде 110 жолаушысы бар тағы бір "Boing-747" үшағы Питсбург қаласынан 120 шакырым жердегі Пенсильвания штатына құлады.

Елде төтенше жағдай қалыптасты. АҚШ-тың өве кеңістігі жабылды. Әскерилер өуеге көтерілген ұшақтардың атып түсірілетінін мәлімдеді. Дүние жүзіндегі Американың әскери базалары жоғары деңгейдегі әскери дайындыққа бейімделді.

Орт сөндірушілердің мәліметінше, Пентагон ғимаратында 800-ге жуық адам қаза тапқан. Олардың 270-тейі – үрланған ұшақтағы жолаушылар. Қаза тапқандардың қатарында, оқиға орын алысымен жедел түрде келген 265 өрт сөндіруші мерт болғанға үқсайды. 85 полиция қызметкері із-түсіз жоғалып кеткен.

Бірақ, адам шығыны толық есептеліп біткен жоқ. Жарылыс алдында дүниежүзілік сауда орталығының ғимаратында 10 мыңға жуық адам болған көрінеді.

## РИМ ПАПАСЫ – ҚАЗАҚСТАНДА

*2001 ж. 22 қыркүйек күні кешкісін Қазақстанга Рим Папасы Иоанн Павел II мемлекеттік сапармен келді. Еліміздің Президенті Нұрсултан Назарбаев мәртебелі мейманды Астана әуежайында қарсы алды. Қазақстан мен Ватиканың мемлекеттік Әнсұрандары орындалып, құрметті қарауылда тұрган Ұлттық ұлан сарбаздары сап түзеп өткеннен кейін Қазақстан басшысы мен Рим Папасы сөз сөйлемді.*

Рим Папасы әуежай басындағы қарсы алу рәсімдері аяқталған соң, күннің кешкіріп қалғанына қарамастан, Саяси қуғын-сүргін құрбандары ескерткішіне гүлдер қойды.

23 қыркүйекте "Отан қорғаушылар" монументі жаңындағы алаңда Иоанн Павел II Қазақстан жөне Орталық Азия католиктеріне арнап Қасиетті месса өткізді.

Салтанатты литургияға қатысуға Украинаның Львов, Ивано-Франковск, Киев қалаларынан, Ресейдің Батыс Сібір, Шығыс Сібір апостолдығы мен Оңтүстік апостолдығынан, Белоруссияның Гродно қаласынан, Полыпадан, Литвадан католик шіркеуінің арнайы өкілдері келді.

Қасиетті мессаны Астана қаласының епископы Томаша Пета қазақша сөз сөйлеп ашты.

Кешкүрм мәртебелі мейман Қазақстан Республикасы Президентінің қабылдауында болды. Н. Назарбаев Рим Папасына Қазақстанға келгені үшін алғыс сезімін білдіріп, әңгіме ауанын терроризм проблемаларына қарай бұрды. Ол терроршының кез келген ұлт өкілі болуы мүмкін екенін, қандай өлеуеті зор мемлекет болса да, терроризммен жалғыз куресе алмайтынын көлденең тартты.

Иоанн Павел II өзінің Жер шарының осы бөлігіне бірінші рет жолы түсіп отырғанын, ал Қазақстан туралы семинарияда бірге оқыған курсасты, кейін діни көзқарасына байланысты құғындалып, ұзақ жылдар түрмеге қамалған, өмірінің соңғы жылдары Карагандыда тұрып қайтыс болған Вячеслав Буковинскийге орай білетінін қаперге салды.

Кездесу сонында Рим Папасы қазақстандықтарды ел төуелсіздігінің 10 жылдығымен құттықтады. Еңбектеріне табыс тіледі.

Елбасының қабылдауынан шығысымен Рим Папасы Еуразия университетіне келіп, студент жастармен кездесті. Оларға өзінің жүрекжарды лебізін білдіріп, өсиетін айтты. Қазақстанның халық әртісі, күйші Секен Тұрысбековтің жетекшілігіндегі ұлт-аспаптар оркестрі Иоанн Павел II мен оған еріп келген католик шіркеуі өкілдерінің құрметіне күй төгілтті.

Университет ректоры М. Жолдасбеков Қазақстан жастарына, университет атына айтқан жылы пікірі үшін Рим Папасына алғысын жеткізіп, ескерткіш сыйлықтар табыс етті.

24 қыркүйек күні Рим Папасы Астанадағы Кафедральды Соборда Қазақстан мен Орта Азияның діндес өкілдерімен кездесіп, Қасиетті мессасын өткізді. Сол күні кешкे қарай Конгресс-холда Қазақстанның мәдениет, өнер және ғылым өкілдерімен кездесуі болды. Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбай кіріспе сөз сөйлеп, осы оқиғаның еліміз үшін зор маңызға ие болып отырғанына тоқталды. Одан соң кездесуде қасиетті Иоанн Павел II жиналған зиялды қауым алдында арнайы сөз сөйледі. Қазақстанға және оның басшысына бүтінгідей мүмкіндік туғызғаны үшін

ризалығын білдіріп, ақ тілегін жеткізді. Кездесуғе қатысқан Елбасы Н. Назарбаев Рим Папасына елімізге келіп, абырой-беделімізді көтеруге, бейбіт өмір жолындағы қадамымызға зор қолдау көрсеткені үшін алғыс сезімін білдірді. Қыркүйектің 25-і күні Рим Папасын Астана өүежайынан Елбасының өзі бастаған мемлекет басшылары мен қоғам өкілдері Арменияға шығарып салды.

Рим Папасы Иоанн Павел II-нің бұл сапарын Қазақстанның бейбіт саясатына берілген әділ баға деп қабылданымыз жән.

### **ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев:**

Өткен 10 жылдың ішінде біз еркін сайлау, 16 саяси партия жұмыс істеп жатқан, төртеуі Парламентте өкілдік ететін қоғам құрдық. Газеттердің, журналдардың, телерадио-арналарының сексен пайызы мемлекеттік емес қоғам құрдық. Жұздеген түрлі діни қауымдастықтар өзара байланыста қатар қалыпты өмір сүріп жатқан қоғам құрдық. Қесіпқой екі палаталы Парламенті мен төуелсіз сот жүйесі бар қоғам құрдық. Осыдан 10 жыл бұрын мұның бірде-бірі бізде болған емес.

**Елбасының Қазақстан халқына  
арнаған Жолдауынан  
2000 жылғы 24 қазан**

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘҮЕЛСІЗДІГІНІҢ 10 ЖЫЛДЫҒЫ ҚҰРМЕТИНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛЬ ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасының мемлекеттілігінің дамуы мен қалыптасуына және егемендігінің нығаюына елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтарын көтермелеге мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының төуелсіздігінің 10 жылдығын атап өту үшін қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасының төуелсіздігіне 10 жыл" мерекелік медалі тағайындалсын.

2. Қоса берілп отырған:

1) "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл"  
мерекелік медалі туралы ереже;

2) "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл"  
мерекелік медалінің сипаттамасы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мерекелік мемориалдарды жасап шығару үшін қажетті қаражат бөлестін болсын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

Астана, 2001 жылғы 27 тамыз

№ 675

**"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 10 ЖЫЛ"  
МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛІНІЦ  
СИПАТТАМАСЫ**

"Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл"  
мерекелік медалі диаметрі 34 мм шеңбер нысанды. Медальдің бет жағының ортасында 1 саны мен жан-жаққа тараган сөүлелері бар күннен тұратын айшықты 10 цифрының аясында Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі ескерткішінің бас үзігі бейнеленген.

Медальдің жоғарғы бөлігінде "Қазақстан" жазуы орналасқан.

Медальдің сыртқы бетінің жоғарғы жағына – "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл" жазуы, ал төменгі бөлігінде "10 лет независимости Республики Казахстан" жазуы орналасқан. Сөйлемдер ұлттық ою элементімен бөлінген.

Медаль томпактан жасалады.

"Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл"  
мерекелік медалі құлақша және шығыршық арқылы бесбұрышты нысандағы, үш сары және екі қызыл алмасып

келетін жолақтары бар Қазақстан Республикасының жалауы түстес қатыл лентамен қапталған тағанмен жалғанды. Тағанның жоғарғы бөлігінде – бесбұрышты металл қондырма, төменгі бөлігінде өрнекті тұтқасы бар. Тағанның биіктігі – 50 мм, ені – 34 мм.

**Қазақстан Республикасы Төуелсіздігінің 10  
жылдық мерейтойына арналған  
"Төуелсіздік шежіресі"  
1991-2001 жылдар**

1991 жыл

**16 желтоқсан.** Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев "Қазақстан Республикасының мемлекеттік төуелсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына қол қойды.

Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған асыл арманы жүзеге асты. Жаңа мемлекет – төуелсіз Қазақстан Республикасы, дербес Қазақ елінде Азаттықтың ақ таңы атты.

**17 желтоқсан.** Алматыдағы Орталық алаңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік төуелсіздігі жариялануына жөне 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының бес жылдығына арналған митинг болып өтті. Жиналған мыңдаған адамның алдында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев сөз сөйлемеді.

Митингіде төуелсіз Қазақстанды әлем мемлекеттерінің арасында бірі болып бауырлас Түрік Республикасы танығаны, ел астанасы Анкарада, Үлттық Мәжілістің отырысында Қазақстан Республикасын тану мәселесі күн төртібіне кезектен тыс қойылып, осындай шешім қабылданғаны жария етеді.

**20 желтоқсан.** Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Әзербайжанның, Арменияның, Грузияның, Беларусьтің, Қыргызстанның, Латвияның, Молдавияның, Россияның, Төжікстанның, Туркменстанның, Өзбекстанның, Украинаның, Эстонияның мемлекеттік төуелсіздігі туралы жарлықтарға қол қойды.

**21 желтоқсан.** Алматыда, Қазақстан Республикасы Президенциясында бұрынғы СССР-дің құрамына енетін 11 тәуелсіз басшыларының көліссөздері басталды. Келіссөздерге мемлекет басшылары Әзербайжаннан – А. Муталибов, Армениядан – Л. Петросян, Беларусьтан – С. Шушкевич, Қазақстаннан – Н. Назарбаев, Қыргызстаннан – А. Ақаев, Молдовадан – М. Снегур, Ресейден – Б. Ельцин, Тәжікстаннан – Р. Набиев, Түркменстаннан – С. Ниязов, Украинадан – Л. Кравчук қатысты.

Алдын ала дайындалған құжаттар жобаларын талқылағаннан кейін бар мемлекеттің басшылары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру жөніндегі Келісімнің хаттамасына қол қойды. Бұл құжат өлемдік тарихына Алматы Декларациясы деген атпен енген. Сонымен, Қазақстан астанасында дүниеге жаңа саяси құрылым – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы келді.

Беларусь басшысы С. Шушкевич, Қазақстан басшысы Н.Ә. Назарбаев, Ресей Федерациясының басшысы Б. Ельцин, Украина басшысы Л. Кравчук қару-жарақта қатысты бірлескен іс-шаралар туралы келісімге қол қойды.

**23 желтоқсан.** Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Жоғарғы Қенестің сессиясында тәуелсіз мемлекеттер басшыларының Алматы кездесуінің қорытынды құжаттарын ратификациялау мәселесіне қатысты сөз сөйледі. Президент Алматы кездесуін дайындау барысында қазақстанның сарапшылар Мәскеуде, Минскіде, Киевте болғанын, болашақта қол қойылатын құжаттардың әрбір жолын өбден тыңғышты түрде талқылағанын, тәуелсіз мемлекеттер басшыларының Алматыда бас қосуы ойдағыдай өтуі үшін қыруар жұмыс атқарылғанын айтты. Ои бір мемлекет басшыларының қол қоюымен дүниеге келген Достастық – мемлекет те емес, мемлекеттердің үстінен қарайтын құрылым да емес, бұл – атымен жаңа ұйым. Жоғарғы Қенестің сессиясында Н.Ә. Назарбаев Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылған соң, Советтік Социалистік Республикалар Одағы атты мемлекет іс жүзінде өмір сүруін тоқтатқанын мәлімдеді. Сонымен қатар, Елбасы депутаттар назарын Қазақ-

станның тәуелсіз мемлекет болуы өрбір азаматқа бұрын-соңды сезініп көрмегендей жауапкершілік жүктейтініне, азаттықтың қуанышы күн сайын, тынбай жұмыс істемесе, шешілмейтін күрделі мәселелерді көлгейлеп кетпеуі керектігіне аударды.

**24 желтоқсан.** Қазақстанда нарықтық қарым-қатынастарды орнықтырудың алғашқы нақты қадамдарының бірі жасалды – Президент Н.Ә. Назарбаев тұргын үйді жекешелендіруді тездету өрі азаматтардың әлеуметтік тұрғыдан қорғалуын қамтамасыз ету мақсатымен мемлекеттік меншікті жекешелендірудің купондық әдісі туралы Ережеге түзетулер енгізу жөніндегі қаулыға қол қойды. Осы құжат қабылданғаннан кейін мың-мындаған адамдар алғаш рет өз баспаналарының иесі болып шықты.

**29 желтоқсан.** Алматыдағы республикалық оқушылар сарайында еліміздің қызыр-қызырындағы балалар үйлері мен көп балалы отбасылардан келген 300-ден астам бүлдіршін Жаңа жылдық шыршаға жиналды. Қазір Жаңа жыл алдында Президент шыршасын өткізу дәстүрге айналған.

**31 желтоқсан.** Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жаңа жылдық құттықтау сезін арнады. Елбасы тәуелсіздік тарихындағы тұңғыш жаңа жылдың табалдырығында тұрып, халық бастан кешіп жатқан қындықтарды жасырмай айтты.

Президенттің мәселені салған беттен осылай қойысы, яғни қол жеткен тәуелсіздіктің ендігі тағдыры өрбір қазақстандықтың өз қолында екенін айтЫП, ел халқын егемендікті еселей түсетін нақты жұмысқа жұмылуға шақырғаны өте орынды болып шыққанын алдағы уақыт көп үзамай-ақ көрсетіп берді.

1992 жыл

**7 қантар.** Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың төрағалық етуімен Республика Консестің нарықтық қарым-қатынастарға көшу мәселелерін талқылаған мәжілісі болып өтті. Баға ресми турде 6

қаңтарда босатылғанымен, бұл процесс шын мәнінде стихиялы түрде талайдан жүріп келе жатқаны мәжілісте ашық айтылды, демек, нарыққа енудің бұдан басқа жолы жоқтығы сол кездің өзінде көпшілікке жақсы мәлім болып қалған еді.

**10 қаңтар.** Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тәрағалық етуімен Қауіпсіздік кеңесінің бірінші мәжілісі болып өтті. Мәжілісте ТМД елдерінің көпшілігінің Біртұтас Қарулы Құштерді сақтап қалу жөніндегі көзқарасын ескере отырып, елдің өзіндік әскери тұжырымдамасын қалыптастыру қажет деген тоқтам жасалды.

**12 қаңтар.** Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жексенбі күні өткен мәжілісінде халық шаруашылығында орын алған ауыр жағдай талқыланды.

**14 қаңтар.** Республикалық баспасөзде ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Үндеуі жарияланды. Оның басты тақырыбы – халықты өлеуметтік жағынан қорғау меселелері.

**16 қаңтар.** Мәскеудің оңтүстік-батысындағы оңаша мекенде Төуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүші елдер басшыларының кеңесі ашылды.

**7 мамыр.** Президент Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі құрылды.

**20 мамыр.** Төуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатында жаңа белес басталды. Әлемдегі ең қуатты ел – Америка Құрама Штаттарының астанасында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев АҚШ Президенті Джордж Бушпен кездесіп, оның қорытындысы бойынша екі елдің сауда-экономикалық қарым-қатынастарын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін бірқатар американ-қазақстандық құжаттарға қол қойылды.

**22 мамыр.** Қазақстан Біріккен Ұлттардың білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі үйымына (ЮНЕСКО) мүшелікке қабылданды. Кейін Абайдың 150 жылдық, Әуезовтің, Сәтбаевтың ғасырлық мерейтойлары, Түркістанның 1500 жылдығы осы ЮНЕСКО аумағында кеңінен аталып өтті.

**Жоғарғы Кеңестің** сегізінші сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті, Конституциялық комиссияның төрағасы Н.Ә. Назарбаев "Қазақстан Республикасы Конституациясының жобасы туралы" баяндама жасады.

**4 маусым.** Қазақ елі өзінің мемлекеттік рәміздеріне ие болды – Президент Н.Ә. Назарбаев "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы туралы", "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының музикалық редакциясы туралы" заңдарға қол қойды.

**6 маусым.** Жоғарғы Кеңес сессиясының салтанатты мәжілісінде Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздерін ресми түрде таныстыру рәсімі өткізілді. Президент резиденциясы мен Парламент үйінің төбесінде егемен елдің көгілдір аспан түстес туы алғаш рет желбіреді.

**16 маусым.** Біріккен Үлттар делегациясын Алматыда Елбасының қабылдауы кезінде осы халықаралық үйимнің Қазақстандағы өкілдігін ашу жөнінде уағдаластық жасалды.

**23 маусым.** Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Президент Н.Ә. Назарбаевтың "Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы" Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі қосымша шаралар жөнінде қаулы қабылдады.

**30 қыркүйек.** Алматыдағы Республика сарайында Дүниежүзі қазақтары құрылтайының салтанатты мәжілісі болды. Мәжілісте Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев сөз сөйлемді.

**5 қазан.** Төуелсіз Қазақстанның тарихындағы тағы бір мөртебелі сөттің кезегі келді: Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өлемнің ең биік мінбелерінде – Біріккен Үлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында сөз сөйлемді.

**26 қараша.** М. Әуезов атындағы театрдың ғимаратында "Қазақ тілі" қоғамының екінші құрылтайы өтті. Елбасының құрылтайдағы сезінде ұлт өмірінің басқа да мәселелері қозғалды.

**11 желтоқсан.** Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әнұранының мәтіні бекітілді. Авторлары – Мұзатар

Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дәрібаева. Әнүран мөтіні нотасымен қоса республикалық баспасөзде 15 желтоқсан күні жарияланды.

**15 желтоқсан.** Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің бір жылдығы да келіп жетті. Егемен елдің ең басты мерекесіне арналған салтанатты жиналыс Алматыдағы Республика сарайында өтті. Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдығы тура-лы баяндама жасады.

**16 желтоқсан.** Алматыдағы Республика алаңында Қазақстан тәуелсіздігінің бір жылдығына арналған митинг болып өтті. Осыдан дөл алты жыл бұрын да дөл осы алаңға халық лық толған еді. Айырмасы – ол жолы халық нара-зылықтан, бұл жолы разылықтан жиналғаны.

**26 желтоқсан.** Елбасының балалар үйлері мен көп ба-лалы отбасылардың үл-қыздарын Президент шыршасы-на шақыру дәстүрге айнала бастады. Алматыдағы республикалық Оқушылар сарайында түкпір-түкпірінен келген 650-ге жуық бала Жаңа жылды қарсы алу қуанышын Президентпен бірге қарсы алды.

## 1993 жыл

**9 қаңтар.** Қазақстан Республикасының халықаралық байланыстарын орнықтыруға нақты қадам жасалды: Президент Н.Ә. Назарбаев Ресей Федерациясында, Гер-мания Федеративтік Республикасында, Француз Республикасында, Иран Ислам Республикасында, Әзіrbайжан Республикасында, Армения Республикасында, Беларусь Республикасында, Грузия Республикасында, Қырғыз-стан Республикасында, Молдова Республикасында, Тү-рікменстанда, Өзбекстан Республикасында, Украинада Қазақстаян Республикасының елшіліктерін ашу туралы жарлықтарға қол қойды.

**12 қаңтар.** Дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар мен әлеу-меттік-экономикалық реформаларды тереңдету бағдар-ламаларын жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатымен Президент Н.Ә. Назарбаев "Қазақстан Республикасының

экономикалық өзгерістер үлттық кеңесін құру туралы" Жарлыққа қол қойды. Кеңестің өз өкілеттігі мен құзыры шегіндегі шешімдері барлық атқарушы үкімет, мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарының бұлжытпай орындаудына жатады деп белгіленді.

**28 қаңтар.** Еліміздің Жоғарғы Кеңесі Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституациясын талқылау жөне қабылдау жөніндегі жұмысын аяқтады. Парламенттегі 312 депутаттың 309-ы Конституацияны тұтасымен қабылдау жөніндегі ұсынысты қолдап, дауыс берді. Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның тұңғыш Конституациясының түшнұсқа тексі табыс етілді. Ерекше салтанның жағдайда, бөлекше толқу-тебірену ахуалында өткен сессия мәжілісінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сез сейледі. Президент халық депутаттарына, құқық саласындағы мамандарға, шетелдік достарға, қазақстандықтарға, республиканың жаңа Конституациясын жасауға белсенді қатысқандардың барлығына ризашылықпен алғыс білдірді.

**29 қаңтар.** Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Швейцарияның Давос қаласындағы Бүкілдүниежүзілік экономикалық форумын жұмысына қатысып, сез сейледі. Назарбаев Қазақстанның Давос форумына қатысуы нәтижесінде "Бритиш" және "Аджип" компаниялары Қарашығанақ мұнай-газ кен орнын игеруге жарияланған тендерді үтып алғанын хабарлады.

**13 ақпан.** Президент Н.Ә. Назарбаев "Қазақстан Республикасының шекара өскерлері туралы" Занға қол қойды.

**25 наурыз.** Республика қауіпсіздік кеңесінің мәжілісі өткізілді. Кеңесті апа келіп, Президент Н.Ә. Назарбаев бұдан былай бұл кеңес конституциялық орган болып табылатындығын айтты. Кеңес мәжілістерінде республиканың ішкі және сыртқы саясатының ең маңызды мәселелері қаралып, бүкіл Қазақстан территориясында міндетті түрде орындалуға тиісті шешімдер қабылданатын болады.

**1 сәуір.** Жоғарғы Кеңестің сессиясында вице-президент Е. Асанбаев "Қазақстан Республикасының мемлекеттік на-

градалары туралы" Зан жобасы бойынша баяндама жасады. Пікір алмасу барысында "Халық қаһарманы" атағы, "Отан", "Даңқ", "Парасат", "Құрмет" ордендері, "Ерлігі үшін", "Ерен енбек үшін", "Шапағат" медальдары қабылданды.

**9 сәуір.** Түрік Республикасының Президенті Тұрғыт Өзал Қазақстанға ресми сапармен келді. Келіссөз барысында екі жақ бұған дейін қол қойылған, әсіресе сауда экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени байланыстар және кадрлар даярлау саласындағы үкіметаралық келісімдерді жүзеге асыру үшін қажет шаралардың бәрін қолдануға үйгарды. Түрік делегациясы Қазақстанға халықаралық экономикалық көмек берілуіне бағытталған өз күш-жігері туралы хабардар етті.

**18 сәуір.** Алматының іргесіндегі "Алатау" шипажайында Бүкіл дүниежүзлік экономикалық форумның көшпелі сессиясы жұмысын бастады. Оған өлемнің 30-ға жуық елінен іскер топтардың беделді өкілдері келді. Қазақстан басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде Алматыда алғаш рет өткізіліп отырған бұл кездесу оған қатысып отырған мемлекеттерге өзара тиімді ынтымақтасықтың жаңа көкжиектерін аштынына үміт білдірді.

**4 мамыр.** Абай атындағы опера және балет театрында Абай қорының тұсаукесер рәсімі өткізілді. Кездесудің барысында қор президенті, жазушы Төлен Әбдіков Абай мұрасының адамзаттың игілігіне айналуы үшін оны өлі де терең түсініп, зерттей тусу қажеттігін айтты. Тұсаукесер рәсімінде сөз сейлеген Президент Нұрсұлтан Назарбаев Абайдың туганына 150 жылдығын тойлау ел өміріне үлкен мәдени оқиға болып қана қоймай, Қазақстан егемендігінің қалыптасуына, оның өлемдік ауқымдағы беделінің артуына септігін тигізетінін атап айтты.

**2 мамыр.** Төуелсіздік тізгіні қолға тигелі жүртшылықтың, әсіресе зиялды қауымның жиі айтатын мәселесінің бірі егемен мемлекеттің өзіндік идеологиясын қалыптастыру қажеттігі болатын. Алматыда мемлекеттің идеологиялық қызметінің мәселелері жөніндегі республикалық кеңес өткізілді.

**18 мамыр.** "Жаппай саяси құғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы

баспасөзде жарияланды. Заң саяси құғын-сүргіндердің барлық құрбандарын актаумен қатар оларға тиғізілген моральдық және материалдық залалды барынша мүмкін болатында өтеуді қамтамасыз етуді мақсат тұтады. Заң бойынша революцияға қарсы үгіт-насихат жүргізген, шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы ережелерді бұзған, кеңес өкіметіне қарсы үгіт және насихат ісіне араласқан адамдардың бәрі ақталды деп жарияланды.

## 1994 жыл

**22 қаңтар.** Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Экономикалық реформаны одан әрі жүргізу ді жандандыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысы баспасөзде жарияланды. Қаулыға сәйкес республикалық комиссия құрылды. Оны құрудагы мақсат – ұлттық валютаның енгізілуін және Қазақстанның халықаралық үйымдармен және өлемдік қауымдастықтың жекелеген елдерімен жасасқан келісімдерін ескере отырып, дағдарысқа қарсы шаралар мен экономиканы тұрақтандырудың 1994-1995 жылдарға арналған бағдарламасын өзірлеу.

**8 ақпан.** Президент Н.Ә. Назарбаевтың "Өзара қарызыды есептеу туралы" қаулысына сәйкес кәсіпорындар мен үйымдардың өзара төлем төлемеуінің төзгісіз ұзап кетуін жою, тауар-материал байлықтары мен көрсетілетін қызметтердің тоқтаусыз қозғалысын қамтамасыз ету және өндірістің құлдырауын тоқтату мақсатында ақпанның 17-інен бастап кәсіпорындар мен үйымдардың өзара қарызының есептеудің принципі жаңа жағдайдағы ішкі республикалық есебі басталатыны туралы хабар жарияланды.

Орталық сайлау комиссиясының мәжілісінде мемлекеттік тізім бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына кандидаттар тіркелді.

**12 ақпан.** Қазақстан Республикасында адам құқығы мен бостандығы құрметтелуін қамтамасыз ету, олардың сакталуына кеңілдіктерді қүшешту мақсатында Адам құқығы жөнінде республикалық комиссия құрылды.

**14 ақпан.** Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Америка Құрама Штаттарына ресми са-

пармен келді. АҚШ Президенті Билл Клинтонмен келіс-сөз аяқталғаннан кейін екі елдің басшылары демократиялық серіктестік туралы хартияға қол қойды.

Казақстан Президентінің ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылу грамотасын беруі тарихи қадам болып табылады. Бұл қадам ядролық қаруды таратпау саласындағы халықаралық күш-жігер үшін шешуші ке-зеңде бүкіл дүние жүзіне өнеге берді.

**18 ақпан.** Нұрсұлтан Назарбаев Америка Құрама Штаттарынан қайтар жолында Парижде қысқа аялдама жасап, Францияның Президенті Франсуа Миттеранмен кездесті. Бұкпесіз жөне өзара түсіністік рухында өткен әңгіме кезінде халықаралық мәселелер, атап айтқанда, Орталық Азиядағы жөне жалпы алғанда ТМД-дағы жағдай кеңінен қаралды.

**25 ақпан.** Ақмолада, Тыңгерлер сарайында (қазіргі Конгресс-холл) Қазақстандағы тың жөне тыңайған жерлерді игерудің 40 жылдығына арналған республика жұртшылығы өкілдері мен агрономдар кешені қызметкерлерінің салтанатты жиналышы өтті.

**1 наурыз.** Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ теледидары арқылы Республика Жоғарғы Қоғамдың мемлекеттік органдарға сайлау өткізілетіндігіне байланысты сайлаушыларға арнап сөз сөйлемді. Елбасы сезінде елдегі ахуалға баға берді.

Айналымға Үлттық банкінің 1993 жылғы үлгідегі құны 200 теңгелік банкнот пен құны 2 тыындық, 5 тыындық жөне 10 тыындық бакыр ақшалар шығарылды. Бұл кезде инфляция онша белең ала қоймаған болатын. Қоғамдың мемлекеттік органдарға сайлау өткізілді.

**7 наурыз.** Қазақстан Республикасы Жоғарғы Қоғамдың мемлекеттік органдарға сайлау өткізілді.

**17 наурыз.** Қазақстан Республикасы Жоғарғы Қоғамдың мемлекеттік органдарға сайлау қорытындысы туралы Орталық сайлау комиссиясының хабары баспасөзде жарияланды. 1994 жылғы 7 наурызда тізімге енгізілген 9561534

сайлаушының ішінен 7118354 сайлаушы бюллетеньдерін алған, дауыс беруге 7030050 сайлаушы немесе бүкіл сайлаушылардың 73,52 пайызы қатысқан. Ең жоғары белсенділік көрсеткен – Алматы, Қекшетау, Солтүстік Қазақстан, Талдықорған және Торғай облыстарының сайлаушылары болды, мұнда дауыс беруге сайлаушылардың 80 пайыздан астамы қатысқан. Қарағанды, Манғыстау облыстары мен Алматы және Ленинск қалаларында белсенділік төмен – дауыс беруге сайлаушылардың 60 пайыздан астамы қатысты.

28 наурыз. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Ресей Федерациясына бірінші ресми сапары басталды. Нұрсұлтан Назарбаев пен Ресей Президенті Борис Ельцин экономикалық ынтымақтастық пен интеграцияны тереңдегу туралы шартқа, Ресей Федерациясы аумағында тұратын Қазақстан азаматтарының және Қазақстан аумағында тұрақты өмір сүретін Ресей азаматтарының азаматтық және құқықтық мөрте- бесімен байланысты мәселелердің негізгі принциптері туралы меморандумға, әскери ынтымақтастық туралы шартқа, Қазақстан Республикасы аумағында уақытша орналастырылған стратегиялық ядролық күштер туралы келісімге, "Байқоңыр" ғарышжайы жөніндегі келісімге қол қойды.

18 сөүір. Жаңадан сайланған Жоғарғы Кеңес депутаттары өкілдерінің кеңесі өткізілді. Парламентшілердің өтініші бойынша оған Президент Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, сез сөйлемді. Президент қоғамымызды дағдарыс жағдайынан тезірек шығарып, оның өркениетті болашаққа барада жолын тазарту үшін Жоғарғы Кеңес-пен тығыз байланыста, келісімді де өнімді жұмыс істеу-ге өзінің өзір екенін білдірді.

**20 сәуір.** Сессия Жоғарғы Қенес Төрағасы етіп Өбіш Кекілбаевты сайлау туралы қаулы қабылдады. Ә. Кекілбаевтың ұсынысы бойынша Жоғарғы Қенес Төрағасының орынбасарлары болып Зинаида Федотова, Қуаныш Сұлтанов сайланды.

**21 сәуір.** Парламент Межілісінде Жоғарғы Кеңес Төрағасының тағы бір орынбасарын сайлау туралы мәселе көтерілді. Мұның қажеттігі туралы идеяны Төраға Әбіш Кекілбаев Парламент жұмысы үш бағытта – құқықтық, саяси және экономикалық заң шығару бойынша жүргізілетіндігімен дәйектеді. Оның үстіне қазір бұлардың ең басымы – экономика. Белгілі қаржыгер-маман, депутат Марат Оспановты Жоғарғы Кеңес Төрағасының орынбасары етіп сайлау туралы ұсынысқа басым көпшілік дауыспен қолдау көрсетілді.

### 1995 жыл

**20 қаңтар.** Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцин Мәскеуде Қазақстан-Ресей ынтымақтастығын кеңейту мен тереңдету туралы декларацияға қол қойды.

**31 қаңтар.** Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Швейцарияның Давос қаласындағы Бүкілдүниежүзілік экономикалық форумдағы кездесулерін аяқтады. Елбасы көптеген мемлекеттер басшылары мен өлемдік бизнес өкілдеріне республиканың байлығын бірлесе игеру жөніндегі жобаларды ұсынды.

**3 ақпан.** Алматыда өнеркәсін орындары басшыларының республикалық кеңесі болды. Әңгіме ел өнеркәсібінің жай-құйы және оны таяу келешекте дамытудың жолдары туралы өрбіді. Кеңесте сөз сейлеген Президент Нұрсұлтан Назарбаев 1995 жыл Қазақстанның шын мәнінде мемлекеттік тәуелсіздік алуға және экономикалық әрі саяси тұрғыда күшті ел болуга шамасы жететінін көрсетеді деген сенім білдірді.

**4 ақпан.** Облыстар өкімдерінің, республикалық ведомстволар, холдингтер мен компаниялар, кәсіпкерлік және банк құрылымдары басшыларының, парламентшілердің қатысуымен өткен Министрлер Кабинетінің кеңейтілген межілісінде елдің 1994 жылғы өлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары және 1995 жылғы экономикалық саясатының негізгі бағыттары талқыланды.

**10 ақпан.** Алматыда, Қазақстан Президентінің Резиденциясында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері басшылары кеңесі мен үкіметтері басшылары кеңесінің мәжілістері басталды. Достастықта бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау туралы меморандумға қол қойды.

**15 ақпан.** Президент Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттің сыртқы саясат мәселелері бойынша кеңес өткізді. Оған Қазақстанның шетелдердегі елшілері, қызметтің осынау жауапты саласына қатысы бар бірқатар министрліктер мен ведомстволардың басшылары қатысты.

**24 наурыз.** Мемлекет басшысы жанындағы қоғамдық консультациялық-кеңесші орган – Қазақстан Халықтары Ассамблеясының I сессиясы ашылды. Сессияда Ассамблеяның төрағасы Президент Н. Назарбаев баяндама жасады.

**29 сәуір.** Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өкілеттігін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзарту жөнінде бүкілхалықтық референдум болып өтті.

**30 сәуір.** Қазақстандағы бүкілхалықтық референдумың алдын ала қорытындылары шығарылды. Орталық сайлау комиссиясының деректері бойынша, референдумға тізімге енгізілген сайлаушылардың 91,3 пайызы қатысқан. Олардың 95,4 пайызы бюллетеньге енгізілген сұрақ-қа он жауап берген, яғни Нұрсұлтан Назарбаевтың президенттік өкілеттігін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзартуды жақтаған.

**8 маусым.** Париждегі ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына арналған мерейтойлық шаралар аяқталды.

## 1996 жыл

**9 қаңтар.** Президенттің "Қазақстан Республикасының Конституациялық Кеңесі туралы" Конституациялық заң күші бар Жарлығы баспасөзде жарияланды. Кеңес бұрынғы конституациялық соттың орына құрылды. Бірінші күннен кейін Конституациялық Кеңестің төрағасы болып Юрий Алексеевич Ким тағайындалды.

**19 қаңтар.** Мәскеуде ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің кезекті мәжілісі өтті. Мәжілістің күн тәртібіне қойылған жиырма шақты мәселенің ең негізгісі – экономика саласында ТМД дамуының болашақ көкжиектері туралы мәселе, соның ішінде кеден және төлем одағын құру.

**30 қаңтар.** Қазақстанның екі палаталы тұңғыш Парламенті өз жұмысына кірісті. Парламенттің алғашқы сессиясы Сенат пен Мәжіліс депутаттарының бірлескен отырысымен басталды. Онда Президент Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйледі.

Палаталардың жеке-жеке мәжілістерінде жасырын дауыс берудің нәтижесінде Сенаттың тәрағасы болып Әмірбек Байгелдиев, Мәжілістің тәрағасы болып Марат Оспанов сайланды.

**7 наурыз.** Вице-президент Ерік Асанбаевтың өз өкілеттігін доғару рөсімі болып өтті. 1995 жылғы қабылданған Конституцияға сәйкес вице-президент лауазымы жойылған болатын.

**12 наурыз.** Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының мәртебесі мен өкілдептіктері Елбасы Жарлығымен белгіленді. Мемлекеттік хатшы Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындалған және қызметтен босататын Қазақстан Республикасының лауазымды адамы болып табылады. Хаттамалық жағынан жоғарылығын анықтаған кезде Мемлекеттік хатшының лауазымы Республика Премьер-Министрінің лауазымынан кейін тұрады деп белгіленді.

**11 сәуір.** Қазақстан Республикасының Президенті жағынан Жоғары экономикалық кеңес құрылды. Кеңестің міндеттері – стратегиялық сипаты бар мәселелерді шешу жөнінде ұсыныстар, Мемлекет басшысы үшін экономиканың, оның негізгі салалары мен секторларының жай-күй жөнінде баяндамалар мен талдау материалдарын, мемлекеттің өлеуметтік және экономикалық саясатының негізгі бағыттары жөнінде ұсыныстар өзірлеу.

**23 сәуір.** Нұрсұлтан Назарбаевтың "Фасырлар тогысында" кітабының таныстырылымы болып өтті. Президент

қазақстандық және шетелдік журналистерге кітапты жазумен қалай айналысқанын айтып, көптеген сұрақтарға жауап қайтарды.

**24 сәуір.** Президент резиденциясында Нұрсұлтан Назарбаевқа қолданыстағы заңға сәйкес мемлекеттік жоғары лауазымды адамның ресми айырым белгілері – республика басшысы өз лауазымы бойынша иегер болуға тиісті ерекше үлгідегі "Алтын Қыран" ордені, омырау белгі мен Президент байрағы тапсырылды. Мұндай белгілер өлемнің өркениетті елдерінің бәрінде де бар.

**26 сәуір.** Қазақстан, Қыргызстан, Ресей Федерациясы, Төжікстан және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданында өскери саладағы сенімді нығайту жөніндегі келісімге қол қойылды. Қол қою рәсімінен кейін Қазақстан басшысының ҚХР тәрағасы Цзян Цзяминьмен кездесуі болып өтті.

**29 сәуір.** Алматыда Парламент үйінің мәжіліс залында Қазақстан халықтары Ассамблеясының үшінші сессиясы болып өтті. Сессияда ел Президенті, Қазақстан халықтары Ассамблеясының Тәрағасы Нұрсұлтан Назарбаев "Мемлекеттік интеграцияны тереңдету, егемендікті нығайту және қазақстандық патриотизмді қалыптастыру туралы" баяндама жасады.

**13 мамыр.** Ирандағы Мешхед-Серахс-Теджен учаске сінде Трансазия магистралінің темір жолдары түйісті. Шын мәнінде тарихи маңызы бар осы желіні ашудың салтанатты рәсіміне Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысты. Салтанатты рәсімге сондай-ақ Әзіrbайжаның, Арменияның, Ауғанстанның, Грузияның, Иранның, Қыргызстанның, Пәкістанның, Төжікстанның, Түркіменстанның, Түркияның, Өзбекстанның президенттері, Ресей мен Украинаның үкімет басшылары келді. Бұл магистраль (оның жалпы ұзындығы 11 мың шақырымға таяу) Трансазия темір жолы қатынасы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді және Тынық мұхит аймағындағы елдерге, Қытайға, Ресейге және Орталық Азия республикаларына жүк тасымалдаудың мерзімін қысқартып, құнын арзандата отырып, қысқа жол арқылы Иранға, Түркияға шығуға мүмкіндік туғызады.

**19 мамыр.** Алматыда опера және балет театрында қазақтың ардақты ақыны Олжас Сүлейменовтің алпыс жылдығына арналған кеш болды. Кеште сөз сейлеген Президент Нұрсұлтан Назарбаев Олжас ақынның тек қазак өдебиеті ғана емес, әлемдік поэзия мен мәдениетке қосқан зор үлесін атап өтті.

**23 мамыр.** Ақмола университеті Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті болып қайта құрылды. Президент бұл шешімді Қазақстан Республикасының ұдайы кеңейіп келе жатқан халықаралық байланыстарын, оның әлемдік интеграциялық процестерге, Еуразия Одағы идеяларын жүзеге асыруға белсене қатысуын ескере отырып қабылдады.

**7 маусым.** Алматыда Қазақстан Фылым академиясының мерейтойлық сессиясы болып өтті. Сессияда сөз сейлеген Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан фылымының калыптасуы туралы айта отырып, академияның өмірге келуі еліміздің дамуымен, оның мәдениетімен, талап деңгейінің өсуімен, жаңа экономикалық, техникалық, мәдени және үйымдық міндеттерді шешуімен байланысты болғанын естен шығармаймыз деп атап өтті.

## 1997 жыл

**1 қаңтар.** Республикалық баспасөзде Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқын Жаңа жылмен құттықтауы жарияланды. "1996 жыл жеті жыл ішінде республикада өндірістің құлдырауын тоқтатудың сөті түсken тұңғыш жыл болды. Оның устіне өткен жылы өнеркәсіп өнімін шығару жарты пайызға үлгайды, ал селодағы өндіріс жеті процентке өсті. Орташа айлық жалақы 7,6 мың теңгеге дейін көтерілді. Жылдық инфляция 1995 жылғы алпыс пайызбен салыстырғанда шамамен отыз пайыз деңгейіне дейін төмендеді. Тәуелсіздіктің соңғы бес жылы ішінде тұңғыш рет біздің екі палаталы Парламентіміз Үкіметпен сындарлы жұмыс істей отырып, жаңа жылдың бюджетін ол басталғанға дейін қабылдады. Көптеген басқа елдерге қарағанда, бұл жылдар-

дың біз үшін азаматтық тыныштық, ұлтаралық тұрақтылық және рухани келісім уақыты болғаны қанағат сезімін туғызбай тұра алмайды. Біздің бәріміз топтасуға, күш-жігерді біріктіруге қаншалықты мұдделі екенімізді түсіндік қой деген сенімдемін. Өйткені біз өз үлесімізге тиғен қыыншылықтарды бір жағадан бас, бір жеңін қол шығара отырып қана жеңе аламыз", – делінген Елбасы құттықтауда.

**6 қаңтар.** "1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстан Халық бірлігі партиясының Орталық Комитеті республиканың барлық саяси партиялары мен қозғалыстарына, барша азаматтарына үндеу жариялады. Онда демократияның баға жетпес байлығын, адамның құқықтары мен бостандығын, жалпы адамзаттық құндылықтарды сақтай отырып, елдегі барлық саяси партиялар мен қозғалыстарға, ілкімді іс-қимылға, көпүлтты Қазақстан халқының өркендеуі мен рухани қайта түлеуіне кедергі келтіретін, сол арқылы қоғамдық келісімді бұзатын, азаматтық құқықтық және демократиялық мемлекет құру жолындағы қоғамның сындарлы қадамын тежейтін митинглер мен шерулерге, шулы басқосуларға, тағы басқа өрекеттерге 1997 жылы шектеу қою жөніндегі ұсыныс айтылған.

**7 қаңтар.** Шетелдерде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы Елбасы Жарлығы баспасөзде жарияланды.

**8 қаңтар.** Жамбыл облысының жергілікті атқарушы органдарының өтінішін және жұртшылығының тілегін ескере келіп, Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы мемлекеттік ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Президент Жарлығымен Жамбыл облысының орталығы – Жамбыл қаласының аты Тараз қаласы болып өзгертилді.

**10 қаңтар.** Бішкекте Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан мемлекетаралық кеңесінің мәжілісі болып өтті. Кездесуде Н. Назарбаев, А. Ақаев және И. Каримов

бастаған үш елдің делегациялары экономикалық, әлеуметтік, мәдени жөне басқа салалардағы интеграциялық процестерді тереңдетуге байланысты, сондай-ақ саяси сипаттағы көптеген мәселелерді талқылады. Үш президент қол қойған құжаттардың ішіндегі ең маңыздысы – Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы жөне Өзбек Республикасы арасындағы мөңгілік достық тура-лы шарт.

**16 қаңтар.** Ресейдің "Независимая газета" басылымында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен журналист Юрий Козловтың сұхбаты жарияланды. Материал "Ресей достастықтың өзегі бола алатын еді, бірақ бола алмады" деген тақырыппен берілген.

**22 қаңтар.** Республика Қауіпсіздік кеңесінің кезекті мәжілісі өтті. Кеңесте Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының тұжырымдамасы туралы мәселе қаралды. Онда елдің сыртқы саясатының конституциялық нормалары жөне Қазақстанды егемен мемлекет ретінде қалыптастырыш, дамытудың Президент белгілеп берген стратегиясының негізгі қағидалары мен принциптері баяндалған.

**27 қаңтар.** Республиканың көптеген кәсіпорындары миллиард теңгеге жуық жалақыны уақытылы бере алмай қалды. Ең ірі қарыздар өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, көлік кешенінде болды. Бұл сала кәсіпорындарының 43,2 пайзызының есепшотында атымен қаржы жоқ. Жалақы мен зейнетакы жөніндегі орасан мол қарызды төлеу, шағын бизнесті дамыту, жекешелендіруді жеделдету мәселелерін талқылаған кеңесте Президент Нұрсұлтан Назарбаев өнгіме өміріміздегі төтенше сырқатты сала жөнінде болып отыр деп атап көрсетті. Зейнетакы төлеу жөніндегі борыштың 31,5 миллиард теңгеге жеткені айттылды. Мұншама қарыз жиналудының негізгі себептері – 1996 жылғы бюджеттің кіріс жөніндегі бірқатар баптарының орындалмай қалуы, зейнетакы қорына жарна жөне салық төлеуден жалтару, банктердің қарыз берудегі кезекті бұзуы, зейнетакы төлеуді заңсыз кешіктіру. Мемлекет басшысының ұсынысы бойынша, облыс, қала жөне аудан

әкімдерін зейнетақы қорын қалпына келтіру жөніндегі түпкілікті шараларды жүзеге асыруға міндеттейтін келісім қабылданды. Мұндай қаржыларды жинау Республика Президентіне тікелей бағындырылатын Мемлекеттік салық комитетіне жүктелді.

**30 қаңтар.** Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Халықаралық экономикалық форумға қатысу үшін Швейцарияның Давос қаласына келді. Форумның ашылуына орай жарық көрген "Уорлдлинк" журналының арнаулы нөмірінде Нұрсұлтан Назарбаевтың портреті басылып, Қазақстан туралы көлемді материал берілді. Форум күндерінде Қазақстан Президенті бірқатар елдердің басшыларымен, әлемге әйгілі компаниялар мен фирмалардың жетекшілерімен кездесті. Давостағы бұл жиынның әлем экономикасы үшін маңызын, осы басқосуға 85 елден еki мыннан астам саясатшылар, ғалымдар, бизнесмендер, журналистер келгенінен-ақ көруге болады.

**6 ақпан.** Бұгінгі республикамыз үшін қоғамның ынтымағынан басқа маңызды ештеңе жоқ. Тек осындаған жолмен ғана жүзден астам ұлттың өкілдері мекендерінде отырған Қазақстанның демократиялық және гүлденген ел етуге болады – Алматыда, Парламент үйінде Мемлекет басшысының саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің, ұлттық-мәдени орталықтардың, діни конфессиялардың жетекшілерімен, саяси қуғын-сүргінге үшырағандар мен оның құрбандарының балаларымен кездесуінде айтылған ойларды осылай түйіндеуге болады.

## 1998 жыл Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы

**10 қаңтар.** Үкімет мүшелерімен және мемлекеттік басқару органдары басшыларымен өткізген кеңесте елдің 1997 жылғы экономикалық дамуының алғашқы қорытындылары қаралды. Кеңесте сөз сөйлеген Президент Н.Ә. Назарбаев қол жеткен жетістіктерді насиҳаттап, қоғамдық пікірді қалыптастыруда белгілі бір жүйенің жоқтығына назар аударды.

**30 қаңтар.** Швейцарияның Давос қаласындағы дүниежүзілік экономикалық форумда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев арнайы баяндама жасап, аймақты дамыту мәселелеріне байланысты сұрақтарға жауап қайтарды. Форум барысында Н. Назарбаев Швейцария Конфедерациясының Президенті Флавио Коттимен, Бразилия Президенті Ф. Энрике Кардозумен және Болгария Президенті Петр Стояновпен кездесу өткізді.

**5 ақпан.** Елдің батыс өңіріндегі үлкен кеніштердің бірі – Жаңажолда газды-турбиналық станция іске қосылды. Ол толық қуатымен жұмыс істеген кезде 48 мегаватт электр жарығымен қамтамасыз етеді. Ақтөбелік мұнайшылар салған бұл станция елдің энергетикалық дербестігінің бастауындей болды.

**18 ақпан.** Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің алқасы ел азаматтарына Үндеу жолдады. Үндеу барлық адамдарды республика халқының алаңсыз өмір сүріп, еңбек етуіне, жаңа қоғам орнатуға кедергі келтіретін келеңсіз құбылыстардың тамырына балта шабу жолындағы барынша батыл әрі ымырасыз күрес жүргізуге шақырады.

**12 наурыз.** Монголия Президенті Нацагийн Багабанди Қазақстанға ресми сапармен келді. Н. Назарбаев пен Н. Багабанди Қазақстан мен Монголияның достық қарымқатынастары мен ынтымақтастығы туралы бірлескен декларацияға қол қойды.

**17 наурыз.** Алматыда Президент Нұрсұлтан Назарбаев мәдениет және ғылым саласының танымал өкілдерімен кездесті. Халықтың тұтастығы мен ұлттық тарих жылында атқарылуға тиіс міндеттерді сарапап көрсеткен Президент қазақтың кешегі кезеңі, бүгіні мен болашағына қатысты қөптеген ордалы ойларын ортаға салды. "Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ – тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық. Халқымыздың туысқандық негізі бойынша атаға бірігу, өмір салтына, шаруашылық жүргізу талабына

орай руга бірігу, жер ыңғайына қарай тайпага бірігу, шексіз даланың жағдайына, саяси институттарды қалыптастырудың, әкімшілік басқарудың қажеттігіне орай жүзге бірігу, мемлекеттік мұдде тұрғысынан ұлтқа бірігу процесі кезең-кезеңімен, эволюциялық жолмен, әлеуметтік сілкініссіз, қақтығыссыз өтті. Бұл – біздің бақытымыз. Оны бағалай білуіміз керек. Ата-бабаларымыз бізге бірліктің, ынтымақтың, тұтастықтың ұлы үлгісін көрсетіп кетті. Қазақтың аргы-бергі тарихының ең ғибратты тағылымы да, міне, осында", – деді Елбасы.

**26 наурыз.** Ташкентте Қазақстан, Қыргызстан және Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық Кенесінің мәжілісі болып өтті. Кенестің сонында Қазақстан Республикасы, Қыргыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы мемлекет басшыларының аймақтық интеграцияны одан әрі терендету туралы мәлімдемесіне қол қойылды.

**15 сәуір.** Бельгия Корольдігінің Премьер-министрі Жан-Люк Де Қазақстанға ресми сапармен келді. Қазақстан мен Бельгия үкіметтері арасында бірқатар құжаттарға қол қойылды.

**22 сәуір.** Жаңа астанадағы Парламент ғимаратында палаталар отырысы тұңғыш рет Құмбезді залда өткізілді. Депутаттар алдында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сез сөйлемді. Елбасы алдағы жұмыста бірінші дәрежелі міндеттерді Қазақстан заңдарының жүйелі жинақталған актілерінің жаңа буынын қалыптастыруды аяқтау болып табылатынын айтты.

**27 сәуір.** Алматыда Қазақстан кәсіпкерлерінің кезекті VI форумы өтті. Форум жұмысына қатысып, сез сөйлеген Президент Нұрсұлтан Назарбаев кәсіпкерлікті дамытуға нендей кедергілер болып отырғанын, оларға Үкімет тарапынан қандай көмек керектігін, сондай-ақ кәсіпкерлердің мемлекет алдындағы жауапкершілігін ұсынды. Өсі күні Президент "Қазақстан Республикасының Шағын бизнесі қолдау жөніндегі агенттігі туралы", "Азаматтар мен заңды тұлғалардың келісілген қызмет еркіндігінде құқығын қорғау туралы" Жарлықтарға қол қойды.

**28 сәуір.** Мәскеуде Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы Мемлекетаралық кеңесінің мәжілісі өтті. Мәжілісте Қазақстан басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың "Қарапайым адамдарға бағытталған қарапайым он қадам" атты мәлімдемесі қолдау тапты.

**6 мамыр.** Астанамыздың аты өзгерді. Президент Нұрсұлтан Назарбаев "Қазақстан Республикасының астанасы – Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы деп атау туралы" Жарлыққа қол қойды.

**11 мамыр.** Экономикалық ынтымақтастық үйымына мүше елдердің мемлекет және үкімет басшыларының бесінші басқосуы өткізілді. Оған Әзіrbайжан, Ауғанстан, Иран, Қырғызстан, Пәкістан, Тәжікстан, Түрік, Түркіменстан, Өзбекстан Республикаларының мемлекет және үкімет басшылары қатысты. Алматыда болған бұл басқосуды үйымның төрағасы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ашты. Басқосудың қорытындысы бойынша Алматы декларациясына қол қойылды.

**2 маусым.** Қазақстан Республикасы астанасының тұсаукесері құрметіне "Астана" естелік медалі тағайындалды.

**8 маусым.** Астанада қазақтың үш ұлы данагәсі – Төле биге, Қазыбек биге, Айтеке биге орнатылған ескерткіш монумент ашылды.

**10 маусым.** Қазақ елінің жаңа ордасы – Астана қаласының халықаралық тұсаукесері өткізілді. Салтанатқа Әзіrbайжан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан, Украина президенттері, Арменияның, Беларусь Республикасының, Қытай Халық Республикасының, Грузия Республикасының, Молдова Республикасының, Саха Республикасының, Татарстан Республикасының мемлекет және үкімет басшылары, көптеген халықаралық үйымдардың өкілдері құрметті қонақ болып қатысты. Төуелсіздіктің жетінші жылында осындай орасан маңызды шешімді жүзеге асыруға халықтың қолдауы, ұлттың үйисқан ынтымағы мүмкіндік бергенін айрықша разылықпен айтты.

**10 қаңтар.** Қазақстан өмірінде аса маңызды саяси оқиға болды. Біздің елімізде тұңғыш рет Президент сайлауы баламалы негізде өтті. Қазақстандағы Президент сайлауы ашық және демократиялық сипатта өтті.

**15 қаңтар.** "1999 жылғы қаңтардың 10-ында болып өткен сайлаудың қорытындыларын анықтау мен жариялау және сайланған Қазақстан Республикасының Президентін тіркеу туралы" Орталық сайлау комиссиясының қаулысы қабылданды. Қаулыда сайлауда Н.Ә. Назарбаевты жақтап 5 846 817 адам дауыс бергені, бұл дауыс беруге қатысқан барлық сайлаушылар санының 79,78 пайызы екендігі айтылған. Сонымен, Қазақстан Республикасының Президенті болып 1940 жылы туған, қазақ, Астана қаласында тұратын Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды деп есептелді және тіркелді.

**20 қаңтар.** Астана қаласында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өз қызметіне кірісу рәсімі – ұлықтау өткізілді.

**21 қаңтар.** Президент жаңа Үкіметтің құруға кірісті. Елбасы Жарлығымен Нұрлан Өтепұлы Балғымбаев Қазақстан Республикасының Премьер-министрі болып тағайындалды.

**22 қаңтар.** Үкіметтің жаңа құрамы Елбасына ант берді.

**12 ақпан.** Президент Жарлығымен "Қазақстан Республикасының Ұлттық Фылым академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі құрылды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Фылым академиясының президенті болып Нағима Әбенқызы Айтқожина тағайындалды. Кезінде Фылым академиясын оның ағасы, Лениндік сыйлықтың лауреаты Мұрат Айтқожин басқарған болатын.

**25 ақпан.** Қазақстанда Ұлттық халық санағы басталды. Осылан орай, Президент Нұрсұлтан Назарбаев республика азаматтарына арнап үндеу жолдады.

**8 сәуір.** Ақмола облысының шекарасы өзгертілді, оған Солтүстік Қазақстан облысының Еңбекшілдер, Зеренді, Щучинск аудандары мен Көкшетау қаласының аумақтары енгізілді. Ақмола облысының өкімшілік орталығы Астана қаласынан Көкшетау қаласына көшірілді.

**12 сәуір.** Алматыдағы Республика Сарайында қазақтың ұлы ғалымы, Қазақстан Фылым академиясының түңғыш президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 100 жылдығына арналған салтанатты жиналыс болып өтті. Салтанатқа қатысқан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев мерейтойы ЮНЕСКО шеңберінде аталып өтіп жатқан Қ.И. Сәтбаевтың сан-салалы ғылым және қайраткерлік қызметіне кеңінен тоқталды.

**23 сәуір.** Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев НАТО-ның 50 жылдығына арналған шараларға қатысу үшін АҚШ астанасына келді.

Нұрсұлтан Назарбаев АҚШ президенті Билл Клинтонмен кездесті.

**28 мамыр.** Алматыда Қазақстан қаржыгерлерінің бірінші конгресі өтті. Оған қатысып, сөз сейлеген Нұрсұлтан Назарбаев қаржыгерлердің Үкіметке қарауға бергелі отырған бағдарламаларын құptады. Елбасы банктер ең алдымен халық сенімін ояту үшін жұмыс істеу көректігін баса айтты.

## 2000 жыл Мәдениетті қолдау жылы

**26 қаңтар.** Мәскеуде ТМД елдері басшыларының кезекті басқосуы болып өтті.

**8 ақпан.** Астанада агрономеркәсіп кешені қызметкерлерінің респубикалық кенесі болып өтті. Кенесте Президент Нұрсұлтан Назарбаев сөз сейледі.

**17 ақпан.** Мәскеуде Кеден одағына қатысушы елдер үкіметтері басшыларының кезекті мәжілісі болып өтті.

**17 наурыз.** Түркістан қаласында қазақтың ұлы ханы Абылайдың сүйегі арулап қайта қойылды.

**8 сәуір.** Бакуде түркі тілдес мемлекеттер басшыларының саммиті өтті.

**15 сәуір.** Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанға жұмыс сапарымен келген АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Мадлен Олбрайтпен кездесті.

**21 сәуір.** Өзбекстан астанасында Қазақстан, Қыргызстан, Тәжікстан және Өзбекстан президенттері кездесіп, терроризмге, діни экстремизмге, есірткі бизнесіне, сондай-ақ үйымдастырылған қылмысқа қарсы қарастырылған мәселелерін талқылады.

**26 сәуір.** Алматыдағы "Анкара" қонақ үйіндегі зерлі заңында "Еуразия – 2000" экономикалық саммиті өз жұмысын бастады.

**22 мамыр.** Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ресми сапарымен Беларусь Республикасының астанасы – Минск қаласына келді. Елбасы Беларусь Президенті А. Лукашенкомен кездесті.

**15 маусым.** Қазақтың аса көрнекті жазушысы Сәбит Мұқановтың ғасырлық тойы қаламгердің туган жерінде тойланды. Мерейтойдың қорытынды салтанатына Президент Нұрсұлтан Назарбаев қатысты.

**21 маусым.** Мәскеуде ТМД елдері басшылары Мемлекетаралық кеңесінің кезекті мәжілісі болып өтті.

**26 маусым.** Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Бельгияға және Францияға ресми сапары жасалды.

**3 шілде.** Караганды металлургия комбинатында қазақстандық тұцфыш шойын балқытылғанына 40 жыл толды. Оған сол кездегі жас металлург Нұрсұлтан Назарбаев тақтысқан.

**4 шілде.** Қазақстанның алдынан аса жарқын көкжиек ашылды. Атырау облысындағы Шығыс Қашаганнан мұнайдың орасан мол қоры табылды. Бұл жаңалықты айдай әлемге Президент Нұрсұлтан Назарбаев жария етті.

**5 шілде.** Душанбеде "Шанхай бестігіне" қатысушы елдер Мемлекет басшыларының кезекті саммиті болып өтті.

**6 шілде.** Қазақстан Республикасының тұцфыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев алпыс жастың асқарына көтерілді.

**31 шілде.** Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы құрмет дипломдары тағайындалды. Дипломға қоса кеудеге тағатын белгі берілетін болды.

**6 қыркүйек.** Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Біріккен Ұлттар Ұйымының Мыңжылдық Саммитінде сөз сөйлемді.

## 2001 жыл

**30 қантар.** Астанада өкімдердің республикалық кеңесі болып етті. Кеңесте сөз сөйлеген Президент Н. Назарбаев Тәуелсіздіктің он жылдығы жылында экономиканы өркендешту, халықтың тұрмысын жақсарту тұрғысында барлық деңгейдегі өкімдердің алдына қойылатын міндеттерді сарапал берді. Елбасы өкімдердің алдына 2001 жылға арналған 11 нақты міндет қойды

**30 наурыз.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық және әлеуметтік саясатының негізгі бағыттары және экономикалық көрсеткіштерінің болжамы жөніндегі мөлімдемесі жарияланды.

**14 сәуір.** Алматы облысының орталығы Алматы қаласынан Талдықорған қаласына көшпірліді.

**11 мамыр.** Елордада қазақ халқының азаттығы жолындағы ұлы күрескер – Қенесары ескерткіші ашылды.

**18 мамыр.** Аты әлемге әйгілі Күлтегін ескерткішінің көшпірмесі қазақ елінің ордасы – Астана қаласына жеткізілді. Бұл қазақ халқы үшін "елдік пен ерліктің ерекше ескерткіші" деп аталды.

**19 маусым.** Тәуелсіздік тойына тамаша тарту жасалды. 184,5 шақырымдық Ақсу – Дегелен әлемінде Қостанай өңірінде Қызыл Октябрь – Дөң теміржолының алғашқы табаны төсөлді. Ол жолдың ұзындығы 450 шақырымнан аспақ.

**29 маусым.** Елбасы жарлығымен 2007 жылға дейін кезеңге "Астана – жаңа қала" арнағы экономикалық аймағы құрылды.

**3 қыркүйек.** Президент Н. Назарбаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында елдегі жағдайды және 2002 жылғы ішкі жөне сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын баян ететін Қазақстан халқына Жолдауын арнады.

**22 қыркүйек.** Рим папасы Иоанн Павел II Қазақстанға мемлекеттік сапары басталды. Бұл Рим епископы, Файсаның жердегі ізбасары, Апостолдар князының мұрагері, әлем шіркеуінің Жоғарғы Бас пірі, Ватикан шаһары мемлекетінің басшысы, Шапағатты өкейдің Орталық Азия жеріне түңғыш рет келуі болатын.

**20 қазан.** Еліміз өз тәуелсіздігінің он жылдығын атап өтіп жатқан жылы тың игергеннен бергі ең бітік егін – гектарына 14 центнерден астам орташа түсім жағдайында 18 млн. тоннадан артық астық өндіріліп, жинап алынды.

**24 қазан.** Қазақстан халықтары Ассамблеясының 8-сессиясы болып өтті.

**6 қараша.** ҚР Ұлттық Фылым академиясының ел тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған сессиясы болып өтті. Сессияда Президент Н. Назарбаев сөз сейледі.

**30 қараша.** Мәскеуде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылуының 10 жылдығына арналған мерекелік саммит өтті.

**10 желтоқсан.** Елордада тәуелсіздік тойының қарсанаңдағы Атаулы апталық басталды. 1-ші күні Астана күні деп аталды. Осыдан дөл 4 жыл бұрын Қазақ елінің астанасы Арқа төсіне көшіп келген болатын. 11 желтоқсан – Шежіре күні, 12 желтоқсан – Отан күні, 13 желтоқсан – Бірлік күні, 14 желтоқсан – Патриоттар күні, 15 желтоқсан – Жастар күні деп аталды. Бұл күндері атауларына сай жоғары деңгейдегі арнайы шараптар өткізілді. Астана күнінде Мемлекет басшысы елордадағы жаңа нысандарда болды.

**16 желтоқсан.** Қазақ елі өзінің алғашқы мерейтойын – Тәуелсіздіктің 10 жылдығын атап өтті. Астанадағы Конгресс-холда ҚР-ның Мемлекеттік Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған салтанатты мәжіліс өткізілді. Мәжілісте

Президент Н.Назарбаев баяндама жасады. Қазақстан аты азат ел өзінің тәуелсіздік тарихының жаңа белесіне аяқ басты. Тарих көпі тағы алға тартты.

## Бүгінгі Қазақстан: дерек пен дәйек

**Елбасы Жарлығымен 2002 жыл – "Денсаулық жылы" деп жарияланды.**

Жыл барысында Қарағандыда аса маңызды бірнеше әлеуметтік-экономикалық нысандар іске қосылды. Олар – Теміртаудағы металлургия комбинатындағы үшінші домна пеші, Нұрқазған кеніші, Жауыртаудағы шаңғы спорты базасы, Шахтер стадионы, Орталық әскери округ штабының ғимараты.

**2002 жылы 21-22 қыркүйекте Рим папасы Иоанн Павел II Қазақстанға арнайы сапармен келді.**

**2002 жылы 23-24 қазанда Түркістанда Дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайы өткізілді.**

**2002 жыл 5 маусым.** Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы шықты.

**2003-2005 жылдар Елбасы Жарлығымен "Ауыл жылдары" деп жарияланды.**

**2003 жыл.** Ресейдегі Қазақстан жылы болып, ол достық, жасампаздық, бауырластық, туыстыққа жол ашты.

**2003 жыл 15 сөүір.** ҚР Президенті Н. Назарбаев пен РФ Президенті В. Путин Омбы қаласында шекаралас аймақтардың форумына қатысты.

**2003 жыл 10 шілде.** ҚР Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекет бағдарламасы туралы қаулы қабылданды.

**2003 жыл 15 тамыз.** Қазақстанның 2030 жылдарға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан ары шаралар туралы жарғысы шықты.

**2003 жыл 23-24 қыркүйек.** Әлемдік және дәстүрлі – ұлттық діндер съезі болып өтті. ҚР Президенті Н.Назарбаев төрағалық етті.

2003 жыл 20 қыркүйек. Жергілікті мәслихаттар депутаттарының сайлау болып өтті.

2003 жыл 16 қазан. Астанада Азаматтық форумның бірлескен мәжілісі болып, Н. Назарбаев сез сейледі. Билік және азаматтық институттардың байланыстары мен қарым-қатынасты дамыту жолдарын талқыладап, еліміздегі үкіметтік емес үйімдардың өкілдеріне үндеу қабылдады.

2003 жыл 12-15 тамыз. Атырауда Махамбет Өтемісұлының 200 жылдық тойы ЮНЕСКО қөлемінде атальп өтті.

2003 жыл 13 желтоқсан. Астанадағы Конгресс-холда Төユелсіздіктің 12 жылдығына арналған салтанатты жиналыш болып, онда Н.Ә. Назарбаев баяндама жасады.

2003 жыл 15-16 желтоқсан. Бұл күндерде Мәскеуде  
Казақстан халықтары Ассамблеясының күндері өтті.

2003 жыл 22 желтоқсан. Кремльде Ресей Президенті В.В. Путин 2004 жыл – Қазақстандағы Ресей жылы екендігін мәлімдеді.

2004 жыл

**2004 жыл 10 қаңтар.** Қазақстан-Ресей қарым-қатынасының жаңаша сипатта дамуына екі ел басшыларының кездесулері мен келіссөздері негіз болды.

2004 жыл 13 қаңтар. 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

**2004 жыл 6 ақпан.** Астанадағы Конгресс-холда тыңжәне тыңайған жерлерді игерудің басталғанына 50 жыл толуына арналған салтанатты жын болып өтті. Оны Премьер-министр Даниал Ахметов қысқаша кіріспе сезбен апты. Жында Н.Ә. Назарбаев баяндама жасады.

2004 жыл 19 наурыз. "Бөсекеге қабілетті Қазақстан үшін, Бөсекеге қабілетті экономика үшін, Бөсекеге қабілетті халық үшін" деген ел президентінің Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды.

**2004 жыл 11 маусым.** КР Тұрғын үй құрылышын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жасалды.

**2004 жыл 31 тамыз.** ҚР өлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы қаулы қабылданды.

**2004 жыл 9 қыркүйек.** Астанада Ресей мен Қазақстан басшылары Қазақстандағы Ресей жылының басталғанын жариялады.

**2004 жыл 11 қазан.** ҚР білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шықты.

## **2005 жыл**

**2005 жыл 18 ақпан.** "Қазақстан экономикалық, өлеуметтік және саяси жедел жақару жолында", – деген ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы шықты.

**2005 жыл 3 мамыр.** ҚР мемлекеттік қызметкерлерінің ар-намыс кодексі туралы Жарлығы шықты.

**2005 жыл 6 мамыр.** Астанада Ұлы Жеңістің 60 жылдық мерейтойына арналған мерекелік шараптар өтті. Жеңіс шеруіне қатысу үшін барлық облыстардан келген, кеуделері орден-медальға толы ардагерлер мен тыл еңбеккерлері елорданы өзгеше салтанатқа бөлеп жіберді.

**2005 жыл 7 мамыр.** Жеңіс шеруі өтті.

**2005 жыл 1 қыркүйек.** Сенат пен Мәжілістің бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев Парламенттің екінші сессиясында сөз сөйлемді. Президент атқарылған істерге талдау жасап, алдағы міндеттерді тұжырымдады.

**2005 жыл 6 қыркүйек.** АҚШ-тың Президенті Билл Клинтон Алматыға келді. Кездесу екі мемлекеттің байланыстары мен келешегіне қатысты болды.

**2005 жыл 7 қыркүйек.** ҚР Парламентінің Мәжілісі "ҚР Президентінің кезекті сайлауын хабарлау туралы" қаулы шығарып, ҚР Президенті сайлауы 2005 жылы 4 желтоқсанда болатынын хабарлады.

**2005 жыл 9 қыркүйек.** Алматыда өткен Республикалық "Отан" партиясы кезектен тыс сегізінші съезі алдағы Президент сайлауына қазіргі елбасы Н.Ә. Назарбаевтың кандидатурасын бірауыздан ұсынды.

**2005 жыл 28-30 қыркүйек.** Астанада Дүниежүзі қазактарының үшінші құрылтай болып өтті. Әлемнің 32 елдерінен келген қандастарымыз төуелсіздік жылдарында Қазақстан қол жеткізген толағай табыстарға қанығып, жаңа елордамыз – Астана қаласының өсін-өркендеген келбетін өз көздерімен көрді. Құрылтай делегаттары дүние жүзіне шашырып кеткен қазақтардың мәселелерін жанжақты талқылап, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың толғақты ойлары мен толғанысқа толы сөзін тыңдады.

**2005 жыл 22 қараша.** Астанада Қазақстан халықтары Ассамблеясының 11 сессиясы болып өтті. Ол еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің, тұрақтылық пен достықтың қуатты іргетасына айналған Ассамблеяның 10 жылдығына арналды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев бағдарламалық сөз сөйледі.

**2005 жыл 4 желтоқсан.** Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы болып өтті.

## Тест сұрақтары (жоба)

- 1. Тәуелсіздік Монументі қашан жөне қай қалада тұрғызылды?**  
А) 1987 жылы Ақмолада;      В) 1994 жылы Қарағандыда;  
Б) 1991 жылы Жамбылда;      Г) 1997 жылы Алматыда.
  
- 2. Астананы Ақмолага көшіру туралы Жарлық қашан қабылданды?**  
А) 5 ақпан 1998 жылы;      В) 10 маусым 1999 жылы;  
Б) 20 қазан 1997 жылы;      Г) 15 қаңтар 2000 жылы.
  
- 3. Адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас туралы жинақталған ғылым:**  
А) құқықтану;      В) өлеуметтану;  
Б) саясаттану;      Г) мәдениеттану.
  
- 4. Платонның түсінігі бойынша, күшпен басып алынатын мемлекет түрі:**  
А) демократия;      В) тирангия;  
Б) олигархия;      Г) аристократия.
  
- 5. Зан шыгаратын билік түрі қалай аталады?**  
А) парламент;      В) сот;  
Б) атқарушы;      Г) президент.
  
- 6. Халық билігі, тендер, құқық, әділдік, еркіндік принциптеріне негізделген мемлекеттік құрылыш қалай аталауды?**  
А) тоталитаризм;      В) авторитарлық;  
Б) демократия;      Г) тимократия;
  
- 7. Мемлекет ең алғаш қай формацияда пайда болған?**  
А) алғашқы қауымдық      В) феодалдық құрылышта;  
құрылышта;  
Б) құл иеленушілік      Г) капиталистік құрылышта;

8. "Демография-2000" бағдарламасының мақсаты неге?

- А) Байлықты өсіру;
- Б) Тұрмыс- жағдайды жақсарту;
- В) Адам санын өсіру.

9. Тұңғыш әлем қазақтарының съезі қайда және қай жылды өтті?

- А) 1991 жылы Стамбулда;
- Б) 1992 жылы Алматыда;
- В) 1992 жылы Атырауда;
- Г) 1993 жылы Түркістанда.

10. Ақмола қаласының аты қай уақыттан бастап Астана қаласы деген атқа өзгертілді?

- А) 6 мамыр 1998 ж.;
- Б) 5 қыркүйек 1999 ж.;
- В) 20 қазан 1997 ж.;
- Г) 15 қаңтар 2000 ж.;

11. ҚР Тәуелсіздігі туралы Декларация қашан қабылданды?

- А) 25 шілде 1995 ж.;
- Б) 16 желтоқсан 1993 ж.;
- В) 24 ақпан 1990 ж.;
- Г) 25 қазан 1990 ж.;

12. ҚР Парламенті неше палатадан тұрады?

- А) 3.
- Б) 2.
- В) 1.
- Г) 4.

13. ҚР қашан БҮҰ-на мүшелікке кірді және бірінші өкілі кім болған?

- А) 1989 ж. Қ. Тоқаев.
- Б) 1990 ж. О. Сүлейменов.
- В) 1991 ж. Е. Ыдырысов.
- Г) 1992 ж. А. Арыстанбекова.

14. Ұлттық валюта – теңге қашан енгізілді?

- А) 1993 ж. қарашада;
- Б) 1994 ж. қазанда;
- В) 1996 ж. қаңтарда;
- Г) 1992 ж. сәуірде.

15. "Невада-Семей" қозғалысы қашан құрылды, кім үйімдестырды?

- А) М. Шаханов, 1988 ж.;
- Б) О. Сүлейменов, 1989 ж.;
- В) А. Асылбеков, 1987 ж.;
- Г) М. Әуезов, 1990 ж.;

**16. ҚР-ның тұңғыш Конституциясы қашан қабылданды?**

- А) 25 қыркүйекте 1995 ж.      В) 28 қаңтарда 1993 ж.  
Б) 16 қаңтарда 1992 ж.      Г) 30 шілдеде 1995 ж.

**17. Тұңғыш ядролық сынап қашан және қай жылы болды?**

- А) Жетісуда, 1946 ж.      В) Оралда, 1946 ж.  
Б) Ақтөбеде, 1948 ж.      Г) Семейде, 1949 ж.

**18. Желтоқсан оқиғасына қатысуышыларынан "Халық қаһарманы" атағын кім алды?**

- А) Л. Асанова.      В) Т. Рысқұлбеков.  
Б) Е. Сыпатаев.      Г) Ф. Мұратбаев.

**19. "Алаш" партиясының төрағасы болған адам кім?**

- А) Т. Рысқұлов.      В) М. Шоқай.  
Б) А. Бекейханов.      Г) А. Байтұрсынов.

**20. Қазақстанның қай қаласында үкіметтің әлеуметтік саясатына ашық наразылық көрсетілді?**

- А) Ақмолада.      В) Қарағандыда.  
Б) Теміртауда.      Г) Алматыда.

**21. "Алаш" партиясының қарсыластары кімдер болған?**

- А) Анархистер.      В) Меньшевиктер.  
Б) Большевиктер.      Г) Кадеттер.

## Пайдаланылған өдебиеттер:

1. Капесов Н.К., Козменко В.М., Булуктаев Ю.О., Чакенов Е.Д. Основы политологии. – А., 1995.
2. Булатова А.Н., Исмаганбетова З.Н. Политология. – А., 1998.
3. Козлов Г.Я., Булуктаев Ю.О. Политология. – А., 1995.
4. Д.А. Жамбылов. Саясаттану негіздері. – А., 1998.
5. Н.Ә. Назарбаев. Фасырлар тоғысында. – А., 1996.
6. Григорьев В.К. Курс лекций по политологии. – А., 1997.
7. Нысанбаева А.Н. Политология. – А., 1998.
8. Е.С. Қуандық. Саясаттану негіздері. – А., 2000.
9. Қ. Жұкешов, О. Лактионова, Г. Бейсебекова. Адам. Қоғам. Құқық. – А., 2005.
10. Н. Р. Құнқожаев. Адам және қоғам. – А., 2004.
11. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. – А., 1992.
12. Ә. Нысанбаев, Т. Әбжанов. Ой, ақыл, адамгершілік. – А., 1994.
13. Әлеуметтану. – А., 1992.
14. Тощенко Ж.П. Социология. – М., 1994.
15. Қазақстан тарихының очерктері. – А., 1993.
16. Маркович Д. Общая социология. – М., 1984.
17. Купцов В.И. Человек и общество. – М., 1994.
18. Е. Қуандық. "Ақиқат" журналы. Қазақстандағы көшпартиялық. №6, 1998.
19. Журнал "Экономика, финансы, рынки". Чеботарев А. "Кто есть в партийной среде Казахстана".
20. "Сөз" газеті. – 2003, 28 қаңтар, 19 қараша, 3 жетекшісінан.
21. "Астана ақшамы" газеті. – 1998, 17-20 қараша.
22. "Азат" газеті. – 2004, 25 ақпан.
23. "Саясат" журналы. – № 12, 2000. Р.С.Тажитаева. "Саяси құндылықтарды зерттеудің теориялық-методологиялық мәселелері".
24. "Саясат" журналы. – № 1, 2000. Р. Арын. "Үлттық сана мен саясатқа кім және не өсер етеді?"

25. "Саясат" журналы. – № 2-3, 2000. Н.С. Нысаналина. "Қазақ-түрік қатынастары".
26. Журнал "Саясат". – № 4-5, 2000. Ж.Ж. Молдабеков, Р.Ш. Қасымова. "Национальная политика".
27. "Саясат" журналы. – № 10-11, 2000. Ф.Ә. Жұмасултанаева. "Елуінші жылдардағы саясат".
28. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – А., 1998.
29. Қазақстан Республикасының білім туралы заңы. – А., 2000.
30. Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңы. – А., 2000.
31. "Үкімет жаршысы" журналы. – № 1-12, 2001. "Тәуелсіздік шежіресі".
32. Е. Шаймерденұлы. "Елтану әліппесі". – Алматы, 1998.
33. "Отан" Республикалық саяси партиясының жаршысы. – А., 2002.
34. "Асар" Республикалық саяси партиясының бағдарламасы. – А., 2004.
35. "Ақ жол" Қазақстанның демократиялық партиясының бағдарламасы. – А., 2003.

## МАЗМУНЫ

Түсінік хат.....	3
№1 Дәріс. Саяси ілім пәні, оның негізгі түсініктері мен категориялары.....	5
№2 Дәріс. Саяси ойлар және қазіргі кездегі саяси мектептердің тарихы.....	12
№3 Дәріс. Саясат.....	26
№4 Дәріс. Саяси билік.....	30
№5 Дәріс. Демократия.....	39
№6 Дәріс. Саяси жүйе.....	53
№7 Дәріс. Мемлекет.....	63
№8 Дәріс. Саяси партиялар және партиялышқы жүйе.....	77
№9 Дәріс. Қоғамдық ұйымдар және қоғамдық қозғалыстар.....	97
№10 Дәріс. Саяси жүйедегі адам.....	111
№11 Дәріс. Саяси өрекет мәні, мақсаттары, өдісі және амалдары.....	119
№12 Дәріс. Тоталитаризмнен демократиялық қоғамға өтудегі мәселелер.....	125
Семинар сабактары.....	131
Қосымша материалдар.....	133
Тест сұрақтары.....	207
Пайдаланылған әдебиеттер.....	210

**«Көсіптік білім» сериясы**

**Рахымбаева Айжан Сагатқызы**

**Саясаттану**

**Дәрістер жинағы**